



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

#ESG
#SUSTAINABILITY
#HUMAN RIGHTS

HUMANIZING

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ENERGY 2022

АДАМДАРДЫҢ ЭНЕРГИЯСЫНАН ШАБЫТ АЛЫП

МАЗМҰНЫ

Есеп туралы	14
Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	16

Басқарма төрағасының үндеуі	18
Компания туралы	21

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі	33	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	53
Компанияның стратегиясы және негізгі нәтижелері	45	Бастамалар мен мүшеліктер	56
Орнықты дамуды басқару	49	Компанияның ОДМ-ға қол жеткізуге қосқан үлесі туралы	61
Біздің орнықты дамуды басқару тәсіліміз.....	49	ESG тәуекелдерін басқару	66
Есептің маңызды тақырыптары	52	Цифрлық даму	70

БІЗДІҢ АДАМДАР ЖӘНЕ ҚАТЫСУ АЙМАҚТАРЫН ДАМУ

Біздің басқару тәсіліміз	73	Адам құқықтарын сақтау және әлеуметтік қолдау	83
Жұмыспен қамту	75	Әдеп және адалдық	84
Персоналды дамыту	78	Әлеуметтік тұрақтылық	88
Қызметкерлердің тең мүмкіндіктері мен уәждемесі	82	Біздің қауымдастықтар	92

ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Біздің басқару тәсіліміз	99	Жұмыс алаңдарын жабу және топырақ құнарлығын қалпына келтіру	122
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау	104	Теңіз ұңғымаларын басқару	123
Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл	107	Мұнай төгілуінің алдын алу және жою	123
Өндірістік санитария және еңбек гигиенасы	109	Биоәртүрлілікті сақтау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қолдау	126
Қоршаған ортаны қорғау	111	Экологиялық менеджмент мәселелері бойынша персоналды оқыту	131
Атмосфералық ауаны қорғау	112	Жоспарланған шаруашылық қызметті экологиялық бағалау	132
Шикі газды ұтымды пайдалану	114	Қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл	133
Су ресурстарын қорғау және суды ұтымды пайдалану	115	ҚМГ-дағы Жасыл кеңсе тұжырымдамасы	134
Қалдықтарды өңдеу және топырақ құнарлығын қалпына келтіру	118		

ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ

Компаниядағы төмен көміртекті саясат	139
Энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеу	144
Жаңартылатын энергия көздері	148
Күкіртсіздендірудің қосымша шаралары	148

ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК

Құрылған және бөлінген экономикалық құн.....	152
ҚМГ Салықтық есеп саясаты	153
Инвестициялық жобалардың іске асырылуы.....	156
Сатып алу тәжірибесі	162
Экологиялық заңнама талаптарына сәйкестік	164

ҚОСЫМШАЛАР

Тәуелсіз тексеру туралы есеп	168
1-қосымша. Есептілік шекаралары, өзгерістер, ескертпелер	170
2-қосымша. Экологиялық индикаторлар	173
3-қосымша. Әлеуметтік индикаторлар	176
4-қосымша. GRI Content Index мазмұнының көрсеткіші	177
5-қосымша. Терминдер мен анықтамалар	190
Байланыс ақпараты	195



ЕСЕП ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

HUMANIZING ENERGY 2022

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Біздің қызмет өз елінің игілігі үшін күнделікті еңбек ететін және біздің Компанияның қозғаушы күші мен ең құнды активі болып табылатын қызметкерлеріміздің энергиясына негізделген.

Адамдардың энергиясысыз жоғары жетістіктер мен нәтижелер болмайды, сол себепті біз есебімізде біздің адамдардың энергиясы бізге экономикалық әл-ауқатты арттыруға, әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал тигізуге және қоршаған ортаны сақтау үшін жауапты болуға мүмкіндік беріп, Компанияның, қоғамның және елдің дамуына қалай әсер ететінін көрсетеміз.

ҚМГ орнықты дамуы туралы есептер ҚМГ веб-сайтында электронды және интерактивті форматта мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде қолжетімді.



МҰНАЙ МЕН ГАЗ ӨНДІРУ

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР







2-1, 2-6, 2-7



**Абылайхан Асқарұлы
ЖҰМАҒАЗИЕВ**

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұңғымаларды зерттеу бойынша үздік операторы

«Үздік маман – 2022» кәсіптік конкурс қорытындысы бойынша бірінші орын



МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

2-1, 2-6, 2-7




Рысбек Ғаниұлы СӘРСЕНҒАЛИЕВ

«КазТрансОйл» АҚ-ның технологиялық жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша үздік слесарь


«Үздік маман – 2022» кәсіптік конкурс қорытындысы бойынша бірінші орын




ҚМГ ҮЛЕСІНЕ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ¹, мың тонна



ТЕҢІЗДЕ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, мың тонна



МҰНАЙДЫҢ ЖҮК АЙНАЛЫМЫ², млн тонна *км



- КазТрансОйл (100%)
- Қазақстан-Қытай Құбыры (50%)
- МұнайТас (51%)
- Каспий Құбыр Консорциумы (20,75%)

- Каспий өңірінде мұнай тасымалдау көлемі
- Қара және Жерорта теңіздерінде мұнай тасымалдау көлемі

1 Мұнай тасымалдау көлемі ҚМГ (ҚТО-ны қоспағанда) операциялық үлесі ескеріле отырып, әрбір жеке құбыр компаниясының тасымалдаудың шоғырландырылған көлемін қамтиды. Мұнай көлемінің бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдауы мүмкін және сәйкесінше бұл көлемдер мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бір реттен артық есепке алынады.

2 Әрбір жеке құбыр компаниясының мұнай жүк айналымы ҚМГ операциялық үлесін ескере отырып қабылданды (ҚТО қоспағанда).



ӨҢДЕУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР


2-1, 2-6, 2-7



МҰНАЙ ӨҢДЕУ,
 мың тонна



**ҚР-ДА ӨНДІРІЛГЕН ҚМГ
 МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН
 КӨТЕРМЕ САУДАДА
 ӨТКІЗУ,** мың тонна



СЕРВИС



ЖЕР ҮСТІ КӨЛІГІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖҮКТЕР МЕН ЖОЛАУШЫЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ, КЕН ОРЫНДАРЫНА КӨЛІКТІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ;



ТЕҢІЗ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ҚОЛДАУ;



МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ҰҢҒЫМАЛАРЫН БҰРҒЫЛАУ ЖӘНЕ ИГЕРУ.



ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ЖЕРАСТЫ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ;



МҰНАЙ-ГАЗ ЖАБДЫҚТАРЫН ӨНДІРУ;



ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ;



ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫНА, АВТОМАТИКА ЖӘНЕ ТЕЛЕМЕХАНИКА ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, МҰНАЙ КӘСІПШІЛІКТЕРІНДЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ, РАДИОБАЙЛАНЫС, КӘБІЛДІК ЖӘНЕ СПУТНИКТІК ТЕЛЕДИДАР ҚЫЗМЕТТЕРІН ҰСЫНУ; ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫН ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ; КҮЗЕТ СИГНАЛИЗАЦИЯСЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ;



МҰНАЙ ТӨГІЛУІНЕ ДЕН ҚОЮ СЕРВИСІ;



АУЫЗ СУДЫ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ, ТЕҢІЗ СУЫН ТАСЫМАЛДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ;



ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ Т.Б.



**Ринат Салихұлы
 БЕКҚАЙЫРОВ**

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-нің компрессорлық қондырғылардың үздік машинисі

«Үздік маман – 2022» кәсіптік конкурс қорытындысы бойынша екінші орын

Е – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

2-1, 2-6, 2-7





Арайгүл Кемесайқызы
КЕМЕСАЙ

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның үздік химиялық талдау зертханашысы



«Үздік маман – 2022» кәсіптік конкурс қорытындысы бойынша бірінші орын





СУ АЛУ, млн м³


ІЛЕСПЕ МҰНАЙ ГАЗЫН КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ДЕҢГЕЙІ, %

CO₂ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, млн тонна





ТАРИХИ ҚАЛДЫҚТАР КӘДЕГЕ ЖАРАТЫЛДЫ, мың тонна





³ 6,7 т CO₂ верификацияланды, квоталанбаған қондырғылардан 0,2 мың тCO₂-ні компания дербес есептейді.


Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен ҚМГ арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында ММГ, ӨМГ және ҚБМ келісімшарттық аумақтарында қалдықтарды кәдеге жарату және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.



ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ, мың ГДж

МҰНАЙ ТӨГІНДІЛЕРІНІҢ КӨЛЕМІ, тонна



⁴ 2022 жылы энергия үнемдеу көрсеткішінің ұлғаюуы 2020–2021 жылдары жүргізілген энергия аудитінің ұсынымдарына сәйкес 2022–2027 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырумен байланысты.

S – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ҚТ ЖӘНЕ ЕҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

2-1, 2-6, 2-7




Лаура МҰРАТҚИЗИ


«Қазгермұнай» БК» ЖШС-нің үздік химиялық талдау зертханашысы

«Үздік маман – 2022» кәсіптік конкурс қорытындысы бойынша үшінші орын


ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ, млрд теңге



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІң ТҰРАҚТАМАУЫ, %




Жынысы бойынша бөліністе, %



ЖҰМЫСКЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ LTIR ЖӘНЕ FAR КОЭФФИЦИЕНТІ



БІР ЖҰМЫСКЕРГЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ САФАТТАРДЫҢ ОРТАША ЖЫЛДЫҚ САНЫ



G – БАСҚАРУ

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

2-1, 2-6, 2-7




**Сырым Тәуелбайұлы
ІЗҒАЛИЕВ**

«Қаражанбасмұнай» АҚ-ның электр жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша үздік электромонтер


«Үздік маман – 2022» кәсіптік конкурс қорытындысы бойынша бірінші орын




ESG ТӘУЕКЕЛ РЕЙТИНГІ



⁵ 31.12.2022 ж. жағдай бойынша.




САЛЫҚТАР⁶, млрд теңге



⁶ Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер.




ПАЙДА⁷, млрд теңге




⁷ ҚЕХС стандарттарына сәйкес ҚМГ көрсеткіштері Кашаған Б.В-дегі ҚМГ 100% үлесі ескеріле отырып қайта есептелді.



САТЫП АЛУ, млрд теңге



САТЫП АЛУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ, %



ЕСЕП ТУРАЛЫ

2-14, 2-3, 2-5, 3-1

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) орнықты даму саласындағы өз қызметі туралы есептілікті дайындауды 2008 жылдан бастап жыл сайынғы негізде жүргізіп, 2012 жылдан бастап есептілікті Жаһандық есептілік бастамасына (Global Reporting Initiative – GRI) сәйкес жариялап келеді.

Мүдделі тараптар алдында өз қызметінің айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ жыл сайын орнықты дамуға, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық жауапкершілікке өзінің көзқарасын жариялайды.

Осы Есеп Global Reporting Initiative Sustainability Reporting Standards орнықты даму саласындағы есептілікті дайындау жөніндегі халықаралық стандарттарға, сондай-ақ GRI 11: Oil and Gas Sector 2021 мұнай-газ компанияларына арналған салалық қосымшаға сәйкес (in accordance) **дайындалды.**

ҚМГ есебінің сыртқы тексерушісін таңдау «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының Сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39101813) және Конкурстық келіссөздер жүргізу арқылы тендерді сатып алу туралы шешімнің негізінде жүзеге асырылады. 2021 жылдың 12 мамырында өткізілген 2021–2025 жылдарға арналған қызметтерді сатып алуды іріктеу рәсімінің нәтижесінде ҚМГ мен «Эрнст Энд Янг – Кеңестемелік Қызметтер» ЖШС GRI халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған Есепті тексеру бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасты. Тексеру қорытындысы осы Есептің 168-бетінде берілген.

Есепте 2022 күнтізбелік жылға арналған ҚМГ және оның еншілес және тәуелді ұйымдары туралы шоғырландырылған ақпарат ұсынылған (есепте – ҚМГ, Компания, Компаниялар тобы деп аталады).

Есептің шекаралары дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарын, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы заңды тұлғаларды қамтиды (бөлімдер бойынша Есептілік шекараларының егжей-тегжейлі сипаттамасы есепке 1-қосымшада берілген).

Компания қызметінің қаржылық және өндірістік нәтижелері Компанияның тиісті блоктарының ұйымдастырушылық қолдауымен Компанияның шоғырландырылған деректері пайдаланыла отырып ұсынылған. Осы Есепті дайындау кезінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша жасалған ҚМГ басқарушылық және аудиттелген қаржылық есептілігі пайдаланылды.

Есепті дайындау процесі, маңызды тақырыптарды айқындау және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу туралы «Орнықты дамуды басқару» бөлімінде толығырақ айтылған.

Көрсеткіштер бойынша деректерді салыстыру және салыстырмалау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ақпарат бірнеше жыл ішіндегі динамикада ұсынылған.

ҚМГ Орнықты дамуы туралы есебі ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі және корпоративтік интернет-сайтта жариялау және баспа нұсқасын тарату арқылы мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі.

ҚМГ-ның Орнықты дамуы туралы есептер электрондық форматта мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ҚМГ веб-сайтында қолжетімді: <https://www.kmg.kz/ru/investors/reporting/>.



Орнықты даму саласындағы халықаралық бастамаларды басшылыққа ала отырып, ҚМГ БҰҰ Жаһандық шартының (бұдан әрі – БҰҰ ЖШ) қағидаттарын ұстанады және өз қызметіне Орнықты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ОДМ) интеграциялайды.



БҰҰ ЖАҒАНДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Адам құқықтары	1-қағидат	Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуге тиіс.
	2-қағидат	Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.
Еңбек қарым-қатынастары	3-қағидат	Іскерлік топтар бірігу еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс.
	4-қағидат	Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою үшін әрекет етуге тиіс.
	5-қағидат	Іскерлік топтар балалар еңбегін толық жоюды қолдауы тиіс.
	6-қағидат	Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.
Қоршаған орта	7-қағидат	Іскерлік топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс.
	8-қағидат	Іскерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.
	9-қағидат	Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	10-қағидат	Іскерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.

2006 жылдан бастап ҚМГ БҰҰ ЖШ мүшесі және белсенді қатысушысы болып табылады және БҰҰ ЖШ он қағидатына және 17 ОДМ-ға адалдығын қолдайды.



Компанияның орнықты дамуы туралы жыл сайынғы есеп БҰҰ Жаһандық шарты шеңберіндегі ілгерілеу туралы біздің хабарламамыз болып табылады <https://www.unglobalcompact.org/what-is-gc/participants/6810>



ТҰРАҚТЫ БИЗНЕС ТЕПЕ-ТЕҢДІГІН САҚТАУ

2-22



Құрметті оқырмандар,

Сіздердің назарларыңызға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2022 жылға арналған орнықты дамуы туралы есепті ұсынамын.

2022 жыл біз үшін мұнай өнеркәсібі тарихындағы мерейтойлық жыл ғана емес, сонымен бірге қызметкерлеріміз бен біз жұмыс істейтін қауымдастықтардың әл-ауқаты үшін жауапты шешім қабылдаудың маңыздылығын көрсеткен жыл болды.

Компания бірқатар ел ішіндегі және геосаяси сын-қатерлерге тап болғанына қарамастан, орнықты даму күн тәртібі біздің қызметімізде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Біз өз жұмысымызды белгіленген стратегиялық бастамалар бойынша жалғастырдық және БҰҰ Жаһандық шартының он қағидатына, орнықты даму мақсаттарына, сондай-ақ БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары жөніндегі басшылық қағидаттарына адалдығымызды растаймыз.

Осы адалдығымызды растай отырып, Директорлар кеңесі орнықты даму саласындағы және адам құқықтары мен қоғаммен қарым-қатынас саласындағы жаңа Саясаттардағы басқарудың барлық деңгейлері үшін тиісті міндеттемелер қабылдады. Бұдан тыс, ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері үшін «Өмірлік маңызды ережелер» қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы Энергетикалық саясат пен Корпоративтік стандарт бекітілді.

Жалпы, есепті жылы Директорлар кеңесі жанындағы Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет бес отырыс өткізіп, онда орнықты дамуға қатысты қырық мәселе қаралды. ҚМГ орнықты даму мәселелері жөніндегі директорлар кеңесінің жыл сайынғы арнайы отырысында біз орнықты даму саласындағы жаһандық трендтерді, сондай-ақ Компаниядағы ESG-дамуды және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру мәртебесін талқыладық.

ҚМГ Sustainalytics халықаралық рейтингтік агенттігінің тәуелсіз бағалауынан өтті. Компания тәуекелдерді басқарудың орташа деңгейін 28,4 балл деңгейінде тұрақты ұстады. 2022 жылы біз 266 әлемдік мұнай-газ компаниялары арасында 19-шы орынға ие болдық. Атап кеткен жөн, ESG рейтингі Компанияның неғұрлым жауапты шешімдер қабылдауы қажет екенін көрсететін индикаторымыз болып табылады. Біз осы зерттеумен қамтылған барлық бағыттар бойынша жұмыс жасауды және барлық ҚМГ компаниялар тобының негізгі бизнес процестеріне ықтимал ESG тәуекелдерінің әсерін азайтуды жалғастырудамыз.

Климаттық күн тәртібінің стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, Компания көміртегі ізін азайтудың негізгі тәсілдері мен шараларын айқындайтын Төмен көміртекті дамытудың 2022–2031 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыруда.

Біз 2019 жылмен салыстырғанда 2031 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 15% азайтуды мақсат етіп, Компанияның көміртегі ізін азайтуға ақылға салынған тәсілді қолданамыз. Серіктестерімізбен бірлесіп, біз 300/600 МВт энергия жинақтау жүйесімен жалпы қуаты кемінде 1 ГВт жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласындағы жобаларды іске асырып жатырмыз.

Компания өзінің ESG көрсеткіштерін жақсартуға және ESG мақсаттарын басшылардың ҚНҚ стратегиялық және орта мерзімді тиімділік жүйесіне біріктіруге тырысады. ҚМГ қызметкерлермен және кәсіподақтармен серіктестік қағидаттарына негізделген жоғары әлеуметтік жауапкершілік нормаларына ұмтылады. 2022–2031 жылдарға арналған ҚМГ төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында айқындалған ҚМГ компаниялары тобы үшін парниктік газдар шығарындыларының болжамы негізінде көміртегісіздендіру жөніндегі шараларды жүйелі іске асыру үшін өндірістің көміртегі сыйымдылығын төмендетуге және

көміртегісіздендіруге байланысты жыл сайын ҚНҚ белгіленетін болады.

Біз мүдделі тараптармен (стейкхолдер) белсенді диалог қағидатын іске асыра отырып, өз қызметіміздің ашықтығы мен айқындығының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге тырысамыз. Жыл сайын өз есептерімізде, БАҚ-та, корпоративтік сайтта біз Компания жұмысының барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты жариялап отырамыз. Біздің қызметіміздің әртүрлі салаларында тұрақты бизнес тепе-теңдігін сақтауға көмектесетін барлық мүдделі тараптарымызға (стейкхолдер) алғыс айтуға рұқсат етіңіздер.

Құрметпен,

Крис Уолтон

Крис УОЛТОН

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

ШАБЫТ АЛАМЫЗ, ЖЕТИСТІКKE ЖЕТЕМІЗ, МАҚТАН ТҰТАМЫЗ

2-22



Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма төрағасы**

Құрметті акционерлер, инвесторлар, әріптестер және серіктестер!

2022 жыл компания үшін маңызды жыл болды: отандық мұнай өндірудің алғашқысы Ембімұнайгаз өз қызметінің ғасырлық кезеңін еңсерді, ҚазТрансОйл магистральдық мұнай құбыры жөніндегі ұлттық оператор жиырма бес жылдығын атап өтті, ал ҚазМұнайГаз өз жолының үшінші онжылдығының сегментіне шықты. Әрине, біз мақтан тұтатын жетістіктер көп, ҚазМұнайГаз өзінің 20 жылдық тарихында Қазақстанның мұнай-газ саласының ұлттық көшбасшысы, жаһандық сын-тегеуріндерге жедел ден қоятын технологиялық дамыған компания болды.

Өткен жыл жаһандық энергетикалық кластердің дамуына үлкен түзетулер енгізді деп айтуға болады. Геосаяси және геоэкономикалық шиеленістің өсуі, халықаралық қатынастардың поляризациясы, санкциялық қарама-қайшылықтар – мұның бәрі нарық субъектілерінің бұрынғы үлгілері бойынша табысты дамуына мүмкіндік бермеді. Тарихи дамудың уақыты мен логикасы бізге өзгеріс қажеттілігін талап етеді.

Жаңа сын-тегеуріндерге жауап ретінде ҚазМұнайГаз жаңа өршіл жобаларды іске қосты, халықаралық ынтымақтастықты жандандырды, жария компанияға айналды, әлеуметтік тұрақтылықтың өсуіне ықпал ететін бірқатар өзгерістерді іске қосты.

Бұл тұрғыда, әрине, ESG күн тәртібі ерекше орын алады, оның өзектілігі артып келеді. Бүгінгі таңда компанияның стратегиялық мақсаттары тұрақты дамудың басымдықтарын ескере отырып, іске асырылуда. Sustainalytics халықаралық рейтингтік агенттігі ҚМГ-нің халықаралық мұнай-газ нарығында ESG елеулі тәуекелдерін басқаруда мықты ұстанымы бар екенін атап өтті. Агенттіктің рейтингісіне сәйкес, ҚМГ осы көрсеткіш бойынша әлемдік мұнай-газ компанияларының ілгері 20 қатарына кіреді.

Компания қазіргі өндірістің тиімділігін қамтамасыз етуге, жаңа қайта бөлуді дамытуға, заманауи үнемдеу технологияларын енгізуге және климаттың өзгеруіне қарсы

жаһандық күреске үлес қосу үшін көміртегі ізін азайтуға бағытталған. Біздің компания Қазақстанда алғашқылардың бірі болып төмен көміртекті даму бағдарламасын бекітті. Энергетикалық ауысудың ұзақ мерзімді тенденцияларын ескере отырып, біз төмен көміртекті жобалар портфолиосын құрамыз. Қазіргі уақытта парниктік газдар шығарындыларын азайту және жаңартылатын энергия көздері саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Компания жобалық қуаттылығы жылына 500 мың тоннаға дейін дайын өнім өндіретін «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС ауқымды интеграцияланған газ-химия кешенін іске қосты. Шикізат ретінде зиянды қоспалардан тазартылған Теңіз кен орнынан алынған пропан пайдаланылады, бұл экологияға әсерін барынша азайтуды қамтамасыз етеді.

Компания 47 мыңнан астам қызметкерді жұмыспен қамтамасыз етеді. Біздің персоналды ынталандыруға деген көзқарасымыз еңбекақының лайықты деңгейін, ашықтықты және барлық қызметкерлердің құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету қағидаттарына негізделген. Есепті кезеңде ҚМГ тобы бойынша ұжымдық шарттарға сәйкес барлық әлеуметтік төлемдер сақталды. ҚМГ-ның барлық өндірістік кәсіпорындарында әрбір қызметкердің кәсіпорын басшылығына сұрақтармен жүгіну және уақтылы жауап алу мүмкіндігі реттелмеген. Бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен есеп беру кездесулері жүйелі түрде өткізіледі. ҚМГ тобында қызметкерлердің мүдделерін қорғайтын 36 кәсіподақ ұйымы жұмыс істейді.

Біз өндірістік қызмет нәтижелерінен қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі басымдыққа ие деген қағиданы ұстанамыз. 2022 жылдың қорытындысы бойынша өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардың саны өткен жылмен салыстырғанда 67%-ға төмендеді.

Компания сондай-ақ қаржылық және өндірістік көрсеткіштердің оң серпініне қол жеткізді: есепті кезеңде таза пайда 1 317 миллиард теңгені құрады.

Қатысатын өңірлердегі ең ірі салық төлеушілердің бірі ретінде 2022 жылы Компания 1 176 миллиард теңге салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуді жүзеге асырды. Сондай-ақ, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде қатысатын өңірлерде әлеуметтік жобаларды іске асыруға 12 миллиард теңге бағытталды, жыл сайын қайырымдылық көмек көрсетіледі.

Отандық өндірушілерді қолдау және сатып алуда жергілікті қамтуды арттыру ҚМГ-нің басым міндеттерінің бірі болып табылады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобы бойынша ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын қоса алғанда, жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемі 1 700 млрд теңгені құрады. 2021 жылмен салыстырғанда сатып алулардағы жергілікті қамту үлесі 4%-ға артып, 82%-ды құрады.

Есепті жылдың желтоқсан айында Компания KASE Қазақстандық қор биржасында және «Астана» халықаралық қаржы орталығы – Astana International Exchange биржасында өз акцияларын жария етті және орналастырды. ҚМГ IPO жергілікті қор нарықтарын дамытуға қол жеткізуге мүмкіндік береді, ал миноритарлық акционерлер түріндегі әртарапандырылған инвесторлық базаның болуы компанияны әрдайым дамуға, ашық болуға және қазіргі заманғы шындыққа бейімделуге ынталандырады.

Қорытындылай келе, есепті кезеңдегі және Компанияның қалыптасуының барлық өткен жолындағы жұмыс нәтижелерін мақтан тұтатынымды атап өткім келеді. Бұл әр қызметкердің зор еңбегі. Сонымен қатар, мұнай-газ саласы бір орында тұрмайды және бізге ең ауқымды міндеттерді шешу, өршіл мақсаттарды іске асыру, батыл жоспарларды іске асыру міндеттері тұр. Қажырлы еңбектің арқасында біз бірте-бірте жоғары нәтижелерге қол жеткізетінімізге сенімдімін!

Құрметпен,

Мағзұм Мырзағалиев

2022



ҚМГ АКЦИОНЕРЛЕРІ



87,42%

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ)



9,58%

«ҚР Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі



3%

KASE және AIX биржаларында еркін айналымда



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2-1, 2-6, 201-4



«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы – көмірсутектерді барлау мен өндіруден, оларды тасымалдау мен өңдеуден бастап, мамандандырылған сервистік қызметтер көрсетуге дейінгі толық өндірістік циклді жүзеге асыратын тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясы.



ҚМГ «Ел экономикасының мұнай-газ секторында мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №248 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы №811 қаулысына сәйкес құрылды. ҚМГ «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы», «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдарының және «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» акционерлік қоғамының құқықтық мирасқоры болып табылады. ҚР Үкіметі атынан ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті ҚМГ құрылтайшысы болып табылады.

ҚМГ компаниялар тобының құрамына дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ға тиесілі 107 компания кіреді, оның ішінде 55 компания ҚР аумағында орналасқан. Қалған активтер Румыния, Грузия, Швейцария, Нидерланды, Канада, Болгария, Молдова, Ресей, Түркия, Ұлыбритания, БАӘ, Канада, Гибралтар, Британдық Виргин аралдары, Маршалл аралдары, Багамалар, Бермуд, Мэн аралдары сияқты елдерде орналасқан.

Орталық аппарат Астана қаласында орналасқан. 2022 жылдың 23 маусымында ҚМГ Ақтау қаласында өкілдігін ашты.

Топтағы заңды тұлғаларды қысқарту, оның ішінде қосалқы холдингтерді тарату/қайта ұйымдастыру есебінен қысқарту жекешелендіру бағдарламалары мен дивестициялар шеңберінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 тамыздағы №523 қаулысымен Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

ҚМГ жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған жаңартылған кешенді жоспары мыналарды қамтиды:

- сатылатын 53 компания;
- ҚМГ IPO периметріне енгізілген 94 компания;
- өткізу және қайта ұйымдастыру тәртібі мен шарттарын «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы белгілейтін ҚМГ тобы бойынша 6 компания.

2022 жылғы 11 қарашада ҚМГ Директорлар кеңесі 2022 жылдан 2025 жылға дейін ҚМГ стратегиялық емес активтерінің жаңартылған тізбесін (бұдан әрі – СеАТ тізбесін) бекітті, онда 9 компанияны шығару көзделген.

2023 жылға СеАТ тізбесі шеңберінде 4 компанияны шығару жоспарланған, оның үшеуі тарату арқылы шығарылады және бір компания сатылады.

2022 жылы ҚМГ активтерінің құрылымында мынадай өзгерістер жүзеге асырылды:

- 3 компания таратылды;
- 1 компания сатылды;
- 4 компания сатып алынды;
- 1 компания Қор тобының ішінде тапсырылды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2002 жылы «Қазақойл» ЖАҚ ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясының бірігуі арқылы құрылды.



Кеңқияқ – Атырау магистральдық құбыры пайдалануға берілді.

2003



Атасу – Алашаңқай мұнай құбырының құрылысы басталды, «Өзен-мұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ бірігуі арқылы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ құрылды.

2004

ҚМГ Солтүстік Каспий жобасына кірді және Қазақстанда танкер флоты құрылды (Ақтаудағы «Астана» алғашқы мұнай танкері қабылданды).

2005



Лондон қор биржасында және Қазақстан қор биржасында «ҚазМұнайГаз» ӨД АҚ IPO. ҚМГ БӨ шамамен \$2 млрд тартты (сол кездегі қазақстандық компаниялар арасындағы ең ірі IPO).

2006



ҚМГ The Rompetrol Group акцияларының 75%-ын сатып алды (қалған 25%-ын 2009 жылы сатып алды).

2007



Батумидегі (Грузия) Батуми мұнай терминалы мен теңіз портына иелік ететін Batumi Industrial Holdings Limited компаниясы 100% сатып алынды.

2008

Каспий құбыр консорциумының қуатын жылына 67 млн тоннаға дейін кеңейту жобасы аяқталды; қазақстандық газ Қытайға экспорттала басталды.

2017



«Теңізшевройл» ЖШС Болашақ кеңейту жобасын және Сағалық қысымды басқару жобасын іске асырудың басталғаны туралы хабарлады.

2016

Бейнеу-Бозой-Шымкент магистральдық газ құбыры арқылы газ тасымалы басталды.

2013



ҚМГ Қарашығанақ жобасының 10%-ын алды; «Халықтық IPO» шеңберінде Қазақстандық қор биржасында «ҚазТрансОйл» АҚ қарапайым акциялары орналастырылды.

2012

Қазақстан-Қытай магистральдық газ құбырының бірінші тармағы (А), екінші тармағы (В) – 2010 жылы, үшінші тармағы (С) – 2015 жылы іске қосылды. Газ құбыры Түрікменстан, Өзбекстан, Қазақстан мен Қытайды байланыстырады.

2009

«Павлодар мұнай-химия зауыты» АҚ-ның 58% акцияларының меншік иесі «Refinery Company RT» ЖШС 100%-ын сатып алу (тағы 42%-ы ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жеке-шелендіру комитетінің иелігінде болған).

2009




Қазақстанның үш ірі мұнай өңдеу зауытын ауқымды жаңғырту аяқталды.

2018




Орталық Қазақстан мен астананы ҚР бірыңғай газ тасымалдау желісімен байланыстыратын «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының құрылысы аяқталды.

2019



Satti алғашқы қазақстандық өздігінен көтерілетін қалқымалы бұрғылау қондырғысы теңізге шықты; ҚМГ «ҚазТрансГаз» АҚ акцияларының 100%-ын «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына берді.

2021



2022 жылғы 15 қыркүйекте Компания 2015 жылы жасалған колл-опцион келісімі шеңберіндегі өз құқығын пайдаланып, «Самұрық-Қазына» АҚ-дан Солтүстік Каспий жобасы (Қашаған жобасы) бойынша өнімді бөлу туралы келісім бойынша 16,88%-ын иелентетін «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК компаниясындағы үлесінің 50%-ын 3,8 млрд АҚШ долларына сатып алды.

2022



Жылына 500 мың тоннаға дейін полипропилен өндіруге есептелген Kazakhstan Petrochemical Industries Inc ЖШС ауқымды интеграцияланған газ-химия кешенінің жұмысы басталды.

2022



8 желтоқсаннан бастап AIX және KASE биржаларында ҚМГ акцияларының қайталама сауда-саттығы басталды. ҚМГ IPO алынған өтімдер саны (129,9 мың), орналастыру көлемі (153,9 млрд теңге), орналастыру көлеміне жеке тұлғалардың қатысуы (52,1%) бойынша Қазақстанның қор нарығы тарихындағы ең ірі IPO ғана емес, сонымен қатар бірінші «цифрлық» IPO (өтімдердің 99%-ы онлайн тапсырылды) болып табылады.

2022

2022



МҰНАЙЛЫ ЕМБІ



Отандық мұнай өндіру тұңғышының ғасырлық күні – бұл барлық қазақстандықтар үшін маңызды оқиға. Қазақстан мұнайының дәуірі 1899 жылы Атырау облысы Жылыой ауданы Қарашеңгіл жеріндегі №7 ұңғымада алғашқы мұнай фонтаны атқылаған кезде басталды.

1922 жылы Доссор мен Мақат кен орындарын игеру нәтижесінде бастау алған компания тарихы қазақстандық мұнай өнеркәсібінің пайда болуымен тұспа-тұс келді. Сонымен қатар жас сала үшін ұлттық кадрларды: жұмысшылар, инженерлер, менеджерлерді даярлау басталды.

Геологиялық ізденістерге, барлау мен өндіруге басшылық жасау үшін «Ембімұнай» тресі құрылды. Ол өндіргіш күштердің негізгі орталығына айналды, оның міндеті қоғам мен мемлекетке жер астында жасырылған сарқылмас табиғи ресурстарды қызметке қою болды.

Сол кездегі мұнайшылар барлық ауыр сынақтарға қарамастан, барлық қиындықтарға төтеп бере отырып, жаңа кен орындарын сәтті игеріп, кез келген күрделі өндірістік міндеттерді орындады.

XX ғасырдың екінші жартысында салаға тұрақтылық пен ғылыми-техникалық прогресс келді. Орал-Ембі бассейнінде неғұрлым жетілдірілген технологиялық деңгейде кен орындарын игеруді жалғастыра отырып, Ембі мұнайшылары бір мезгілде Маңғышылақ пен Ақтөбе облысында қара алтын кен орындарын игеруге кірісті, Теңіз кен орны ашылды.

«Ембімұнайгаз» бүгінде – өндіріс тиімділігін арттыруға және шығындарды азайтуға бағытталған инновациялық идеялар мен жаңа технологиялар. Мұнай өндіруші кәсіпорын тәуелсіз Қазақстанның экономикасына елеулі үлес қоса отырып, индустриялық саланың алдыңғы қатарында келеді. 2012–2022 жылдар аралығында «Ембімұнайгаз» АҚ Ұлттық қорға, республикалық және жергілікті бюджеттерге салық төлеуге 1 трлн 472 млрд теңгеден астам қаражат бөлді, өңірлік инфрақұрылымды дамытуға – шамамен 5 млрд 640 млн теңге.



2022



«ҚазТрансОйл» АҚ – ішкі нарыққа энергия ресурстарын тұрақты жеткізуді қамтамасыз етуде және елдің экспорттық әлеуетін нығайтуда маңызды рөл атқаратын мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық оператор. Компания жалпы ұзындығы шамамен 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының тармақталған желісіне ие. ҚМГ жобаларын іске асырудың энергетикалық қауіпсіздік үшін стратегиялық маңызы бар, бұл әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін сенімді база ретінде қызмет етеді, сондай-ақ адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді. Компания Қазақстан Республикасында «Халықтық IPO» бағдарламасы шеңберінде өз акцияларын орналастырған алғашқы компания болды. 2012 жылдың желтоқсанында KASE-де қайталама нарықта компанияның жай акцияларымен сауда-саттық басталды.



ҚТО елімізде өндірілетін барлық мұнайдың шамамен 36%-ын тасымалдауды және отандық мұнай өңдеу зауыттарына жеткізілімдердің 90%-нан астамын қамтамасыз етеді. Компания жұмыс істеген жылдар ішінде құбыр жүйесі арқылы мұнай тасымалдау көлемі екі еседен астам өсті.

Ширек ғасыр ішінде Кеңқияқ – Атырау, Әлібекмола – Кеңқияқ, Солтүстік Бозащы – Қаражанбас, Атасу – Алашаңқай жаңа мұнай құбырлары пайдалануға берілді, Кеңқияқ – Құмкөл құбыры салынды, Атырау – Самара мұнай құбырының өткізу қабілетін кеңейту бойынша іс-шаралар жүргізілді, Ақтау теңіз портының, бірқатар темір жол құю және құю терминалдарының қуаты кеңейтілді. «Аман» МАС-да жылыту пешін пайдалануға беру Батыс Қазақстан мұнайын «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбыры арқылы жылына 6 млн тоннаға дейінгі көлемде кері режимде тасымалдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

ҚТО Қазақстанның 11 облысындағы мұнай жүк ағынын тікелей Астанадан басқарады. Бұл 2006 жылы жүзеге асырылған SCADA диспетчерлік бақылау және жүк ағындарын басқару жүйесін енгізу жобасын іске асырудың қорытындысы болып табылады.

2008 жылы ҚТО «Batumi Industrial Holdings Limited» компаниясы акцияларының толық пакетін сатып алу мәмілесін аяқтады. Осы мәміленің арқасында алғаш рет Қара теңізде шетелдік мұнай тасымалдау активтері сатып алынды.


Қызметкерлер алдындағы өз жауапкершілігін сезіне отырып, ҚТО бизнестің тұрақтылығына, қатысатын өңірлердің әлеуметтік тұрақтылығына және жұмыскерлердің еңбек жағдайларына қанағаттануына бағытталған салмақты және теңгерімді әлеуметтік саясатты жүргізеді. Әлеуметтік әл-ауқатты жақсарту және салауатты өмір салтын қолдау, сондай-ақ компанияның өндірістік объектілерінде вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлердің бос уақытын ұйымдастыру мақсатында ҚТО 2022 жылы 12 әмбебап спорт алаңын салу жобасын іске асыра бастады.

Жиырма жылдан астам уақыт бойы компания Маңғыстау және Атырау облыстарының тұтынушыларына Астрахань – Маңғышлақ магистральдық су құбырымен тұщы су жеткізу жөніндегі қызметтерді көрсетіп келеді.

Үнемі өзгеріп отыратын нарықтық конъюнктура жағдайында компанияның басымдықтары инновациялар мен жаңа технологияларды қолдануға негізделген еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, экологиялық таза және тиімді бизнес болып қала береді.



ҚҰН ЖАСАУДЫҢ ӨНДІРІСТІК ТІЗБЕГІ



ҚМГ РЕСУРСТАРЫНАН ӨНДІРІЛГЕН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ЖЕТКІЗУ ҮЛЕСІ МЕН БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША БӨЛЕ ОТЫРЫП ЭКСПОРТТАУ

р/с №	Мұнай өнімдері	2022 жылдың 12 айындағы нақтысы		
		Көлемі, т	Елдер	Үлес, %
1	Мазут	585 152	Еуропа	100%
2	ТАЖҚ*	105 467	Еуропа	100%
3	Тазалығы жоғары параксиллол	33 763	Қытай	100%
4	Бензол	1 684	Ресей	53%
		1 498	Африка	47%
5	Жиынтық кокс	18 066	Қытай	30%
		42 978	Ресей	70%
6	Қыздырылған кокс	780	Қытай	20%
		3 170	Ресей	80%
7	Күкірт	8 041	Еуропа	59%
		5 577	Африка	41%
8	Аи-92 К4 бензині	7 454	Еуропа	100%
9	Техникалық көміртекті өндіруге арналған ауыр мұнай шикізаты	2 630	Ресей	100%
Барлығы:		816 259		

ҚМГ далалық ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын тиеп жөнелтуді жүзеге асырады, сондай-ақ жылыту кезеңінде әлеуметтік-өндірістік объектілер мен мекемелерді мазутпен қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ ҚМГ «ҚМГ-Аэро» ЖШС арқылы және биржалық сауда-саттық арқылы 2022 жылы жергілікті әуежай мен авиакомпанияға, сондай-ақ коммерциялық компанияға авиациялық отын өткізді. Мұнай өнімдерінің қалған көлемі сырттан сатып алушыларға ішкі нарықта және экспортқа сатылады.

2022 жылдың сәуір айында ҚМГ АИ-92 (7 мың тонна) бензинін экспорттады. Ашық түсті мұнай өнімдері экспорты көлемінің 2021 жылмен салыстырғанда 85%-ға төмендеуі ҚР ішкі нарығында тұтынудың өсуіне байланысты. 2022 жылы мұнай өнімдерін экспорттық жеткізу құрылымында қара мұнай өнімдерін Еуропаға жөнелту басым болды. Дизель отынының, мұнай химиясының, кокстың, күкірттің және бутанның көлемі Еуропаға, Қытайға, Нигерияға, Ресейге, Өзбекстан мен Тәжікстанға жеткізілді.

ҚМГ кейіннен үш мұнай өңдеу зауытында өңдеу үшін 2022 жылы Батыс Қазақстанда орналасқан төрт 100% еншілес мұнай өндіруші компаниядан және «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-дан (50%) мұнай сатып алды.

Мұнай мен оны өңдеу бойынша қызметтердің жалпы құны 594 млрд теңгені құрады.

ҚР Энергетика министрлігі (бұдан әрі – ЭМ) бекітетін мұнайды жеткізу кестесіне сәйкес ҚМГ 2022 жылдың қараша-желтоқсан айларында Павлодар қаласындағы «Павлодар ҰХЗ ЖШС-да (бұдан әрі – ПМХЗ) өңдеу және өндірілген мұнай өнімдерін өткізу үшін «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-дан мұнай сатып ала бастады. ПМХЗ-да 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС 58,5 мың тонна мұнайын өңдеді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасында 2022 жылғы мамырдан бастап ЭМ бекітетін мұнай өнімдерін жеткізу жоспарлары бойынша жалпы өткізудің 10% көлемінде жеңіл мұнай өнімдері мен битуммен биржалық сауда қайта басталды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӨНДІРІЛГЕН ҚМГ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН КӨТЕРМЕ САУДАДА ӨТКІЗУ, МЫҢ ТОННА

Өнім	2020			2021			2022		
	ішкі нарық	экспорт	барлығы	ішкі нарық	экспорт	барлығы	ішкі нарық	экспорт	барлығы
Бензин	647	163	810	1195	0	1195	1333	7	1340
Дизель отыны	930	115	1045	1291	57	1348	1513	–	1513
Авиациялық отын	65	0	65	120	0	120	161	–	161
Мазут	211	402	613	241	542	783	265	588	853
Вакуумдық газойль	0	155	155	0	166	166	–	105	105
Битум	87	0	87	83	0	83	125	–	125
Кокс	61	57	118	79	66	145	56	65	121
Күкірт	6	5	11	3	17	20	5	14	19
Бензол	0	19	19	0	4	4	–	3	3
Параксилол	0	90	90	0	25	25	–	34	34
Сұйытылған газ	133	1	134	162	1	163	204	–	204
Пеш отыны	6	0	6	4	0	4	–	–	–
Технологиялық отын	0	0	0	382	0	382	408	–	408
Басқалары	15	0	15	18	0	18	22	–	22
Барлығы	2 161	1 007	3 167	3 577	877	4 454	4 091	816	4 908

3-3, 416-1, 417-1

Кеден одағының 013/2011 «Автомобиль және авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынға және мазутқа қойылатын талаптар туралы» техникалық регламентіне (бұдан әрі – КО ТР) сәйкес шығарылатын отынның сапасы экологиялық кластарына сәйкес келеді.

К4, К5 (ЕУРО-4, ЕУРО-5)

КО ТР сәйкес автомобиль бензинінде және дизель отынында құрамында металл бар қосындыларды (құрамында марганец, қорғасын және темір бар қосындыларды) қолдануға жол берілмейді, күкірт мөлшері 50 мг/кг артық емес, бензол 1% артық емес болып белгіленді.



ҚР МӨЗ-дерін жаңғыртудың мақсаты – шығарылатын мотор отындарының сапасын К5 класс деңгейіне дейін (Евро-5 стандарт аналогы) арттыру.

Бұл ретте, көлік құралдары қозғалтқыштарының жұмысы кезінде пайдаланылған газдардан адам денсаулығына антропогендік әсердің басым көзі болып табылатын шығарылатын мотор отындарында зиянды заттардың құрамы төмендеді:


- күкірт бойынша 10 есе (күкірт тотығының түзілу көзі);
- хош иісті заттар бойынша 1,5 есе (күйе түзілу көзі);
- бензол бойынша 5 есе (бензопереннің пайда болу көзі – канцероген, 1-қауіптілік класына жатады).

2022 ЖЫЛҒЫ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЖЕТІСТІКТЕРІ




АМӨЗ



ПМХЗ



ПҚОП



Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында шығарылатын өнімнің сапасы туралы ақпарат МӨЗ-дің ресми сайттарында қолжетімді:



https://www.pnhz.kz/kaz/product/quality_of_product/



<https://www.anpz.kz/kaz/product/>



http://www.petrokazakhstan.kz/rus/pages/processing_subdivision.html

Компанияның өндірістік қызметі мен қаржылық нәтижелері туралы толығырақ 2022 жылғы жылдық есепте баяндалған



https://www.kmg.kz/investors/reporting/?TYPE=report_year

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



**Мұратжан Бердіғалиұлы
ТЕҢІЗБАЕВ**

«Қаражанбасмұнай» АҚ-ның мұнай және газ өндірудің үздік операторы

«Үздік маман – 2022» кәсіптік конкурс қорытындысы бойынша бірінші орын



- 1-қағидат.** Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуге тиіс.
- 2-қағидат.** Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.
- 6-қағидат.** Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.
- 10-қағидат.** Іскерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

2-9, 2-11

Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚМГ Жарғысына сәйкес ҚМГ корпоративтік басқару құрылымы мынадай:

- Жоғары орган – ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы;
- Басқару органы – Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін Директорлар кеңесі;
- Атқарушы орган – Директорлар кеңесіне есеп беретін Басқарма;
- Ішкі аудит қызметі – «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы №550-IV ҚРЗ Заңына сәйкес Компанияның және Қордың тобына кіретін ҚМГ компаниялар тобының (бұдан әрі – ҚМГ компаниялар тобы) өзге де ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласындағы бағалау, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуы және ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын, Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталықтандырылған орган;
- Корпоративтік хатшы – өз функцияларын тұрақты және тәуелсіз негізде орындайды, ҚМГ Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының мүшесі болып табылмайды, ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындайды және ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп береді, өз құзыреті шегінде ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады;
- Комплаенс қызметі – қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және ҚМГ компаниялар тобының ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша міндетті реттеуші талаптар мен үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз етуге, қызметкерлер арасында

ашықтықты, адалдықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының үздік халықаралық стандарттарына, ішкі саясаттары мен заңнамаларына сәйкес бизнесті жүргізу үшін жағдайлар жасауға бағытталған, Директорлар кеңесіне есеп береді;

- Омбудсмен – өзіне жүгінген ҚМГ қызметкерлеріне консультация беру және еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ ҚМГ қызметкерлерінің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауға жәрдем көрсету рөлін атқаратын ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындайтын адам.

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі акционерлердің және негізгі мүдделі тараптардың: мемлекеттің, стратегиялық әріптестер мен контрагенттердің (өнім берушілер мен сатып алушылардың), инвесторлардың, ҚМГ қызметкерлерінің, муниципалитеттердің, жергілікті қоғамдастықтардың және Компания қатысатын өңірлердің тұрғындарының құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге негізделеді.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқарудың қазақстандық және халықаралық практикасының талаптары мен стандарттары ескеріліп, үнемі жетілдіріліп отырады.

Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін ҚМГ-да Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі жанынан мынадай комитеттер жұмыс істеді:

- 1. Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет** – Директорлар кеңесі мен Басқарманың сабақтастығын жоспарлау,

ҚМГ органдарының қызметін бағалау, тиімді кадр саясатын, еңбекақы және сыйақы төлеу жүйесін қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚМГ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, кәсіби дамыту және оқыту жөніндегі міндеттер шеңбері үшін құрылған.

2. Стратегия және портфельді басқару комитеті

– даму стратегиясы және инвестициялық саясат, ҚМГ қызметінің басым бағыттары, ҚМГ инвестициялық тартымдылығын арттыру, ҚМГ қаржы-шаруашылық қызметін жоспарлау және трансформациялау мониторингі мәселелері бойынша құрылған.

3. Аудит жөніндегі комитет – қаржы-шаруашылық қызметке, оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығына, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару

жүйелерінің тиімділігіне тиімді бақылау орнату, сондай-ақ сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау үшін құрылған.

4. Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті

– қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбек және қоршаған ортаны қорғау, орнықты даму және әлеуметтік-экономикалық даму қағидаттарын, әлеуметтік міндеттемелер мен бағдарламаларды енгізу, қызметтің үздіксіздігін және экологиялық тиімділікті қамтамасыз ету бойынша мәселелер шеңберін қарау үшін құрылған. Аталған комитет ұйым көрсететін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсер ету аспектілері бойынша бастамашылық жасау, терең қарау және шешімдер қабылдау үшін жауап береді.

БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамы мынадай түрде ұсынылды⁸:

- 1. Уолтон Кристофер Джон** – Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз атқарушы емес директор;
- 2. Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы** – ҚМГ Басқарма төрағасы;
- 3. Миллер Тимоти Глен** – тәуелсіз атқарушы емес директор;
- 4. Холланд Филип Малкольм** – тәуелсіз атқарушы емес директор;
- 5. Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы** – атқарушы емес директор, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
- 6. Жаңаділ Ернар Бейсенұлы** – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
- 7. Ауғанов Ғибрат Қайратұлы** – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
- 8. Хаирова Әсел Әнуарқызы** – тәуелсіз атқарушы емес директор.

Есепті дайындау кезінде ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы мынадай түрде ұсынылды (ҚМГ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 2 ақпандағы шешімі, №1/2022 хаттама):

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

- 1. Хаирова Әсел Әнуарқызы** – Комитет төрайымы
- 2. Миллер Тимоти Глен**
- 3. Холланд Филип Малкольм**

СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУ КОМИТЕТІ

- 1. Уолтон Кристофер Джон** – Комитет төрағасы
- 2. Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы**
- 3. Холланд Филип Малкольм**
- 4. Жанәділ Ернар Бейсенұлы**
- 5. Миллер Тимоти Глен**

ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

- 1. Холланд Филип Малкольм** – Комитет төрағасы
- 2. Ауғанов Ғибрат Қайратұлы**
- 3. Уолтон Кристофер Джон**
- 4. Хаирова Әсел Әнуарқызы**

ҚАУІПСІЗДІК, ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ КОМИТЕТІ

- 1. Миллер Тимоти Глен** – Комитет төрағасы
- 2. Хаирова Әсел Әнуарқызы**
- 3. Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы**
- 4. Уолтон Кристофер Джон**
- 5. Холланд Филип Малкольм**

Компания Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлар саны бөлігінде корпоративтік басқару кодексінің талаптарына

ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі – үш жыл. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралған кезде қатарынан алты жылдан астам мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі (тәуелсіз директорлар үшін бұл жағдайда барлық мүдделі тараптарға Компания ашатын осындай қажеттіліктің егжей-тегжейлі және сенімді негіздемесі дайындалады).

Бұл ретте ҚМГ-да жүргізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының нәтижелері бойынша Компанияның Директорлар кеңесінде акционерлер мен тәуелсіз директорлар өкілдерін неғұрлым ұзақ сақтау мақсатында Акционермен қарым-қатынасты талқылау мүмкіндігін қарау туралы ұсыныс алды. Сондай-ақ өкілдердің өкілеттік мерзімін Компанияның таңдалған Стратегиясының кезеңіне сәйкес келтіру туралы мәселені зерделеу қажеттілігі туралы ұсыныс берілді. Тәуелсіз консультанттың пікірінше, бұл мынадай артықшылықтар бере алады: жекелеген директорлардың бес-алты жылға созылатын өкілеттік мерзімі және оларды әр жылдары ротациялау Компанияның қызметі мен оның корпоративтік басқару процестері туралы білімнің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінде ұзақ уақыт

сәйкес келеді, оған сәйкес тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50%-на дейін құрайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады және ҚМГ Директорлар кеңесінің барлық комитеттерін тәуелсіз директорлар басқарады.

31.12.2022 Ж. ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ САНЫ – 8, ОНЫҢ ІШІНДЕ:

1. тәуелсіз директорлар – 4,
2. «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері – 3;
3. атқарушы директор (Басқарма төрағасы) – 1.

Директорлар кеңесінің сегіз мүшесінің ішінде Қазақстан азаматтары – бесеу, Біріккен Корольдік – екі адам, Америка Құрама Штаттары – бір адам.

болу орындалатын жұмыстың сапасын арттыруға және Компанияның стратегиясын іске асыру жолында табысты ілгерілеуі үшін жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.

Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінде барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас және орнықты даму қағидаттары ескеріле отырып, және ҚМГ мүддесінде тәуелсіз, дәйекті және тиімді шешімдер қабылдануын қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімін сақтау қамтамасыз етіледі. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Заңы 54-бабының 4-тармағына және ҚМГ Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 9-тармағына сәйкес Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды, бұл ретте Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелері туралы ақпарат ҚМГ веб-сайтында толығырақ берілген: https://www.kmg.kz/sustainable-development/corporate-governance/directors_board/

⁸ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 18 ақпандағы шешімімен (№12/22 хаттама) «Самұрық – Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері – мүдделер өкілі ретінде Болат Оралұлы Ақшолоқов пен Мұхтар Наурызбайұлы Манкеев өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері – мүдделер өкілі ретінде Ауғанов Ғибрат Қайратұлы және Жаңаділ Ернар Бейсенұлы сайланды. Бұл ретте, Б.У. Ақшолоқов «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігін өз бастамасымен 11.01.2022 ж. бастап мерзімінен бұрын тоқтататыны туралы жазбаша хабардар етті.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 7 сәуірдегі шешімімен (№21/22 хаттама) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Серікұлы Айдарбаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 14 сәуірдегі шешімімен (№22/22 хаттама) Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалып, 2022 жылғы 15 сәуірден бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№29/22 хаттама) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор болып Әсел Әнуарқызы Хаирова сайланды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ Басқармасы 8 адамнан тұрады.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫНА МЫНАЛАР КІРЕДІ:

Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы	Басқарма төрағасы
Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы	Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары
Мыңбаев Мұрат Қырымбекұлы	Басқарма төрағасының ірі мұнай-газ жобалары жөніндегі орынбасары
Қайырденев Арман Құрметұлы	Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және мұнай-химия жөніндегі орынбасары
Закиров Болат Калавьянович	Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары
Абдулгафаров Дастан Елемесұлы	Басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары
Қарабаев Дәурен Сапарәліұлы	Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Лавренов Василий Сергеевич	Басқарма төрағасының орынбасары

Басқарма өз қызметін ҚМГ Басқармасының 06.12.2021 ж. шешімімен (№44 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырды.

Жұмыс регламентіне сәйкес Басқарманың іштей отырыстары апта сайын өткізілді.

Көрсетілген сандық деректер Басқарманың іштей отырыстарын өткізу жүйелілігін куәландырады, бұл ҚМГ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне толық сәйкес келеді.

2022 жыл ішінде ҚМГ Басқармасы іштей отырыстарда **654 шешім (100%)** қабылдады. Атқарушы орган отырыстарының **68 хаттамасы** ресімделді.

2022 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша қабылданған Басқарманың күндізгі шешімдерінің жалпы санынан **153 мәселе** белгіленген тәртіппен ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды.

- 2022 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығында Басқарма шешімдерімен мыналар бекітілді:
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сапа саласындағы саясат;
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ энергетикалық саясат;
 - Орнықты даму саласындағы саясат;
 - Адам құқықтары және қоғаммен қарым-қатынас саясаты;
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында персоналдың денсаулығын басқару бағдарламасы;
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ көміртекке ішкі баға белгілеу бағдарламасы;
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ штат кестесі;
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының кейбір ұйымдарының 2023 жылға арналған базалық тарифтік ставкасы;
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ дағдарыстық жағдайларды басқару жөніндегі регламенті;
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы және әкімшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақы сызбасы;
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2023 жылға түзетілген бюджеті;
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2023 жылға арналған бюджеті.

Сонымен қатар **41 шешіммен ҚМГ-ның жекелеген ішкі құжаттарына** өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

2-13

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі мен Басқарма өз құзыреті шеңберінде Орнықты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді, бұл ретте лауазымды тұлғалар мен барлық деңгейдегі барлық қызметкерлер орнықты дамуға үлесін қосады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқару органы деңгейінде тұрақты даму мәселелерін шешу үшін жауапкершілік келесідей бөлінеді:

- 1. Комплаенс қызметі** қызметкерлер арасында ашықтықты, адалдықты қамтамасыз ету, сондай-ақ үздік халықаралық стандарттарға, Қазақстан Республикасының ішкі саясаттары мен заңнамасына сәйкес бизнес жүргізу үшін жағдай жасау мақсатында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және ҚМГ компаниялар тобының ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша міндетті реттеушілік талаптардың және озық халықаралық тәжірибенің сақталуына жауапты.
- 2. Омбудсмен қызметі** әділдік және Компанияның барлық қызметкерлерінің мүдделерін сақтауға жауапты: даулар мен жанжалдарды ертерек ескерту және реттеу; жүйелі сипаттағы және шешуді қажет ететін проблемалық мәселелерді тиісті органдар мен лауазымды тұлғалардың қарауына ұсыну; жанжалды жағдайларды тұрақтандыру бойынша ұсыныстар енгізу арқылы.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша атқарушы орган деңгейінде **орнықты даму мәселелерін шешу үшін жауапкершілік** былайша бөлінді:

- 1. Басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары:** орнықты даму қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ететін орнықты даму саласындағы басқару жүйесін құру және енгізу мәселелері, сондай-ақ негізгі процестерге, Компанияның даму стратегиясына, шешім қабылдау процестеріне орнықты дамуды интеграциялау, Компанияның төмен көміртекті даму және ESG рейтингі мәселелері;

- 2. Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары** Компания қатысатын өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу мәселелерін қоса алғанда, орнықты дамудың экономикалық құрамдас бөлігі мәселелерінің кешенін шешуге жауап береді;
- 3. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры:** еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚМГ стратегиясы мен саясатын қалыптастыру және іске асырылуын қамтамасыз ету мәселелері, сондай-ақ тұтастай алғанда, өндірістік қауіпсіздікті, денсаулықты қорғауды, еңбекті қорғауды, қоршаған ортаны және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері;
- 4. Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры:** процестерді іске асыру және орнықты дамудың еңбек, кадр және әлеуметтік аспектілерін басқару мәселелері.

Жоғарыда аталған адамдар ҚМГ Басқарма төрағасына есеп береді. Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін жауапты тұлғалардың есеп беруі ішкі нормативтік құжаттармен, ішкі бақылау және Компания қызметінің үздіксіздігі рәсімдерімен егжей-тегжейлі реттеледі. Мәселен, даму жоспарларына сәйкес тұрақты негізде мәселелер Басқарманың қарауына шығарылады, ол өз кезегінде Директорлар кеңесіне есеп береді. Бұл ретте Директорлар кеңесінің отырыстарында тиісті мәселелер қаралғанға дейін Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай бөлініске сәйкес Директорлар кеңесі үшін ұсынымдар әзірлейді: корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі функциялар мен іс-шаралардың орындалуын кешенді бақылау ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне бекітілді, ұйым көрсететін әсердің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілері бойынша бастамашылық жасау, терең қарау және шешім қабылдау, сондай-ақ ҚМГ-да орнықты дамудың енгізілуін бақылау ҚМГ Директорлар кеңесінің еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және орнықты даму комитетіне (бұдан әрі – ҚЕҚҚОҚОДК) бекітілді.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРҒА ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША КЕҢЕС БЕРУ

2-12, 2-14, 2-16, 2-25

Мүдделі тараптар мен Компанияның жоғары корпоративтік басқару органы арасындағы экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша консультациялар әртүрлі тәсілдермен тұрақты негізде жүргізіледі.

Мысалы, ҚЕҚҚОҚОДК жоғарыда аталған лауазымды тұлғалардың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2022 жылы Комитеттің **5 отырысы өткізіліп**, онда **40 мәселе** қаралды.

ҚМГ Директорлар кеңесінің **ҚЕҚҚОҚОДК** орнықты даму мәселелерін қарауды және ұйымдастыруды, орнықты даму саласындағы саясатты, ҚМГ орнықты даму туралы жыл сайынғы есебін, орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын және бекітілуі Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын өзге де ішкі құжаттарды, орнықты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық компоненттерін енгізу, орнықты даму саласындағы басқару жүйесін қалыптастыруды, орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНҚ айқындауды, ҚМГ-да орнықты дамудың енгізілуін, ҚМГ-ның негізгі процестеріне орнықты дамуды интеграциялауды бақылауды жүзеге асырады.

2022 жылы ҚЕҚҚОҚОДК-ның басты назары еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау, ESG (Environmental, Social, Governance) аспектілерін стратегиялық басқару, сондай-ақ орнықты даму жүйесін енгізу мәселелерінде болды.

Комитеттің 2022 жылғы күн тәртібіндегі негізгі мәселелерге мыналарды жатқызуға болады:

- Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша есеп;
- ҚМГ компаниялар тобындағы дағдарыстық және төтенше жағдайларды басқару туралы – ҚМГ компаниялар тобындағы өрт қауіпсіздігі туралы;
- Қалдықтарды басқару туралы, Тарихи қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі меморандумның орындалу мәртебесі;
- ӨБ, ЕҚОҚ саласындағы автоматтандыру және цифрландыру жөніндегі жобалар туралы;
- ҚМГ компаниялар тобында өртке қарсы қауіпсіздікті арттыру жөніндегі шаралар туралы;
- ҚМГ экологиялық жобалары туралы;
- Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы жөніндегі басқару жүйесі туралы;

- ҚМГ мердігерлік ұйымдарын басқару туралы;
- ҚМГ-дағы COVID-19 бойынша жағдай туралы есептер;
- ҚМГ ESG (environmental, social, governance) рейтингі туралы;
- ҚМГ-да және оның бизнес-бірліктерінде орнықты даму жүйесін енгізу және орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге енгізу туралы;
- ҚМГ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі туралы;
- 2022 жылғы Орнықты даму туралы есепте ашылатын маңызды тақырыптар туралы;
- 2022–2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру туралы.

Сонымен қатар Комитет 2022 жылы басқалармен қатар мынадай негізгі құжаттарды қарап, мақұлдады:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2021 жылға арналған Орнықты даму туралы есебін бекіту туралы;
- Орнықты даму саласындағы саясатты бекіту туралы;
- Адам құқықтары және жұртшылықпен қарым-қатынас саласындағы саясатты бекіту туралы;
- ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері үшін «Өмірлік маңызды ережелер» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы корпоративтік стандартты бекіту туралы.

Комитет жұмысына қатысу үшін Комитет отырыстарына дауыс беру құқығынсыз ҚМГ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үнемі шақырылып отырды. ҚМГ Директорлар кеңесі Комитет әзірлеген ұсынымдардың әрқайсысын қабылдады.

Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемалар бойынша мүдделі тараптардың кең тізбесіне кеңес беру Компанияның веб-сайты, жұртшылықпен өзара іс-қимыл жөніндегі қызмет (Баспасөз қызметі) арқылы, сондай-ақ орнықты даму саласындағы ақпаратты ашу мәселелері бойынша сыртқы және ішкі мүдделі тараптармен ҚМГ-ның орталық коммуникациялар арнасы болып табылатын Орнықты даму туралы жыл сайынғы есеп шығару арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар ҚМГ-да мүдделі тараптармен және Компаниямен тиісті түрде диалог құруға мүмкіндік беретін түрлі коммуникация тәсілдері бар. Мысалы, инвестициялық қоғамдастыққа арналған ақпарат <https://www.kmg.kz/investors/> арнайы порталында орналастырылады, жұмысқа

орналастыру мәселелері <https://work.kmg.kz/#/> порталында орналастырылады, ҚМГ заңнамасын және ішкі нормативтік құжаттарын бұзу мәселелері бойынша doverie@kmg.kz сенім жүйесі желісіне жүгінуге болады, құпия ақпараттандыру жүйесі <http://www.sk-hotline.kz/> интернет-

порталы арқылы қолжетімді, сондай-ақ Омбудсмен қызметінің мәселелері бойынша функционалдық өзара іс-қимыл ombudsman@kmg.kz, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері hse@kmg.kz және орнықты даму sustainability@kmg.kz арқылы жүзеге асырылады.

СЫНИ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

2-16

ҚМГ Директорлар кеңесін сыни маңызды проблемалар туралы ақпараттандыру Компанияның қызметі туралы тұрақты есептер арқылы жүзеге асырылады, оның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмейді: ҚМГ Басқарма төрағасының қызметтегі негізгі өзгерістер туралы есебі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпарат, қаржы-шаруашылық қызметтің алдын ала нәтижелері бойынша есеп, Ресей Федерациясына қатысты санкциялардың ҚМГ қызметіне әсері туралы ақпарат, жасалуына мүдделілік бар, Басқарма шешім қабылдап жасалған мәмілелер туралы есеп, стратегияны, қызметтің негізгі көрсеткіштері мен инвестициялық жобаларды орындау мәртебесіне шолу, ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы есеп, тәуекелдер жөніндегі есеп, Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есеп, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептері.

Жоғарыда көрсетілген есептерден басқа, ДК дереу хабарлау қажет болатын мәселелерді мезгіл-мезгіл айқындап отырады, мысалы, ҚМГ тобындағы ағымдағы жағдай, операциялық қызмет және т.б. туралы, қаржылық көрсеткіштер туралы, ҚМГ тобы компанияларындағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы елеулі оқиғалар туралы ақпарат, соның ішінде өрт туралы есептер (мұндай оқиғалар есепті кезеңнен кейін болған болса да). ҚМГ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті ҚМГ-да және оның бизнес-бірліктерінде орнықты даму жүйесін енгізу және орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге енгізу туралы есептерді, сондай-ақ ESG (Environmental, Social, Governance) рейтингінің деңгейін арттыру жөніндегі жұмыстардың мәртебесі туралы ақпаратты үнемі қарап талқылайды.

Анықтама: Компания Компанияның перспективалық жобаларына нақты әсер етуі мүмкін санкциялардың ықтимал кеңеюін ескере отырып, теріс әсерлер мен салдарларды азайту үшін қолданыстағы санкциялардың мониторингін жүзеге асырады.

Тәуекелдерді азайту мақсатында Компания санкциялық режим күшейтілген жағдайда жобалардан шығу немесе оларды өз бетінше іске асыру тетіктерін көздейді. Санкциялардың ҚМГ қызметіне әсерін талдау және қажетті шараларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Санкциялардың ҚМГ қызметіне әсері туралы шоғырландырылған ақпарат ҚМГ ДК-ға, Қорға, ҚР ЭМ-ге және ҚМГ мүдделі бөлімшелеріне мерзімдік негізде беріліп отырады.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ СИПАТЫ МЕН САНЫ

ҚМГ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес ҚЕҚОҚТДК қаралатын мәселелер мен отырыстарды өткізу күндері тізбесі көрсетілген Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарымен келісілетін өзінің жұмыс жоспарын бекітеді. Директорлар кеңесінің әрбір іштей отырысында қаралатын ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпаратты қарау шеңберінде есепті кезеңге қарамастан, ҚМГ тобының компанияларындағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы кез келген оқиғалар туралы Директорлар кеңесінің мүшелерін жедел ақпараттандыру тапсырмасы берілді.

Комитет отырыстарда ЕК, ӨҚ және ҚОҚ (deep dive questions) бойынша негізгі мәселелерді егжей-тегжейлі қарау тәжірибесін енгізді. 2022 жылы Комитет 5 мәселені қарады: ҚМГ компаниялар тобындағы дағдарыстық және төтенше жағдайларды басқару туралы, қалдықтарды басқару және тарихи қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі меморандумды орындау туралы, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы автоматтандыру және цифрландыру жөніндегі жобалар туралы, ҚМГ компаниялар тобындағы өртке қарсы қауіпсіздікті арттыру жөніндегі шаралар туралы, ҚМГ экологиялық жобалары туралы.

Сондай-ақ Комитет ҚМГ-дағы COVID-19 жағдайы және COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау бойынша ҚМГ компаниялар тобында қабылданып жатқан шаралар туралы

есептерді үнемі тыңдап отырды. Сонымен қатар Комитет ҚМГ-да және оның бизнес-бірліктерінде орнықты даму жүйесін енгізу және негізгі бизнес-процестерге орнықты даму қағидаттарын енгізу туралы статус-есеп мәселесін тыңдауда.

БАСҚАРУ ОРГАНЫН НОМИНАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ

2-10

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі ҚМГ Жарғысымен және өзге де нормативтік құжаттармен айқындалады, оны Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасымен және Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады, сондай-ақ ол кандидатураларды іздестіру мен жалдауды жүзеге асыру кезінде ашықтық, әділдік және кәсіпқойлық қағидаттарына негізделеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің және өзге де тұлғалардың өкілдері

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

2-15

Компаниядағы мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі негізгі процестер ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен ҚМГ және оның ЕТҰ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатта, сондай-ақ Іскерлік әдеп кодексінде көрсетілген.

Атқаратын лауазымына қарамастан, осы Саясаттың талаптарын сақтау үшін, Компанияның әрбір қызметкері және әрбір лауазымды тұлғасы жауапты болады.

Қазіргі уақытта компанияда жұмысқа қабылдау/лауазымға тағайындау/жаңа лауазымға тағайындау және кірісу кезінде қызметкерлердің және/немесе лауазымды тұлғалардың ықтимал мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты бастапқы ашу рәсімі енгізілді. Бұл Ашу мынадай ақпаратты қамтиды: 1) ҚМГ және оның ЕТҰ контрагент компанияларындағы/бәсекелестеріндегі бенефициарлық иеленуі/үлестік қатысуы және басшылық етуі туралы мәліметтер; 2) ҚМГ және оның ЕТҰ контрагенттерінің немесе

ҚМГ компаниялар тобының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты жоғары басшылықтың еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне бейілділігіне негізделген және әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға тартуға бағытталған.

ретінде сайлауға ұсынылғандар арасынан сайланады. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың лауазымдық функцияларын орындау үшін және ұзақ мерзімді құнның өсуін және Компанияның орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі болуы, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделі болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы Акционерлердің жалпы жиналысында сайланады.

Тәуелсіз директорлар «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен, №35/16 хаттама, бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары директорлар кеңесінің құрамдарын қалыптастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес іріктеледі.

бәсекелестерінің жеке және алқалы органдарына қатысуы туралы мәліметтер; 3) ҚМГ және оның ЕТҰ контрагенттерімен өзара іс-қимылы туралы мәліметтер; 4) ҚМГ және/немесе оның ЕТҰ-ға тиесілі активтерді және/немесе бағалы қағаздарды сатып алу ниеті туралы мәліметтер және т.б. Комплаенс саласындағы ҚМГ-ның мүдделер қақтығысының бар-жоғы және саясаттардың және/немесе өзге де құжаттардың талаптары мен рәсімдерінің сақталуы, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының лауазымды тұлғаларында жұмысқа қабылдауға, басшы лауазымдарға тағайындауға кандидаттар ретінде қаралатын тұлғалармен, сондай-ақ жасалуына ҚМГ-ның мүдделілігі бар мәмілелер жасасу кезінде үлестестік белгілерінің бар-жоғы тұрғысынан тексеру жүргізу көзделген. Жоғарыда көрсетілген тұлғалардан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісім жинау қосымша жүзеге асырылады.

МАҚСАТТАРДЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ, МИССИЯЛАРДЫ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛАРДЫ АЙҚЫНДАУДАҒЫ БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ РӨЛІ

2-12

ҚМГ Директорлар кеңесі стратегиялық жоспарлау және ҚМГ даму стратегиясын іске асыру мәселелеріне белсенді қатысады.

ҚМГ-ның стратегиялық бастамаларына бақылауды жүзеге асыру және уақтылы түзету шараларын қабылдау мақсатында Директорлар кеңесі ҚМГ Басқарма төрағасының қызметтің негізгі өзгерістері жөніндегі есебін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпаратты, қаржы-шаруашылық қызметтің алдын ала нәтижелері жөніндегі есепті, жасалуына мүдделілік бар, жасасу туралы шешімдерін Басқарма қабылдаған жасалған мәмілелер туралы есепті, Даму стратегиясының, ҚНҚ және инвестициялық жобалардың орындалу мәртебесіне шолуды, ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспарының іске асырылуы туралы есепті, Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептерін, Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есепті, сондай-ақ Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің қызметі туралы есептерді үнемі тыңдайды.

Директорлар кеңесі ҚМГ қызметінің басым бағыттарын айқындауға және ҚМГ Даму стратегиясын бекітуге, сондай-ақ оның іске асырылуына мониторингті жүзеге асыруға жауапты болады.

2022 жылғы 15 маусымда кесте бойынша жоспарланған отырыс өткізілді, оның шеңберінде Даму стратегиясы және сыртқы факторларды талдау мәселелері және олардың 2021 жылғы 3 қарашадағы Директорлар кеңесінің шешімімен (17/2021 хаттама) бекітілген 2022–2031 жылдарға арналған ҚМГ Даму стратегиясына әсері қаралды. ҚМГ-ның қолданыстағы Даму стратегиясының өзектілігі, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ жүргізіп жатқан реформаға және сыртқы факторларға сәйкестігі мәселесі қаралды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ 2022 ЖЫЛЫ БІРҚАТАР СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚАРАДЫ:

- Шетелдік нарықтарға мұнай жеткізудің баламалы бағыттары;
- ҚМГ-ның 2023–2027 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын бекіту;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2023–2027 жылдарға арналған шоғырландырылған бизнес-жоспары туралы;

- ҚМГ қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;
- ҚМГ орталық аппаратының құрылымын бекіту;
- ҚМГ Даму стратегиясы туралы;
- ҚМГ-ның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясының іске асырылуы туралы 2021 жылға арналған есеп туралы;
- Инвестициялық жобалардың іске асырылу мәселелері;
- Басшы қызметкерлер қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерінің карталарын және олардың нысаналы мәндерін бекіту;
- ҚМГ-ның мұнай сатып алу, мұнай өнімдерін сатып алу-сату туралы шарттар жасасуы;
- ҚМГ облигацияларын шығару және шығару шарттарын айқындау туралы;
- Сооperative KazMunaiGaz U.A.-ның «Самұрық-Қазына» АҚ-дан «ҚМГ Қашаған Б. В.» ЖШЖК акцияларының 50%-ын кері сатып алуын жүзеге асыру туралы;
- Киберқауіпсіздік мәселелері.

2022 жылғы 7 қыркүйекте орнықты даму мәселелері бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің жыл сайынғы отырысы өткізілді, оның шеңберінде мынадай өзекті мәселелер бойынша талқылау өтті:

- Орнықты даму саласындағы жаһандық трендтер, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Орнықты даму саласындағы стратегиясын құру тәсілдері;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ESG дамыту нұсқаларын сыни бағалау және терең талқылау;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Төмен көміртекті даму бағдарламасының іске асырылу мәртебесі.

Директорлар кеңесі Компания жұмыскерлері мен оның мердігерлерінің барлық өндірістік объектілеріндегі экология және қоршаған ортаны қорғау, өмірі мен денсаулығы мәселелерінің жоғары басымдылығын, кадрлық әлеуетті дамытуды және орнықты даму саласындағы жалпыға бірдей танылған жаһандық мақсаттарға бейілділікті түсінеді, сондықтан орнықты дамуды және өндірудің көміртегі сыйымдылығын үдемелі төмендетуді ҚМГ-ның негізгі стратегиялық мақсаттарының бірі ретінде айқындайды, бұл «Самұрық-Қазына» АҚ-ның пайымына, Қазақстан Республикасының Даму стратегиясына және әлемдік инвестициялық қоғамдастықтың күн тәртібіне сәйкес келеді.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ЖОҒАРЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ РӨЛІ

2-14

Компанияның Жарғысына сәйкес Орнықты даму туралы есепті бекіту ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

ҚМГ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті ҚМГ Директорлар кеңесі үшін Орнықты даму саласындағы есепті бекіту туралы ұсынымды тексеретін және әзірлейтін ҚМГ органы болып табылады.

GRI жаңа стандарттарына сәйкес орнықты даму туралы есепте маңызды тақырыптарды ашу (GRI 3: Material Topics 2021) әрбір есепті кезеңде және ДК мүшелерінің тікелей қатысуымен айқындалады.

2022 жылдың қазан айында ҚМГ Директорлар кеңесіне ҚЕҚҚОҚОДК отырысында ҚМГ-ның 2022 жылғы орнықты дамуы туралы есепте ашудың маңызды тақырыптары туралы ақпарат ұсынылды. Маңызды тақырыптар GRI Standards 2021 және (GRI 11: Oil and Gas Sector 2021) салалық стандартына сәйкес айқындалған.

Орнықты дамуы туралы есепте келтірілген деректерді растау үшін тәуелсіз тарап оны верификациялауды жүзеге асырады, бұл өз кезегінде есепте ашылатын ақпараттың сенімділігін және инвесторлар тарапынан сенімділікті арттыруға және соның салдарынан ҚМГ-ның инвестициялық тартымдылығын жақсартуға ықпал етеді.

басқару, ішкі бақылау және аудит; орнықты даму; акционерлердің құқықтары; ашықтық.

Тәуелсіз диагностика нәтижелері бойынша ҚМГ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022–2023 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру іс-шаралары жоспарын бекітті.

Осыған байланысты 2022 жылы Директорлар кеңесінің қызметіне жеке тәуелсіз бағалау жүргізілген жоқ.

Бұл ретте 2022 жылы Кодекс талаптарына сәйкес 2021 жылдың қорытындысы бойынша сауалнама жүргізу арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалауы жүргізілді. Өзін-өзі бағалау сауалнамасын Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің және Директорлар кеңесінің төрағалары бірлесіп әзірледі. Сауалнама екі бөлімнен тұрды: «Құрам және процестер», «Мінез-құлық және әрекеттер» және 30 сұрақ. Өзін-өзі бағалау нәтижелері Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетте алдын ала қаралды, оның барысында Директорлар кеңесінің төрағасына Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп, Директорлар кеңесінің отырысы шеңберінде Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелерін талқылау кезінде 2021 жылдың қорытындылары бойынша мынадай аспектілерді талқылау ұсынымы әзірленді:

- 1) ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің төрағасын тағайындау;
- 2) барлық аспектілердегі әртүрлілік;
- 3) Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастық жоспары және сайлану процесі;
- 4) ҚМГ стратегиясы;
- 5) кәсіптік дамыту және оқыту.

2022 жылғы желтоқсандағы Директорлар кеңесінің отырысында 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін бағалауға қатысты мәселе қаралды. Жыл сайынғы негізде өзін-өзі бағалауды жүргізу мақсаты Директорлар кеңесі мүшелерінің сауалнамаларды толтыру қорытындылары бойынша динамиканы анықтау болып табылады. ҚМГ Директорлар кеңесі назар аударуды қажет ететін ережелерді анықтау, сондай-ақ нәтижелерді бұрын алынған нәтижелермен салыстыру мақсатында 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметіне өзін-өзі бағалау арқылы бағалау жүргізу туралы шешім қабылдады.

2023 жылдың 1 тоқсанында Директорлар кеңесін, Директорлар кеңесі комитеттерін, Директорлар кеңесі мүшелерін және корпоративтік хатшыны 2022 жылдың қорытындысы бойынша өзін-өзі бағалау тәсілімен бағалау процесін аяқтау жоспарлануда. Осыны ескере отырып, Директорлар кеңесі оның қызметін жақсартуды одан әрі талқылайтын болады.

БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ МЕН ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

2-17

Басқару органы мүшелерінің ұжымдық білімі

Директорлар кеңесінің мүшелері өз дағдылары мен кәсібилігін, соның ішінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді басқару бөлігінде ұдайы арттыруға ұмтылады. Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет тұрақты негізде Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен білімдерінің ағымдағы теңгерімін қарайды. Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту туралы ақпарат Компанияның веб-сайтында үнемі жаңартылып отырады және мына сілтеме бойынша қол жетімді: https://www.kmg.kz/sustainable-development/corporate-governance/directors_board/

Директорлар кеңесінің отырыстарында, оның ішінде Директорлар кеңесінің, сондай-ақ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитетінің орнықты даму мәселелері жөніндегі жекелеген жыл сайынғы отырысында мәселелерді қарау шеңберінде ESG (environmental, social, governance) аспектілерін қамту периметріне кіретін неғұрлым өзекті тақырыптар, оның ішінде халықаралық трендтер мен елішілік бастамалар туралы ақпарат үнемі талқыланып отырады.

СЫЙАҚЫНЫ АНЫҚТАУ ПРОЦЕСІ МЕН САЯСАТЫ

2-19, 2-20

ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы деңгейі ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерімен жасалған шарттарға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы тіркелген болып табылады. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің төрағасы үшін белгіленгеннен басқа, Директорлар кеңесіне төрағалық еткені үшін қосымша сыйақы да көзделген.

Корпоративтік басқару кодексine сәйкес «Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы деңгейі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін ұйымды табысты басқару үшін талап етілетін деңгейде тарту, ұстап қалу және ынталандыру үшін жеткілікті болуы тиіс. Бұл ретте ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы

белгілеу «Самұрық-Қазына» АҚ әзірлейтін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте ұйым үшін осы адамның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан күтілетін оң нәтижесі назарға алынуы тиіс». Сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексine сәйкес бірде-бір тұлға өзінің сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауға тиіс.

Сыйақы мөлшерін айқындау тәртібін Акционерлердің жалпы жиналысы айқындайды. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен (№35/16 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңесінің құрамдарын қалыптастыру жөніндегі қағидалар бекітілді, олар сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібін де көздейді. «Сыйақы және шығыстарды өтеу»

БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

2-18

Кодекске сәйкес Директорлар кеңесі, Комитеттер және Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануы тиіс. Бұл процесс «Самұрық-Қазына» АҚ әдіснамасына сәйкес келуі тиіс. Бұл ретте Бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

2021 жылы ҚМГ-ні қоса алғанда, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 11 портфельдік компаниясында «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС командасы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 мамырды қоса алған кезеңдегі корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасын жүргізді. Аталған диагностика шеңберінде мынадай бес бағыт бойынша қызмет бағаланды: ДК және атқарушы органның тиімділігі; тәуекелдерді

қағидаларының 3-бөліміне сәйкес сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде директорлардың міндеттері, компания қызметінің ауқымы, даму стратегиясы мен бизнес-жоспарда айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер назарға алынады. Сыйақы тәуелсіз директорларға төленеді. «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін компаниялардың Директорлар кеңесі құрамындағы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне сыйақы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі негізінде айқындалады. Кәсіби директорларды тарту және ұстап қалу мақсатында бәсекеге қабілетті сыйақыны

қалыптастыру үшін Қор Басқармасының шешімімен Қор активтері қызметінің жекелеген салалары бойынша жылдық сыйақының ең жоғары мөлшері белгіленеді. Жылдық сыйақылардың (лимиттердің) ең жоғары мөлшерін белгілеу ұқсас компанияларда қабылданған сыйақылар мөлшерімен салыстырылып жүзеге асырылады.

2022 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін айқындау үшін консультанттар тартқан жоқ.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ҚАТЫСУЫ

2-20

Сыйақы мөлшерін айқындау тәртібін ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы – «Самұрық-Қазына» АҚ айқындайды. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібін көздейтін «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары Директорлар кеңесінің құрамдарға сәйкес, қалыптастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес, сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері, компания қызметінің ауқымы, ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер назарға алынады. Сыйақы тәуелсіз директорларға төленеді. Ұйымдардың Директорлар кеңесі құрамындағы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне сыйақы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі негізінде айқындалады. Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті тәуелсіз директорларға кандидаттардың сыйақысы мөлшері бойынша ұсыныстар енгізеді.

ҚМГ Директорлар кеңесі Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің отырыстарында қажеттілігіне қарай ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысына байланысты мәселелер талқыланады.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелерін қарап, оның шеңберінде ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы деңгейі бағаланды.

GRI 2-12, 2-20, 2-21 көрсеткіштері (тәуекелдерді басқару, Директорлар кеңесінің сыйақысы) туралы толығырақ ақпарат ҚМГ-ның 2022 жылғы жылдық есебінде ҚМГ: <https://www.kmg.kz/investors/reporting/> сайтында көрсетілген.

КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

2-19, 2-22, 2-23, 2-24

ҚМГ-НЫҢ 2022–2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Біздің басты міндетіміз – орнықты дамудың күн тәртібі шеңберінде құн тізбегін кеңейту, негізгі бизнестен ақша ағындарының тұрақтылығы.



ПАЙЫМЫ



МИССИЯСЫ

Қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және орнықты даму қағидаларына сай келетін, қаржылық нәтижені барынша арттыруға бағдарланған тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы.

Біз энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қазақстанның дамуы мен өркендеуі үшін болашақ ұрпаққа деген қамқорлықпен табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды игереміз.

СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ СЫН-ҚАТЕРЛЕРДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ҚМГ МҰНАЙ, МҰНАЙ-ХИМИЯ ЖӘНЕ ЖАСЫЛ ЖОБАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢДЕСТІРІЛГЕН СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРАДЫ

ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚҰРУ

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ АУЫСУ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

Компанияның өсуге қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру

Бизнесті әртараптандыру және өнім портфелін кеңейту

Өндірістің көміртегі қарқындылығының тұрақты дамуы және біртіндеп төмендеуі

Қызметтің барлық салаларында тұрақты даму

Қызметкерлердің денсаулығын басқару

Энергияға көшу және көміртегі ізін азайту

НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕР

ESG тәуекелін бағалауды біртіндеп жақсарту **Көміртегі шығарындыларының** орнын толтыруға бағытталған жобаларды іске асыру I-REC сертификаттарын сатып алу

CO₂ шығарындыларын 2019 жылғы деңгейден **15%-ға** азайту
Орман-Климаттық жоба
Төмен көміртекті сутегі

Жалпы белгіленген қуаты ҚМГ акциясына кемінде **300 мВт ЖЭК дамыту**
CO₂ ұстау және сақтау технологияларын қолдану (CCUS)

Өндірістің көміртегі сыйымдылығы мен энергия сыйымдылығын кем дегенде **10%-ға** төмендету

2018 ЖЫЛ

- 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясы
- Әлемдік стандарттар мен озық тәжірибелерге сәйкес өндірістік қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету
- Экологиялық жауапкершілікті арттыру
- Комплаенс бағдарламасын енгізу

2019 ЖЫЛ

- Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріндегі көшбасшылық пен бейілділік, парниктік газдар шығарындыларын басқару және газды алаулатып жағуды азайту, су ресурстарын басқару, топырақ құнарлығын қалпына келтіру және энергия тиімділігін арттыру, өндіріс қалдықтарын басқару басым мақсаттар болып қала береді
- ҚМГ-да орнықты дамуды басқару жүйесі әзірленді
- Орнықты даму бойынша Жобалық кеңсе құрылды

2020 ЖЫЛ

- Құрамында көміртегі бар шығарындылар деңгейі төмен болатын өндірістік жағдайларға көшу
- БҰҰ ОДМ Компанияның бизнес-процестеріне интеграцияланған
- Компанияның жалпы ESG рейтингін айқындайтын 28 корпоративтік көрсеткіштің деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін қызметтің жаңа корпоративтік негізгі көрсеткіші енгізілді
- 2020 жылы Компания алғаш рет Sustainalytics халықаралық рейтинг агенттігінің ESG рейтингі бойынша бағаланды және мүмкін болатын 100-ден 69 балл жинады

2021 ЖЫЛ

- 2021 жылдың 3 қарашасында ҚМГ Директорлар кеңесі Компанияның 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясын бекітті.
- Қызметтің барлық бағыттары бойынша орнықты даму
- Стратегиялық мақсаттарды ESG қағидаттары тұрғысынан жүзеге асыру
- Төмен көміртекті даму жөніндегі жобалық кеңсе құрылды
- 2022–2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді.
- Қызметті күкіртсіздендіру мен энергия ауысуға ұзақ мерзімді пайым

2022 ЖЫЛ

- ЖЭК жобаларын іске асыру
- Парниктік газдардың жанама шығарындыларын азайту мақсатында ҚМГ I-REC (International Renewable Energy Certificate) жаңартылатын энергияның халықаралық сертификаттарын алып, оларды 8,5 млн кВт*сағ-қа сәндіруді жүзеге асырды
- 2031 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді

№1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ. КОМПАНИЯНЫҢ ӨСУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ЖЕТКІЛІКТІ РЕСУРСТЫҚ БАЗА

Өндірістің тұрақты деңгейін қамтамасыз ету үшін алдағы онжылдықта ҚМГ Каспий құрлығында да, қайраңында да геологиялық барлау жобаларын іске асырады.

Осы стратегиялық мақсат шеңберінде ҚМГ органикалық және бейорганикалық өсу арқылы дәстүрлі қызмет үшін де, перспективалы бағыттар үшін де жеткілікті қорлардың өсуін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

ҚР-да барлау мен жаңа қорларды әзірлеуді ҚМГ, оның ішінде халықаралық мұнай-газ компанияларымен стратегиялық әріптестік арқылы іске асырады.

2023 жылы біз «Жеңіс», «Абай» теңіз жобалары, «Торғай Палеозой», «Каратон Тұзасты», «Тайсойған» құрлықтағы жобалар бойынша белсенді кезеңге көшеміз. Қашағаннан кейінгі теңіздегі ірі кен орындарының бірі Қаламқас-Хазар теңізі кен орнын жайластыру бойынша FEED әзірлеуге кірісеміз. 2023 жылы Қашаған кен орнын одан әрі кеңейту жөнінде шешім қабылдау маңызды болып табылады.

Қосымша жаңа активтерді іздестіру мен сатып алуды ҚМГ M&A мәмілелері бойынша, олардың құны және нарықтың жалпы конъюктурасы бойынша ұсыныстар болған кезде жүзеге асыратын болады.

№2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ. КОМПАНИЯ ҚҰН ТІЗБЕГІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

ҚМГ мұнай өндіру, өңдеу, тасымалдау және маркетинг жөніндегі қызметтен түсетін пайданы барынша арттыру және барлық негізгі сегменттердегі операциялық қызметті жақсарту мақсатында негізгі қызметке назар аударады.

Операциялық активтердегі өндіру деңгейінің табиғи төмендеуін өтеу мақсатында Компания мұнай алу коэффициентін және жөндеуаралық кезең көрсеткіштерін ұлғайту, сондай-ақ ұңғымалардың максималды өнімділігіне қол жеткізу үшін өндірістік қызметтің тиімділігін арттыру жөніндегі басқа да шараларды іске асыру бойынша жұмысты жалғастыруда. Компания жаңа Каратон Тұзасты және Торғай Полеозой кен орындарын іске қосуды жоспарлап отыр.

Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған ірі жобалары бойынша Компания өндіру сәресін кеңейту, ұзарту және қолдау жобаларын табысты іске асыруға назар аударады.

Компания экспорттық және транзиттік құрамдас бөлікті ұлғайту үшін құрылған мұнай тасымалдау инфрақұрылымын тиімді пайдалануға ниетті. Сыртқы факторлар мен

геосаяси сын-тегеуріндерді ескере отырып, ҚМГ қазақстандық мұнай үшін қосымша экспорттық маршруттар құру бойынша жұмыс жүргізуде. Біз серіктестерімізбен Оңтүстік дәлізді ашу және Қытайға тасымалданатын көлемді ұлғайту туралы келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Баку – Тбилиси – Джейхан (БТД) бағыты бойынша жылына 1,5 млн тонна мұнай транзиті туралы Socar-мен Келісім жасалды.

ҚМГ-ның маңызды міндеті – МӨЗ-дің үздіксіз жұмысын және ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттілігін қамтамасыз ету. Бүгінгі таңда ел аумағындағы МӨЗ-ді жаңғырту есебінен Компания ел үшін осы стратегиялық мақсатты орындап келеді, сонымен қатар мұнай өнімдерінің бір бөлігін экспортқа жеткізеді. Атап айтқанда, қара мұнай өнімдерінің экспорты 694 мың тонна, мұнай химиясы (бензол, параксилол) – 35 мың тонна, жеңіл мұнай өнімдері (Аи-92 бензині) – 7 мың тонна, кокс пен күкірт – 85 мың тоннаны құрады.

Компания операциялық шығындарды оңтайландыру және жеткізу тізбегінің тиімділігін арттыру үшін үздіксіз жұмыс істейді.

№3 СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ. БИЗНЕСТІ ӘРТАРАПТАНДЫРУ ЖӘНЕ ӨНІМДЕР ПОРТФЕЛІН КЕҢЕЙТУ

ҚМГ отандық мұнай-газ химиясы саласын дамытудағы ҚР Үкіметінің қолдауы есебінен отандық мұнай-газ химиясы саласын дамыту процесіне белсенді түрде тартылатын болады, ол ұлттық экономиканың өсуінің тағы бір қуатты ынталандырғышына айналуға тиіс, өйткені мұнай-газ химиясы бүкіл ел үшін мультипликативтік әсер етеді.

Мұнай-газ химиясы мұнайға әлемдік сұраныстың ірі драйверіне айналуға. Компания мұнай-газ

химиясы жобаларын қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді перспективада мұнайға әлемдік сұранысты қайта бөлу жағдайында жаңа бөліністер өнімін шығару үшін қолда бар қосымша көмірсүтек ресурстарын пайдаланатын және тартатын болады, мынадай екі стратегиялық бастаманы іске асыратын болады.

Мұнай-газ химиясы жобалары туралы толығырақ «Инвестициялық жобаларды іске асыру» бөлімінде.

№4 СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ. ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІҢ КӨМІРТЕКТІ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫН ҮДЕМЕЛІ ТӨМЕНДЕТУ

ҚМГ экономикаға, экологияға және қоғамға өз ықпалының маңыздылығын сезінеді және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік басымдықтардың, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы міндеттердің келісімділігін

қамтамасыз ету мақсатында Компанияның негізгі бизнес-процестеріне орнықты даму қағидаттарын интеграциялауды жалғастырады.

Компания өзінің ESG көрсеткіштерін жақсартуға және менеджерлердің стратегиялық және орта мерзімді ҚНҚ жүйесіне ESG мақсаттарын интеграциялауға тырысады. ҚМГ қызметкерлермен және кәсіподақтармен әріптестік қағидаттарына негізделген жоғары әлеуметтік жауапкершілік нормаларына ұмтылады.

Компания сонымен қатар қызметкерлердің денсаулығын тиімді басқару деңгейін және қызметкерлердің өмір сүру сапасын арттыруға ұмтылады, үш негізгі бағытты назарында ұстайды:

- Пандемиямен және оның салдарымен күресу.
- Кәсіптік аурулардың алдын алу.
- Қызметкерлердің салауатты өмір салты туралы хабардарлығы мен уәждемесін арттыру.

Бірыңғай тәсілдерді енгізу және қызметкерлердің денсаулығын сақтау көрсеткіштерін жақсарту мақсатында ҚМГ компаниялар тобында Персоналдың денсаулығын басқару бағдарламасы әзірленді.

Климаттық күн тәртібінің стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, Компания ҚМГ климаттық өршіл мақсаттарын, көміртегі ізін азайту жөніндегі негізгі тәсілдер мен шараларды айқындайтын 2022–2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асырады.

2019 жылмен салыстырғанда 2031 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 15%-ға қысқартуды мақсат тұтып, ҚМГ Компанияның көміртегі ізін төмендетудің салмақты тәсілін таңдайды. Сонымен қатар Компанияда жалпы қуаты кемінде 300 МВт ЖЭК жобаларын іске асыру жоспарлануда.

Төмен көміртекті дамыту бағдарламасы туралы толығырақ «Төмен көміртекті саясат» бөлімінде.

Белгіленген төрт стратегиялық мақсатты іске асыру нәтижесінде ҚМГ ұлттық экономиканы әрараптандыруға және Қазақстан Республикасының көміртегі ізін азайтуға үлес қосады, осылайша Компанияның өсуіне және қазақстандықтардың әл-ауқатына, сондай-ақ болашақ ұрпақ үшін экологияның сақталуына ықпал етеді.

ҚМГ даму стратегиясы, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері корпоративтік сайтта (<https://www.kmg.kz/company/strategy/>)

жариялау арқылы барлық мүдделі тараптарға жеткізіледі. ҚМГ тобы бойынша компанияның қызметіне әсер ететін жүйелі және ұзақ мерзімді мәселелерді шешу үшін жыл сайын стратегиялық сессиялар өткізіледі.

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

- Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі
- IPO-ға дайындық: Жол картасында көзделген IPO өткізуге дайындық бойынша негізгі іс-шараларды орындау
- Инвестициялық жобалардың іске асырылуы
- Бос ақша ағыны (FCF)
- Еңбекке байланысты жазатайым оқиғалардың коэффициенті (LTIR)
- ESG тәуекел рейтингі

2022 жылға Компанияның топ-менеджменті үшін (ҚМГ Басқармасының 4 мүшесі), сондай-ақ Төмен көміртекті даму бағдарламасы шеңберіне кіретін компаниялар үшін 2022–2031 жылдарға арналған ҚМГ Төмен көміртекті дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеуге байланысты функционалдық және корпоративтік ҚНҚ әзірленіп, белгіленді.

ҚМГ компаниялар тобы бойынша парниктік газдар шығарындылары бойынша болжамдар негізінде күкіртсіздендіру жөніндегі шараларды жүйелі іске асыру үшін 2022 жылдан бастап өндірістің көміртегі сыйымдылығын төмендетуге және күкіртсіздендіруге байланысты жыл сайын мынадай ҚНҚ белгіленетін болады:

- парниктік газдардың жиынтық шығарындылары көлемінің бөлігі бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ бас компаниясы белгілеген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік ҚНҚ (Score 1 + Score 2);
- ҚМГ Төмен көміртекті дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және жетекшілік ететін еншілес және тәуелді кәсіпорындардың іс-шаралар жоспарларын орындауға қатысты ҚМГ Басқарма төрағасының 4 орынбасарының (Басқарма мүшелері) функционалдық ҚНҚ;
- Score 1 + Score 2 қамтуы бойынша ПГ шығарындыларының жиынтық көлемі бойынша нысаналы көрсеткіштерді белгілейтін, ТҚДБ қамтуына кіретін 11 еншілес және тәуелді кәсіпорынның корпоративтік ҚНҚ.



ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ



- 1-қағидат.** Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуге тиіс.
- 2-қағидат.** Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.
- 4-қағидат.** Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою үшін әрекет етуге тиіс.
- 6-қағидат.** Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.
- 8-қағидат.** Іскерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.
- 10-қағидат.** Іскерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.

БІЗДІҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ТӘСІЛІМІЗ

3-3, 201-2

Біздің орнықты даму аспектілерін басқаруға деген көзқарасымыз мынадай орнықты даму қағидаттарын енгізуге негізделеді:

ашықтық, есептілік, ашықтық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу, жеке үлгі.

ҚМГ орнықты даму саласында мынадай элементтерді қамтитын тиімді басқару жүйесін құруға ұмтылады:

- Компанияның басқарудың барлық деңгейлерінде орнықты даму қағидаттарына бейілділігі;
- орнықты дамудың үш аспектісі бойынша сыртқы және ішкі жағдайды талдау; экономикалық, экологиялық және әлеуметтік;

- әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларда орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындау;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және стейкхолдерлер картасын құру;
- орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНҚ айқындау;
- орнықты даму саласындағы басым бағыттарды (бастамаларды) іске асыру;
- орнықты дамуды негізгі бизнес-процестерге интеграциялау;
- Компания қызметкерлерінің орнықты даму саласындағы біліктілігін арттыру;
- орнықты даму бойынша жыл сайынғы есептілік процесін ұйымдастыру;
- орнықты даму саласындағы нәтижелілікті өлшеу;
- орнықты даму процесін жетілдіру.

ҚМГ-ДАҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ



ҚМГ Директорлар кеңесі орнықты даму және ОДМ-ға қол жеткізу қағидаттарының енгізілуіне стратегиялық басшылықты және бақылауды жүзеге асырады. Компанияның орнықты дамуы туралы жыл сайынғы шоғырландырылған есепті бекітеді.

ҚМГ ДК ҚЕҚҚОҚОДК орнықты даму мәселелерін қарауды және ұйымдастыруды, ОДМ-ға қол жеткізу мәртебесін, орнықты даму саласындағы саясатты, ҚМГ орнықты даму туралы жыл сайынғы есебін, орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын және бекітілуі ДК құзыретіне жататын өзге де ішкі құжаттарды, орнықты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық компоненттерін енгізу, орнықты даму саласындағы басқару жүйесін қалыптастыруды, орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНҚ айқындауды, ҚМГ-да орнықты дамудың енгізілуін, ҚМГ-ның негізгі процестеріне орнықты дамуды интеграциялауды бақылауды жүзеге асырады.

ҚМГ Басқармасы орнықты даму саласындағы қағидаттарды, саясаттарды, стандарттарды және Компаниядағы іс-шаралар жоспарын тиісінше іске асыруды және енгізуді жүзеге асырады. Орнықты даму саласындағы қызметтің мониторингін, орнықты даму және ОДМ-ға қол жеткізу

саласындағы мақсаттар мен ҚНҚ орындалуын бағалауды жүзеге асырады.

Орнықты даму мәселелеріне жетекшілік ететін ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасары орнықты даму саласындағы бастамалар бойынша мақсаттар мен ҚНҚ-ға қол жеткізу тәсілдерін үйлестіруді және орнықты даму саласындағы корпоративтік стандарттардың іске асырылуын бақылауды, орнықты даму саласындағы есептің дайындалуына және ОДМ-ға қол жеткізілуіне бақылауды жүзеге асырады.

ҚМГ Стратегия және инвестициялар портфелін басқару департаментінің орнықты даму секторы орнықты дамуды және ОДМ-ға қол жеткізуді басқару үшін жауапты құрылымдық бөлімше орнықты дамуды басқару жүйесінің бастамашылығына, үйлестірілуіне және енгізілуіне, оны Компанияның бизнес-қызметіне интеграциялауға жәрдем көрсетуге, орнықты даму мәселелері бойынша әдіснамалық қолдауға, орнықты даму саласындағы есепті жыл сайын дайындауға және бекітуге жауап береді, жауапты құрылымдық бөлімшелерге орнықты даму саласындағы тәуекелдерді сәйкестендіру мен басқаруға, мүдделі тараптардың картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуге, сондай-ақ орнықты даму саласындағы оқыту мәселелеріне жауапты болады.

ҚМГ құрылымдық бөлімшелері орнықты даму саласындағы жүйені енгізуді, ОДМ-ға қол жеткізу бойынша бастамаларды іске асыруды, ішкі және сыртқы жағдайды талдауды, орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындауды, мүдделі тараптардың/стейкхолдерлердің картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуді, орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асыруды, халықаралық стандарттарға сәйкес орнықты даму саласындағы есеп үшін ақпарат дайындауды жүзеге асырады.

ҚМГ барлық қызметкерлері, әркім өз деңгейінде жеке мінез-құлқын таныту және тиісті саясат пен стандарттарды сақтау арқылы орнықты даму және ОДМ-ға қол жеткізу саласындағы қағидаттар мен іс-шараларды енгізеді.

2022 жылы Компанияның қызметіне ESG қағидаттарын енгізуге кешенді жүйелі тәсіл бойынша ілгерілеуге мынадай іс-шаралар бойынша қол жеткізілді:

- ҚМГ Sustainalytics халықаралық рейтингтік агенттігінің тәуелсіз бағалауынан өтті. Компания тәуекелдерді басқарудың орташа деңгейін 28,4 балл деңгейінде сақтап қалды.
- 2022 жылға арналған орнықты даму көрсеткіштері бойынша Компания қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында

ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен корпоративтік ҚНҚ – ESG рейтингі бекітілді. Бекітілген ҚНҚ нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізілді.

- 2022 жылы ҚМГ Басқарма мүшелеріне 2022–2031 жылдарға арналған ҚМГ Төмен көміртекті даму бағдарламасының іс-шараларын орындаумен байланысты корпоративтік ҚНҚ белгіленді. Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру периметріне кіретін ЕТҰ үшін белгіленген көлемде көміртегі ізін азайту бойынша ҚНҚ белгіленген.
- 2022 жылдың қыркүйек айында **ҚМГ Директорлар кеңесінің жыл сайынғы Орнықты даму отырысы** өткізілді. Онда орнықты даму саласындағы басым мәселелер: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Төмен көміртекті даму бағдарламасының жоспарлары мен міндеттері, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Орнықты дамудың басым мақсаттарын енгізу мәртебесі, орнықты даму саласындағы жыл сайынғы есептілік қаралды.
- **Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитетінде орнықты даму жүйесін енгізуге тұрақты негізде шолу жүргізіледі.** Жалпы, 2022 жылы Комитеттің 5 отырысы өткізіліп, онда 40 мәселе қаралды. 2022 жылы Комитеттің басты назары еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау, ESG (Environmental, Social, Governance) аспектілерін


ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ESG МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРАДЫ

2022 жылдың қыркүйегінде Ақтау қаласында PWC Kazakhstan сарапшылары ҚМГ Корпоративтік орталығының қызметкерлерімен бірлесіп, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, экономика және адам ресурстарын басқару мәселелеріне жетекшілік ететін ЕТҰ қызметкерлері үшін орнықты даму саласындағы ақпаратты ашу бойынша практикалық тренинг өткізді.

Оқыту барысында ЕТҰ-ның жүзден астам қызметкері орнықты даму саласындағы жаһандық трендтермен, БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарымен және ESG рейтингтерінің ҚМГ қызметіне әсерімен танысты. Тренингке қатысушылар теориядан басқа Орнықты даму саласындағы халықаралық стандарттарды практикалық қолдануды да игерді. GRI орнықты даму саласындағы x стандарттар.





стратегиялық басқару, сондай-ақ орнықты даму жүйесін енгізу мәселелерінде болды.

- Өзінің орнықты даму қағидаттарын іске асыруға бейілділігін растай отырып:

- Орнықты даму саласындағы саясат бекітілді;
- Адам құқықтары және жұртшылықпен қарым-қатынас саясаты бекітілді;
- ҚМГ ESG рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру жүргізілуде;
- күкіртсіздендіру саласында ҚМГ-ның өзіндік тәсілдерін әзірлеу мақсатында Төмен көміртекті даму департаменті құрылды;

– «КазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022–2031 жылдар кезеңіне арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді;

– «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында Персоналдың денсаулығын басқару бағдарламасы бекітілді.

Орнықты даму мәдениетін арттыруға көп көңіл бөлінеді. Корпоративтік орталық пен ЕТҰ қызметкерлері үшін орнықты даму бойынша оқыту курстары тұрақты негізде өткізіледі.

ЕСЕПТИҢ МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРЫ

2-3, 2-14, 3-1, 3-2, 3-3

Есептің маңызды тақырыптары экономикаға, қоршаған ортаға және адамдарға, соның ішінде адам құқықтарына өзінің айтарлықтай әсері туралы және осы әсерді қалай басқаратыны туралы ақпаратты ашады. Маңызды тақырыптарды айқындау процесі ҚМГ-ның Орнықты дамуы туралы есепте ашылатын маңызды тақырыптар туралы ҚЕҚҚОҚОДК мүшелерін ақпараттандыру кезінде тиісті мүдделі тараптармен әсерді үнемі айқындап отыру мен бағалауға негізделеді.

Есептегі маңызды тақырыптарды бағалау және ашу үшін сыртқы және ішкі мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) деректері талданды. Онлайн

сауалнама Google Forms платформасы негізінде дайындалды. Сауалнамаға 100-ден астам респондент қатысты. Өткізілген рәсімдердің нәтижелері бойынша 27 әлеуетті тақырыптан тұратын маңыздылық кестесі жасалды.

Барлық қаралатыны: GRI 11: Oil and Gas Sector 2021 салалық 22 тақырып, оның ішінде 13 тақырып маңызды деп айқындалды. 2022 жылға арналған Орнықты даму туралы есепте 27 GRI стандарты маңыздылар ретінде ашылған. 2021 жылы Есепте 24 тақырып ашылды: <https://www.kmg.kz/sustainable-development/>

ЕЛЕУЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ

№	Маңызды тақырыптар	3	7	8	9	11	12	13	15	17
1	11.1 Парниктік газдар шығарындылары		●					●		
2	11.3 Атмосфераға шығарындылар					●		●	●	
3	11.4 Биоалуантүрлілік						●		●	
4	11.5 Қалдықтар	●	●				●	●	●	
5	11.6 Су және ақаба сулар					●	●		●	
6	11.7 Жабу және оңалту					●			●	
7	11.9 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	●		●						
8	11.10 Жұмысқа орналасу тәжірибесі			●						
9	11.11 Кемсітушіліктің болмауы және тең мүмкіндіктер			●						
10	11.13 Қауымдастық және ұжымдық келіссөздер бостандығы			●						
11	11.14 Экономикалық салдар					●	●			
12	11.15 Жергілікті қоғамдастықтар	●					●			
13	11.21 Мемлекет пайдасына төлемдер									●

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

2-29

Біз мүдделі тараптармен белсенді диалог қағидатын іске асыра отырып, өз қызметіміздің ашықтығы мен айқындығының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге тырысамыз. Жыл сайын біз Компания жұмысының барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты ашамыз. Бұл біздің қызметіміздің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.









ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден, оларды тасымалдау мен өңдеуден бастап, Қазақстан ішінде де, шетелде де мұнай мен мұнай өнімдерін сатуға дейін толық өндірістік циклді жүзеге асырады және мұнай-газ секторындағы мемлекеттің мүддесін білдіреді. Қызметтің құрылымы мен түрлерінің күрделілігіне байланысты ҚМГ мүдделі тараптардың кең ауқымымен өзара іс-қимыл жасайды.

ҚМГ мүдделі тараптармен диалогты және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жолға қою және қарым-қатынасты басқару бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдайды.

ҚМГ-да Мүдделі тараптардың картасы бекітілді, ол тәуелділік (тікелей немесе жанама), міндеттемелер, жағдай (жоғары тәуекел аймақтарына ерекше назар аудара отырып), әсер, әртүрлі (әр алуан) перспективалар ескеріле отырып, тәуекелдер мен ранжирлеу есепке алына отырып жасалды. Қойылған міндеттерді тиімді іске асыру үшін мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарлары жасалады.

ҚМГ мүдделі тараптарды айқындау және олармен өзара іс-қимыл кезінде AA1000SES Stakeholder Engagement Standard сияқты халықаралық стандарттарды қоса алғанда, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың ең үздік практикасын қолданады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ТӘСІЛДЕРІ

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТОПТАРЫ	ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ КЕЗІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ҚАЖЕТТІЛІКТЕР	АҚПАРАТТЫ АШУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫ
 АКЦИОНЕРЛЕР	<ul style="list-style-type: none"> Бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Компания қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат. 	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету ҚМГ Директорлар кеңесінде акционерлер мүдделерінің өкілдігі Корпоративтік сайтта жариялау Қазақстан қор биржасының сайтында жариялау Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу
 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның қызметі, инвесторлардың және жалпы инвестициялық қоғамдастықтың мүдделерін қозғайтын корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат. Қызығушылық салынған инвестициялардың рентабельділігін, ҚМГ-ға инвестициялау үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз етуден көрініс табады. 	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Корпоративтік сайтта, оның ішінде «Инвесторларға» бөлімінде жариялау (www.kmg.kz) Қазақстан қор биржасының сайтында жариялау Инвесторлар үшін және басқа да қоғамдық іс-шаралар шеңберінде көшпелі презентациялар (роуд-шоу) ұйымдастыру Кездесулер, конференц-қоңыраулар өткізу Электрондық пошта арқылы сұраулармен жұмысты қамтамасыз ету (ir@kmg.kz), телефон консультациялары Баспасөз хабарларын орналастыру Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау
 ҚАУЫМДАСТЫҚТАР, ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР, ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР	<ul style="list-style-type: none"> ҚР заңнамасына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес құпияға жатқызылатындарынан басқа кез келген ақпарат. Халықты жұмыспен қамту, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экологиялық қауіпсіздік және табиғат қорғау қызметі мәселелеріне қатысты ақпарат. Қызығушылық қоғамды компанияның қызметі туралы ақпараттандыруға және ҚМГ ақпараттық ашықтық деңгейін арттыруға, сондай-ақ жергілікті халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, компания қызметінің ашықтығына, қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға деген ұмтылысынан көрініс табады. 	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Корпоративтік веб-сайтта жариялау Халықпен кездесулер өткізу Қоғамдық тыңдаулар БАҚ-та жариялау Азаматтарды қабылдау Шағымдар мен өтініштермен жұмысты ұйымдастыру Жергілікті органдардың жұмысына және жергілікті қоғамдастықтардың жобаларына қатысу Жергілікті қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен қоғамдық іс-шаралар өткізу Қауымдастықтарға мүшелік Халықаралық бастамалар Салалық форумдарға, конференцияларға қатысу Әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша жұмыс топтарына мүшелік Сауалнамалар мен зерттеулер Сұраулармен жұмыс
 БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ	<ul style="list-style-type: none"> ҚР заңнамасына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес құпияға жатқызылатындарынан басқа кез келген ақпарат. Қызығушылық қоғамды компанияның қызметі туралы ақпараттандыруға деген ұмтылысынан көрініс табады. 	<ul style="list-style-type: none"> Корпоративтік веб-сайтта жариялау БАҚ-та жариялау және БАҚ-тың сұрауларына жауап беру Баспасөз хабарларын тарату Баспасөз конференцияларын, брифингтерді, баспасөз турларын, форумдарды, ақпараттық сессияларды және басқа да медиа-іс-шараларды өткізу Сұраулармен жұмыс
 ҮКІМЕТ, ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекеттің, халықтың мүдделерін қозғайтын әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және салалық сипаттағы ақпарат. Қызығушылық ҚМГ қызметіне, заңнама талаптарына, салық түсімдеріне, экономикалық өсуге және әлеуметтік міндеттерді шешуге сәйкес келеді. 	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Корпоративтік веб-сайтта жариялау Жиналыстар, кездесулер, конференц-қоңыраулар өткізу БАҚ-та жариялау Деректерді электрондық жүйеге енгізу Байланыс құралдары арқылы хабарлау ҚР заңнамасын жетілдіру жөніндегі жұмыс топтары
 ҚМГ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫ	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның қызметі, оның стратегиялық даму жоспарлары, корпоративтік басқарудың енгізілетін тетіктері, өзара іс-қимыл әдістері, ЕТҰ мүдделерін қозғайтын корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат. Қызығушылық орнықты дамуды, қаржылық орнықтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесуді, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл бойынша көмек көрсетуден көрініс табады. 	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Корпоративтік веб-сайтта жариялау Акционерлердің/қатысушылардың жалпы жиналыстарында, сондай-ақ Директорлар кеңестерінде/Байқаушы кеңестерінде акционердің мүдделерін білдіру Кеңестер, консультациялық панельдер, конференц-қоңыраулар өткізу Комитеттерге, жұмыс топтарына қатысу Тренингтер, семинарлар ұйымдастыру
 КЛИЕНТТЕР, ӨНІМ БЕРУШІЛЕР, СЕРІКТЕСТЕР, БАСҚА ҰЙЫМДАР	<ul style="list-style-type: none"> Өзара тиімді ынтымақтастық шарттарына әсер етуі мүмкін басшылық шешімдері, серіктестердің, өнім берушілердің, клиенттердің мүдделерін қозғайтын корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат. Қызығушылық-ынтымақтастық тараптарының құқықтарын сақтау, олардың өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуді білдіреді. 	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Корпоративтік веб-сайтта жариялау Жиналыстар, кездесулер, конференц-қоңыраулар өткізу Шағымдармен және өтініштермен жұмысты қамтамасыз ету Серіктестер/өнім берушілер күндерін ұйымдастыру Хабарламалар жіберу Аудиттер
 КӘСІПОДАҚТАР, ҚМГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның даму жоспарлары, еңбек жағдайлары, мансаптық өсу, әлеуметтік-еңбек құқықтарының сақталуы, ҚМГ қызметкерлерінің мүдделерін қозғайтын корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат. Қызығушылық үйлесімді және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуден, ҚР еңбек заңнамасына сәйкес құқықтар мен міндеттерді сақтаудан көрініс табады. 	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Корпоративтік веб-сайтта жариялау Кеңестер, жиналыстар өткізу Басшылықтың еңбек ұжымдарымен есептік кездесулері Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кеңестер мен комитеттер Тренингтер, семинарлар ұйымдастыру Ішкі хабарламалар жіберу Ішкі байланыс арналары арқылы материалдарды тарату Сауалнамалар, сауалдар Конкурстар

БАСТАМАЛАР МЕН МҮШЕЛІКТЕР

2-28, 2-29, 304-3

БАСТАМАЛАР



Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ИМГ-ні тұрақты алаулатып жағуды толық тоқтату» бастамасы

Бастама ілеспе мұнай газын (ИМГ) тұрақты алаулатып жағу тәжірибесін 2030 жылдан кешіктірмей тоқтату үшін ынтымақтасуға келіскен үкіметтерді, мұнай компанияларын және даму ұйымдарын біріктіреді. ҚМГ бұл бастаманы 2015 жылы қолдап, алдына шикі газды (ИМГ) тиімді пайдалануды арттыру және газды тұрақты алаулатып жағу көлемін 0-ге дейін азайту мақсатын қойды.



Жаһандық Метан Бастамасы

ҚМГ Жаһандық есептілік бастамасын (ЖЕБ) қолдайды және Орнықты даму туралы есеп шеңберінде өзінің экологиялық қызметі туралы ақпаратты барлық мүдделі тараптарға үнемі ашып отырады. 2017 жылы ҚМГ метан шығарындыларын азайту жөніндегі ҚМГ қызметі шеңберінде ҚМГ жобалық желісіне қосылды, бұл метан шығарындыларын азайту, сондай-ақ метанды қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі жобаларға мүдделі жеке сектор субъектілерінің, қаржы мекемелерінің және басқа да үкіметтік және үкіметтік

емес ұйымдардың ұлғайып келе жатқан қоғамдастығы болып табылады.



CDP Климаттық бағдарламасы

2022 жылы ҚМГ Румыния мен Грузиядағы еншілес ұйымдарды қоса алғанда, ҚМГ-ның барлық активтері бойынша парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларының деректерін қамтитын CDP (Carbon Disclosure Project) Климаттық бағдарламасы шеңберінде 2021 жылдың қорытындылары бойынша Климаттық сауалнаманы жариялады. Сондай-ақ 2021 жылдың қорытындысы бойынша CDP су қауіпсіздігі бойынша сауалнама жарияланды.

Каспий өңірінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастамасы (Caspian Environmental Protection Initiative «CEPI»)

2020 жылдың қыркүйегінде Баку қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік мұнай компаниясы, BP Exploration (Caspian Sea) Limited, Equinor Apsheron as және TOTAL E&P Apsheron B.V арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Меморандум Каспий өңірінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастамасын құруды көздейді. Бастаманың негізгі мақсаттары қоршаған ортаны қорғау және өңірде жұмыс істеп тұрған халықаралық мұнай компанияларын бірлесіп

зерттеу үшін алғашқы платформа құру болып жарияланды. Қатысушы компаниялардың қызметі Каспий өңірінің экологиялық орнықтылығына қауіп төндіретін климаттың өзгеру проблемасын шешу және қоршаған ортаға парниктік газдар мен зиянды заттардың шығарылуын болдырмау мақсатында белсенді бірлескен күш-жігерге бағытталатын болады.



Қазақстанның мұнай-газ компанияларының экологиялық жауапкершілігінің рейтингі

Компания экологиялық жауапты бизнес жолын жалғастырады, қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін дамытады, осы мәселе бойынша барлық мүдделі тараптармен диалог жүргізеді, осылайша Компанияның экологиялық саясатында көрсетілген өз міндеттемелерін орындайды.



Экологиялық көрсеткіштерді жақсарту және осы салада ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ҚМГ Дүниежүзілік жабайы табиғат қорының (WWF), CREON Group және Талдамалық кредиттік рейтингтік агенттіктің тәуелсіз сарапшыларының бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы мұнай-газ компанияларының экологиялық ақпаратының ашықтығы рейтингінде алтыншы жыл қатарынан бірінші орында келеді.

2022 жылғы 1 желтоқсанда Мәскеу қаласында БҰҰ ақпараттық орталығында Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF), Creon Group және АКРА рейтингтік агенттігі Еуразиялық «Мұнай-газ компанияларының экологиялық ақпаратының ашықтығы рейтингі» – 2022 қорытындысын ұсынды.

2022 жылғы рейтинг іріктемесіне Қазақстанның 14 мұнай-газ компаниясы кірді. Рейтинг тізімі Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес мұнай, газ конденсаты және мұнай өнімдерін өндіру көлемімен айқындалады.

Сондай-ақ рейтингте Ресей Федерациясының 21 мұнай-газ компаниясы және Әзірбайжаннан 2 компания бар. Ресейлік мұнай-газ компанияларының арасында Татнефть компаниясы бірінші орында.



VISION ZERO

Vision Zero жаһандық бастамасы

2022 жылғы 1 наурызда ҚМГ «Нөлдік жарақаттану» –Vision Zero тұжырымдамасын ілгерілету жөніндегі жаһандық бастамаға ресми түрде қосылды.

«Vision Zero» немесе «Нөлдік жарақаттану» – бұл өндірістің барлық деңгейлерінде жұмыскерлердің қауіпсіздігі, еңбек гигиенасы және әл-ауқаты сияқты үш бағытты біріктіретін профилактиканы ұйымдастырудың сапалы жаңа тәсілі. ХӘҚК әзірлеген «Vision Zero» тұжырымдамасы икемділігімен ерекшеленеді және оны жұмыскерлердің қауіпсіздігін, еңбек гигиенасын және әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін басым маңызы бар нақты алдын алу шараларына бейімдеуге болады.

Бұл тұжырымдама жұмыскерлерді барынша қорғау, оларға оңтайлы еңбек жағдайларын жасау үшін жұмыс берушінің іс-қимылдарының реттілігін болжайды. Ал қызметкер тарапынан – бұл қауіпсіз еңбек, тек өзі үшін ғана емес, әріптестері үшін де жауапкершілікті арттыру.

ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

ҚМГ ESG АҚПАРАТЫН АШЫП КӨРСЕТУ ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША PWC KAZAKHSTAN 50 ҮЗДІГІНЕ КІРДІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үшінші жыл қатарынан корпоративтік есептердегі қаржылық емес ақпаратты ашып көрсету бойынша үздік 50 компанияның санына кіріп тұр. Рейтингті PwC Kazakhstan компаниясы 98 ұйым арасында жүргізді. Зерттеу шеңберінде 2021 жылы жарияланған қазақстандық компаниялардың жылдық есептері мен орнықты дамуы туралы есептеріндегі ESG ақпаратының сапасы мен қолжетімділігіне баға берілді. Рейтингпен мұнда танысуға болады: <https://www.pwc.com/kz/en/assets/esg/esg-disclosure-rating.pdf>



«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігімен («МГКА» РҚБ) өзара іс-қимыл жасау бастамасы

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» РҚБ миссиясы – сала ардагерлерінің интерактивті қарым-қатынасы, мұнай-газ өнеркәсібін дамытуға, олардың әлеуеті мен өндірістік саладағы тәжірибесін пайдалануға, қоғам өміріне белсенді қатысуға, мұнайшылардың жас ұрпағына өмірлік және кәсіби тәжірибелерін беруге бағытталған кәсіби және әуесқойлық мүдделерін қанағаттандыру үшін жағдайлар жасау.

2021 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» РҚБ арасында Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Меморандум шеңберінде мұнай-газ кешені ардагерлерінің практикалық тәжірибесін, ғылыми-техникалық және зияткерлік әлеуетін пайдалану туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Мұнай-газ саласы ардагерлерінің сараптамалық кеңесі құрылды. Кеңестің негізгі міндеттері: мұнай-газ саласын технологиялық және цифрлық дамыту саласында ҚМГ стратегиялық бағдарламаларын іске асыру, мұнай-газ саласын дамытуға байланысты қоғамдық бастамаларды талқылау, мұнай-газ саласын нормативтік-құқықтық реттеу үшін сараптамалық ұсынымдар әзірлеуге қатысу,

ҚМГ-ның өндірістік қызметіне елеулі әсер ететін мәселелер бойынша сараптамалық қорытындылар әзірлеу, мұнай-газ саласын технологиялық және цифрлық дамыту саласында ҚМГ стратегиялық бағдарламаларын, ҚМГ өндірістік қызметін жүзеге асыруда сараптамалық, ақпараттық және консультациялық қолдау.



Мұнайдың авариялық төгілуін жоюға дайын болуды қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік бастама/Oil Spill Preparedness Regional Initiative (OSPRI)

Бастаманың мақсаты мұнай төгілуіне ден қою бойынша танылған, сенімді, интеграцияланған және орнықты ұлттық, өңірлік және халықаралық шешімдерді қабылдауға ықпал ететін бірлескен жұмыста мұнай өнеркәсібі мен өңір үкіметтеріне жәрдемдесу және қолдау болып табылады. Бастама IPIECA, Дүниежүзілік мұнай-газ өнеркәсібінің экологиялық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі қауымдастығы арқылы жүзеге асырылуда (www.ipieca.org). OSPRI/MATЖӨД – IPIECA үшін халықаралық теңіз ұйымымен (IMO – www.imo.org) және басқа да халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта мұнай төгілуіне дайын болуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу жөніндегі халықаралық күш-жігерді іске асырудың өңірлік құралы болып табылады.

МҮШЕЛІК



«Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы

ҚМГ мен «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы арасында құқықтық мәселелер бойынша Ынтымақтастық туралы келісім жасалды.

Келісім Тараптардың заңнаманы жетілдіру, құқықтық мәдениетті арттыруға, Төрелік сотта коммерциялық дауларды шешуді кеңейтуге бағытталған бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және т.б. сияқты құқықтық қызметтің маңызды бағыттарында өзара іс-қимылын көздейді.



«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы

ҚМГ басшылығы Қауымдастықтың бірнеше комитеттері мен жұмыс топтарының жұмысына қатысады.

KAZENERGY Экология, әлеуметтік жауапкершілік және ашықтық мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесіне төрағалық ету ҚМГ үшін Қазақстанның мұнай-газ саласындағы орнықты даму мәселелерін ілгерілетуге мүмкіндік болып табылады.

ҚМГ мен «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қазақстандық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі арасында Ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

Меморандум ҚР заңнамасын жетілдіру, құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу, заңтану саласындағы өзекті мәселелерге арналған дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар өткізу және т.б. сияқты құқықтық қызметтің маңызды бағыттарында бірлескен қызметті көздейді.



БҰҰ Жаһандық шарты

Орнықты даму қағидаттарына біздің ұстанушылығымыздың көрінісі БҰҰ Жаһандық шартына мүшелік, сондай-ақ Жаһандық шарт қағидаттарын ілгерілету бойынша ҚМГ-нің қол жеткізген ілгерілеуі және Орнықты даму саласындағы 17 жаһандық мақсат туралы хабарлама ретінде БҰҰ ЖШ сайтында Орнықты даму саласындағы есепті жыл сайын орналастыру болып табылады.



IOGP Халықаралық Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы

2018 жылдан бастап ҚМГ осы ұйымның толық құқылы мүшесі ретінде Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығына (бұдан әрі – IOGP) кіру туралы шешім қабылдады.

IOGP-ге мүше болған жылдары ҚМГ IOGP халықаралық озық ұсынымдары мен тәжірибелерін зерделеп, пайдаланды, бұл ҚМГ-ның ӨҚ, ЕҚОҚ саласындағы көрсеткіштерін және жалпы менеджмент жүйесін жақсартуға көмектесті, сондай-ақ ҚМГ-ның халықаралық деңгейдегі мүмкіндіктері мен рейтингін арттырды.

2022 жылдан бастап ҚМГ барлық IOGP мүшелері үшін бірыңғай «Өмірлік маңызды ережелерге» (Life-Saving Rules) көшті, олар компаниялар тобы бойынша бұрын қолданыста болған «Алтын ережелерді» алмастырды.

IOGP 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін IOGP-ге мүше жүзге жуық кәсіпорында екі мың өлімге әкелген жазатайым оқиғаларға талдау жүргізді. Талдау нәтижесінде қауымдастық қауіпсіздіктің жиі қайталанатын бұзылыстарын анықтады.

Осы бұзушылықтардың алдын алу үшін өмірді сақтаудың 9 маңызды ережесі әзірленді. Бұл ережелер жұмыскерлерге өздерін және әріптестерін өлімнен қорғау үшін жасай алатын әрекеттері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.

ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

KASE 2021 ЖЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕР КОНКУРСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰЙЫМДАРДЫ МАРАПАТТАДЫ

Қазақстан қор биржасы (KASE) 2023 жылғы 17 ақпанда 2021 жылғы жылдық есептер конкурсының қорытындысы бойынша ұйымдарды марапаттау рәсімін өткізді. «2021 жылғы Орнықты даму туралы үздік есеп» номинациясы бойынша «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» жеңімпаз атанды: <https://kase.kz/ru/news/show/1497148/>





КОМПАНИЯНЫҢ ОДМ-ҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ТУРАЛЫ

ҚМГ-ның орнықты даму мәселелеріне көзқарасы Компанияның мүдделері мен жоспарларының БҰҰ-ның негізгі қағидаттарымен, жалпыадамзаттық құндылықтармен, жаһандық үрдістермен және Қазақстанның даму басымдықтарымен үйлесуіне негізделген. Компания БҰҰ-ның орнықты дамудағы барлық 17 мақсатын ұстанады.

ҚМГ стратегиялық мақсаттарын назарға ала отырып, Компания БҰҰ-ның орнықты дамудағы басым 6 мақсатын және 14 міндетін айқындады. Мақсаттар мен міндеттер ҚМГ-да жүзеге асырылатын стратегиялық және бизнес бастамалармен ұштастырылады.



Олардың іске асырылуы Компанияның БҰҰ-ның орнықты дамудағы жаһандық мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесін айқындайды



Ұлттық ESG клубы

2022 жылы ҚМГ Ұлттық ESG-клубына кірді, оның басым мақсаттары мынадай бағыттар бойынша ұсынымдар мен сараптамалық бағалаулар әзірлеу болып табылады: Қазақстан Республикасында қоршаған ортаға әсерді азайту, жаңа деңгейде тұрақты қаржыландыруды дамыту, экономиканы және әлеуметтік жобаларды күкіртсіздендіруге инвестициялар тарту, ESG-трансформацияда қазақстандық бизнес үшін қолайлы жағдайлар жасау.



«EcoJER» қазақстандық өңірлік экологиялық бастамалар қауымдастығы

ҚМГ компаниялар тобы 2021 жылы «EcoJER» қазақстандық өңірлік экологиялық бастамалар қауымдастығына қосылды. Қауымдастықтың мақсаты – қоршаған ортаны қорғау саласындағы ортақ мүдделерді қорғау үшін кәсіпкерлік қоғамдастық пен азаматтық қоғамды шоғырландыру. Қауымдастық мемлекеттік саясат бағыттары, қоғамдық мүдделер мен экономикалық даму қажеттіліктері арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге тырысады.



«Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығы

Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру шеңберінде ҚМГ өзінің ЖЭК жобаларын іске асырғысы келеді, ол үшін жаңартылатын энергетика саласындағы өз құзыреттерін дамытады және заңнаманы жетілдіру жөніндегі заң шығару жұмысына белсенді қатысады. Осы мақсатта «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылдың басында «жасыл» экономика қағидаттарын ілгерілету және Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге жәрдемдесу үшін құрылған «Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығына кірді. Қауымдастықтың негізгі міндеттерінің қатарында – мемлекеттік органдарда қауымдастық мүшелерінің мүдделерін білдіру және қорғау, норма шығару процесіне қатысу, Қазақстанда ЖЭК жобаларын іске асыру бойынша қолайлы жағдайлар жасау үшін мемлекеттік органдарға нақты ұсыныстар енгізу.



Oil Spill Response Limited (OSRL) мұнайдың апаттық төгілуін жоюға қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық қауымдастық

Oil Spill Response Limited (OSRL) – 1985 жылы құрылған, мұнай төгілуін жоюға маманданған және бүкіл әлем бойынша өз қызметтерін көрсететін британдық компания. Жүзден астам әлемдік компания OSRL мүшелері болып табылады. Компания мұнайдың ластануын тек ашық теңізде және жағалау суларында ғана емес, болдырмауға және жоюға баса назар аударады.

ҚМГ-ДА ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Басым міндеттер

ҚМГ үлесі



САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ КЕЗ КЕЛГЕН ЖАСТА ӘЛ-АУҚАТТЫ БОЛУҒА БЫҚПАЛ ЕТУ

3.6. Жол-көлік оқиғалары салдарынан қайтыс болғандар мен жарақаттар санын қысқарту

«Сапарларды басқару» жобасы
Көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру және қауіпсіз жүргізу мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Сапарларды басқару» жобасын ҚМГ-ның басқа да еншілес тәуелді ұйымдарына кезең-кезеңімен тарату жоспарлануда.

Нәтижесі
«Ембімұнайгаз» АҚ-да «Сапарларды басқару» көлік құралдары мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру аяқталды: жылдамдық режимі бойынша бұзушылықтар саны 62%-ға қысқарды, ЕМГ өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің жолдарында жылдамдық режимін шектеу бойынша 591 жол белгісі орнатылды/жаңартылды, жүргізуші стилі бойынша балдық бағалау негізінде жүргізушілердің рейтингі енгізілді және тіркелген бұзушылықтар, кәсіптік және қара жолдардың өзекті электрондық картасы және ЕМГ кен орындары объектілерінің координаттары көрсетілді, жаңа функционал (жол парақтары, маршруттан ауытқулар, онлайн-хабарламалар) енгізілді.

3.8. Денсаулық сақтау қызметтерімен қамтуды, оның ішінде сапалы негізгі медициналық-санитарлық қызметтерге қол жеткізуді және қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету

Қызметкерлердің денсаулығын басқару
ҚМГ-да персоналдың денсаулығын басқару бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның негізгі бағыттары:
Кәсіптік аурулардың алдын алу.
Өндірістік объектілердің қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсету мен және медициналық жәрдем көрсетудің ең төменгі стандарттарын әзірлеу.
ҚМГ тобы қызметкерлерінің денсаулығының жүйелі мониторингі.
Медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру және қызметкерлерді салауатты өмір салтына ынталандыру.
Денсаулықты медициналық сақтандыру.
Қызметкерлерді медициналық тексерулер мен вакцинациялау тұрақты негізде жүргізіледі.

«Сауықтыруға 10 қадам» бастамасы
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлерінің денсаулығы мен әл-ауқаты еңбек өнімділігі, кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығы тұрғысынан маңызды басымдықтар болып табылады. «Сауықтырудың 10 қадамы» ең алдымен физикалық белсенділікті арттыруға және зиянды тамақтану әдеттерін жоюға бағытталған және жұмыскерлердің денсаулығына байланысты нәтижелерді жақсартуда тиімді.

Нәтижесі
ҚМГ қызметкерлерінің 100%-ы денсаулықты сақтандыру бағдарламасымен қамтылған.

3.9. Қауіпті химиялық заттар мен ластанудың, ауаның, судың және топырақтың улануының салдарынан болатын өлім мен аурудың санын едәуір азайту

Көшбасшылық бастамалары
Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау бойынша қызметкерлердің көшбасшылығы мен міндеттемелері кодексі енгізіліп, іске асырылуда.

«Қорғау» картасы
Қауіпті жағдайды/қауіпті мінез-құлықты/қауіпті әрекетті/қауіпті факторды анықтауға және хабарлауға бағытталған бағдарлама іске асырылады.

Басым міндеттер

ҚМГ үлесі



АРЗАН, СЕНІМДІ, ОРНЫҚТЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӨНДІРИСТІҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҚОЛ ЖЕТІМДІ ТАЗА ЭНЕРГИЯ ҮЛЕСІН АРТТЫРУ

7.1. Арзан, сенімді және заманауи энергиямен жабдықтауға қол жеткізуді қамтамасыз ету

Топтың энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңғырту, энергия үнемдейтін технологияларды енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ меншікті генерациялау көздерін, оның ішінде ЖЭК-ні пайдалана отырып дамыту. Төмен көміртекті дамытудың 2031 жылға дейінгі бағдарламасы бекітіліп, қызметтің басым бағыттары айқындалды.

7.б. Заманауи және орнықты энергиямен жабдықтау үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту

ЖЭК жобаларын дамыту:

1 ГВт ЖЭС – Total Open-мен бірлесіп,
120 МВт гибриді электр станциясы – Епі-мен бірге,
Астана қаласында 50 МВт ЖЭС – Епі-мен бірлесіп,
ЕТҰ-да аз қуатты, жалпы қуаты 6,9 МВт СЭС,
2031 жылға қарай «жасыл» электр энергиясын кемінде 15% мөлшерінде сатып алу,
ЖЭК генерациялау көздерінен электр энергиясын тұтынуды растау үшін I-REC халықаралық стандартының жасыл сертификаттарын сатып алу.

Нәтижесі

2031 жыл:
15% – ҚМГ электр тұтыну балансындағы ЖЭК үлесі,
кемінде 300 МВт ЖЭК жобаларын іске асыру,
ЕТҰ-ны энергоменеджмент қызметтерімен 100% қамту.
Қосымша ақпарат «Төмен көміртекті даму бағдарламасы» бөлімінде берілген.



ҮДЕМЕЛІ, ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛҒАН ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУГЕ, ТОЛЫҚ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӘНЕ ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫСҚА ЖӘРДЕМДЕСУ

8.5. Әйелдер мен ерлер, соның ішінде жастар мен мүгедектер үшін толық және нәтижелі жұмыспен және лайықты еңбекпен және бірдей еңбекақымен қамтамасыз ету

Өндірісте жас мамандарды дамыту және тарту бағдарламалары
Жас маман – АМӨЗ және ПМХЗ-ға жас мамандарды тарту және дамыту бағдарламасы. 2019–2021 жылдар аралығында АМӨЗ-де оқып, жұмыс істеген 23 адамның 9-ы жұмысқа орналастырылды, ПМХЗ-да – 14 адамның 10-ы жұмысқа орналастырылды.

Нәтижесі

ҚМГ 44 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді, оның ішінде 82% ерлер мен 18% әйелдер.

8.6. Жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдыларды игермейтін жастардың үлесін айтарлықтай азайту

Дуальды оқыту – ҚМГ компаниялар тобына оқытуды, тағылымдамадан өтуді және одан әрі жұмысқа орналастыруды қамтитын бағдарлама. Мәселен, 2019–2021 жылдар аралығында ЕМГ-да осы бағдарлама бойынша оқитын 114 адамнан 2 адам жұмысқа орналастырылды; АМӨЗ 56 адамнан 7 адам жұмысқа орналастырылды, ПМХЗ 57 адамнан 41 адам жұмысқа орналастырылды.

Нәтижесі

Өндіріске жас мамандарды тарту және дамыту бағдарламалары: Жас Маман, Дуальды оқыту.

8.8. Еңбек құқықтарын қорғау және барлық жұмысшылар үшін сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу

Әлеуметтік қолдау көрсетудің үлгілік қағидалары
ҚМГ ЕТҰ жұмыскерлерін әлеуметтік қолдау олардың ұжымдық шарттарында және әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларында айқындалады. ҚМГ компаниялар тобының барлық кәсіпорындары бойынша әлеуметтік қолдау түрлері мен нормаларын біріздендіру мақсатында ҚМГ ЕТҰ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің үлгілік қағидалары қабылданды.

Басым міндеттер

ҚМГ үлесі



ТҰРАҚТЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚҰРУ, ОРНЫҚТЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ МЕН ИННОВАЦИЯЛАРҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

9.1. Адамдардың экономикалық дамуы мен әл-ауқатын қолдау мақсатында өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, орнықты және тұрақты инфрақұрылымды негіздеу

ҚМГ Цифрлық трансформациялау бағдарламасы ғылыми зерттеулерді кеңейтуге, өнеркәсіптік секторлардың технологиялық мүмкіндіктерін жетілдіруге ықпал етеді. ҚМГ ғылыми зерттеулерге және осы саладағы жергілікті әлеуетті арттыруға қомақты қаражат салады. Өнеркәсіптік артаптандыруды қамтамасыз ету үшін отандық технологиялық қуаттарды дамыту елдегі климаттық жағдайға да оң әсерін тигізеді.

«АВАІ» АЖ әзірлеу» жобасы

ҚМГ тобының барлық өндірістік ақпаратын Big Data платформасындағы бірыңғай деректер базасында орталықтандыруды, сондай-ақ оны жасанды интеллект пен машиналық оқытуды қолдана отырып өңдеу мен талдауды көздейді.

АВАІ ақпараттық жүйесі – әрқайсысы нақты өндірістік мәселелерді шешуге бағытталған 17 дербес модуль.

Нәтижесі

5 АВАІ модулі енгізілді («Деректер базасы», «Визуалдау орталығы», «Ушығулар мониторингі», «Технологиялық режим», «Тереңдік сорғы жабдықтарын таңдау»). Қол жеткізілген әсерлер:

Қазгермұнайда неғұрлым тиімді технологиялық режим есебінен қосымша өндіру көлемі алынды;

Маңғыстаумұнайгазда тереңдік-сорғы жабдықтарының істен шығуын қысқарту есебінен ұңғымаларды жерасты жөндеу саны азайды;

Өзенмұнайгаздағы коррозияның нақты жылдамдығы ескеріле отырып, химиялық реагенттердің дозалау дәлдігі арттырылды;

Есептіліктің 12 түрі автоматтандырылды (мұнай өндіруді өлшеу, ұңғымалар бойынша өндіру көрсеткіштерінің динамикасы және т.б.).

9.4. Ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза және экологиялық таза технологиялар мен өндірістік процестерді кеңінен қолдану арқылы оларды орнықты ете отырып, инфрақұрылымды жаңарту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды қайта жабдықтау

Төмен көміртекті дамытудың 2031 жылға дейінгі бағдарламасы бекітілді, энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қызметтің мынадай басым бағыттары айқындалды: энергия менеджментін оңтайландыру және энергия менеджменті қызметтерін құру, ОЭР есепке алу мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу, нақты ЕТҰ активтерінде серпінді жобалардың қолданылуын айқындау, ең үздік қолжетімді технологияларды (ҰҚТ) енгізу,

механикалық қорды жаңғыртуды жүзеге асыру,

көлік техникасының құрамын оңтайландыру және жаңғырту.

Нәтижесі

2031:

ЕТҰ-ны энергоменеджмент қызметтерімен 100% қамту;

энергия сыйымдылығының 2019 жылғы деңгейден 10%-ға төмендеуі.



КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫНА ҚАРСЫ ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУ

13.2. Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын саясатқа, стратегияларға және жоспарлауға енгізу

Парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалаудың корпоративтік әдістемесі

Парниктік газдар шығарындылары бойынша түгендеу, мониторинг жүргізу және есептілікті тапсыру кезіндегі тәсілдерді стандарттау және парниктік газдар шығарындыларын есептеу үшін бірыңғай әдіснамалық негізді қамтамасыз ету үшін қазіргі уақытта парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалаудың корпоративтік әдістемесі әзірленіп жатыр.

Ішкі көміртекке баға белгілеу тұжырымдамасы

ЕТҰ парниктік газдар шығарындыларын азайту үшін қосымша ынталандыру жасау, сондай-ақ көміртекті реттеудің қаржы-экономикалық көрсеткіштерге әсерін жан-жақты есепке алу мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының ішкі көміртекке баға белгілеу тұжырымдамасы әзірленуде.

Жасыл кеңсе

Корпоративтік «жасыл» бағыт белсенді дамып келеді және «жасыл кеңсе» қағи-даттары кезең-кезеңімен енгізілуде, мысалы, қалдықтарды бөлек жинауды енгізу, кеңсе үй-жайларында су және энергия үнемдеу және т.б.

Нәтижесі

2022–2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді;

ҚМГ-2 парниктік газдарын қысқарту әлеуеті 2 893 460 тонна CO₂, оның ішінде 2 189 483 тонна CO₂ тікелей шығарынды және 703 977 тонна CO₂-блм жанама шыға-рынды, бұл 2019 жылғы шығарындылар деңгейінің 27%-ын құрайды.

13.3. Климаттың өзгеруінің ауырлығын азайту және әлсірету және адамдар мен мекемелерді оларға бейімдеу және ерте алдын алу бойынша ағарту жұмыстарын жақсарту, ол туралы ақпарат тарату

Carbon Disclosure Project

Компания көміртегі ізін есептейді және Carbon Disclosure Project алаңына кли-маттық сауалнаманы орналастырады.

Task Force on Climate-related Financial Disclosures (TCFD)

Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобы – TCFD ұсыныстарына сәйкес климаттық тәуекелдерді ашу.

Нәтижесі

Төмен көміртекті даму департаменті құрылды.

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС базасында сутегі энергетикасы бойынша Құзыреттер орталығы құрылды.

Көміртек қостотығын (CCUS) ұстау және сақтау жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру және өндірілген мұнай қабаттарының мұнай беруін ұлғайту үшін CO₂ айдау әлеуетін айқындау шеңберінде CO₂ шығарындыларының көздеріне скрининг жүр-гізілді, қазіргі уақытта CO₂ айдау үшін қолайлы резервуарды таңдау мақсатында кен орындарына скрининг жүргізіліп жатыр.



ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАЛПИНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ, ОРМАНДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ, ШӨЛЕЙТТЕНУГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС, ЖЕРДІҢ ТОЗУ ПРОЦЕСІН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ КЕРІ ҚАЙТАРУ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІҢ ЖОҒАЛУ ПРОЦЕСІН ТОҚТАТУ

15.3. Шөлейттенуге қарсы күрес жүргізу, тозуға ұшыраған жерлер мен топырақты, соның ішінде шөлейттену, құрғақшылық және су тасқынынан зардап шеккен жерлерді қалпына келтіру және жердің жағдайын нашарлатпауға тырысу

ҚМГ ластаушы заттардың төгінділерін азайтуға және табиғи көздерден су алуды азайтуға бағытталған жобалар мен іс-шараларды іске асыруда:

Carbon Disclosure Project

Компания су ізін есептейді және Carbon Disclosure Project алаңында Су қауіпсіздігі сауалнамасын орналастырады.

TAZALYQ

АМӨЗ ауқымды TAZALYQ экологиялық жобасын белсенді іске асыруда, ол Атырау қаласының қоршаған ортасының жағдайын жақсартуға арналған.

Тұщыландыру зауыттарын салу

Қаттық суды тұщыландыру зауыты Маңғыстау облысын сумен қамтамасыз ету мәселесін шешудегі бірегей жоба болып табылады. Зауыт өңірді дамыту үшін жылына кемінде 6,2 млн м³ көлемінде Еділ суын босатады. Маңғыстау облысының Кендірлі демалыс аймағы ауданындағы тұщыландыру зауыты. Болжалды қуаты тәулігіне 50 мың м³ суды құрайды.

Жерлерді қалпына келтіру

Компанияда «тарихи» мұнай қалдықтарын қалпына келтіру және мұнаймен лас-танған жерлерді тазарту жұмыстары жүргізілуде.

Нәтижесі

TAZALYQ: Жайық өзенінен су алудың 10%-ға азайту, зауытта тазартылған за-уыттық сарқындарды қайта пайдалану – 15%. 2021 жылы 1 және 2-секциялардың ақаба сулары алып жатқан булану алқаптарының учаскелері құрғатылды.

2024 жыл: Компанияның тарихи қалдықтарын толық жою – 2019–2022 жылдары 2,1 млн тонна мұнай қалдықтары тазартылды.

15.5. Табиғи мекендеу орындарының тозуын тежеу, биологиялық әртүрліліктің жоғалуын тоқтату және жойылып кету қаупі төнген түрлердің сақталуын және жойылып кетуін болдырмау үшін маңызды шаралар қабылдау

Орман-климаттық жобалар

ҚМГ-ның 2031 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму бағдарламасы шеңберінде құрлық экожүйелерін сақтауға қолайлы әсер ететін орман-климаттық жобаларды іске асыру жоспарлануда.

Биоәртүрлілікке әсерді азайту шараларының иерархиясы

Компанияда өндірістік қызметті жоспарлау мен жүзеге асыру кезінде мынадай төрт негізгі әрекет ескеріле отырып, биоәртүрлілікке әсер етудің салдарын азайту шараларының иерархиясы қолданылады: ықтимал елеулі тікелей әсерлердің алдын алу, азайту, қалпына келтіру және өтеу.

Нәтижесі

2031 жыл: 2 000 га алаңда орман-климаттық жобаларды іске асыру.

ESG ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ


Компаниядағы тәуекелдерді басқару стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін қауіпті оқиғаларды болдырмауға және олардың пайда болу әсерін шектеуге мүмкіндік береді. Тәуекелдерді басқару Компанияның стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару және қаржылық орнықтылықты сақтау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.



ҚМГ бизнесті жүргізудің және Компанияны басқарудың негізгі процестеріне тәуекелдерді

басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) интеграциялады. ТБКЖ барлық елеулі тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

ҚМГ және оның ЕТҰ ТБКЖ жөніндегі саясат Компания қызметінің барлық түрлеріне қолданылады.

НЕГІЗГІ ESG ТӘУЕКЕЛДЕРІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ АЗАЙТУ ҮШІН ҚАБЫЛДАНАТЫН ШАРАЛАР:

ТРЕНД (БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ)	ТӘУЕКЕЛ МЕН ЫҚТИМАЛ САЛДАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ АЗАЙТУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ҮШІН ҚАБЫЛДАНАТЫН ШАРАЛАР
	Өндірістік жарақат алу қаупі Қызметкерлердің еңбекті қорғау саласында белгіленген ережелерді сақтамауы, өндірістік тәртіпті бұзу қызметкерлердің өміріне қауіп төндірудің және денсаулығына зиян келтірудің көзі болып табылады. Әсері: Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін бұзу денсаулыққа зиян келтіруге, сондай-ақ өндірістің бұзылуына, қаржылық шығындарға және компанияның іскерлік беделіне нұқсан келтіруге әкелуі мүмкін. 2022 жылы еңбекке жарамсыздық орын алған 35 жазатайым оқиға тіркелді, 36 адам зардап шекті, оның ішінде бір адам қайтыс болды.	Өндірістегі жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында Компания мыналарды қамтамасыз ететін ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды жүргізеді: <ul style="list-style-type: none"> жұмыстарды қауіпсіз жүргізу, өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алу; оқытуды және білімді тексеруді уақтылы жүргізу; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылау; еңбекті механикаландырудың жаңа технологиялары мен құралдарын енгізу; өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін арттыру. <p>«Қорғау» картасын және жұмыс пен жүргізу мінез-құлқын бақылау карталарын пайдалану арқылы Near Miss салдарсыз оқиғалар бойынша есеп беру бағдарламасын іске асыру жалғасуда.</p> <p>ЕТҰ-да Жұмыс қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты бақылау бағдарламасын және Жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты бақылау бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда.</p>
	Экологияға теріс әсер ету қаупі Компанияның қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету қаупіне және экологиялық заңнама талаптарын сақтамағаны үшін міндеттемелерді қатаңдату қаупіне ұшырау мүмкіндігі бар. Әсері: Экологиялық тәуекелдің іске асуы айыппұлдар, нормативтен тыс төлемдер, қоршаған ортаны қалпына келтіру шығындары түріндегі қаржылық шығындарға, сондай-ақ заңды жауапкершілікке және әлеуметтік-экологиялық шиеленісті арттыруға әкелуі мүмкін.	Қоршаған ортаны қорғау саласында Компания үшін басым бағыттар: <ul style="list-style-type: none"> атмосфералық ауаға шығарындыларды басқару және шикі газды алаулатып жағуды азайту; су ресурстарын басқару; өндіріс қалдықтарын басқару; топырақ құнарлығын қалпына келтіру; энергия тиімділігін арттыру. <p>Қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету қаупін азайту үшін Компания:</p> <ul style="list-style-type: none"> IOGP халықаралық есептілігі шеңберінде өндіруші секторда ілесіп мұнай газын (ИМГ) жағу қарқындылығын тоқсан сайын есептейді және талдайды; экологиялық мәселелер бойынша мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасайды; қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумды іске асырады; және қоршаған ортаға қолайсыз әсер ету қаупін азайту жөніндегі басқа да іс-шараларды орындайды. <p>Компания Экологиялық кодекске заңға тәуелді актілерді әзірлеу жөніндегі уәкілетті органдармен жұмыс топтарына белсенді қатысып келеді.</p>

ТРЕНД (БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ)	ТӘУЕКЕЛ МЕН ЫҚТИМАЛ САЛДАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ АЗАЙТУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ҮШІН ҚАБЫЛДАНАТЫН ШАРАЛАР
	Өндірістік объектілердегі авариялық жағдайлардың, техногендік апаттардың қаупі Компанияның өндірістік қызметінің әлеуетті қаупі бар. Авариялық және штаттан тыс жағдайлар, өндірістік объектілердегі техногендік апаттар нәтижесінде мүлікке, үшінші тұлғаларға және қоршаған ортаға зиян келтіру қаупі бар. Есепті кезеңде ірі авариялық жағдайлар тіркелмеген.	Өндірістік тәуекелдерді азайту мақсатында Компания: <ul style="list-style-type: none"> жабдықтарды (техникалық құрылғыларды) қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқама жүргізеді; персоналға біліктілік куәліктерін бере отырып, қауіпсіз пайдаланудың техникалық регламентінің талаптарын білуін тексереді (рұқсат береді); нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді уақтылы жүргізуді қамтамасыз етеді; жабдықтардың өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптама жүргізу жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау жөніндегі басқа да іс-шараларды орындайды. <p>Жыл сайын сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде мүлікті залалдан (кездейсоқ жойылу, жоғалту немесе бүліну қаупінен) ерікті сақтандыру шарттары жасалады.</p>
	Климаттық қауіптер және төмен көміртекті даму Компания өз қызметінде энергияға ауысу мен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге тап болады, олар мынадай қауіп факторларын қамтиды: <ol style="list-style-type: none"> Энергиякөшуге байланысты тәуекелдер. Компанияға климаттың физикалық әсері (өзгеруі). Әсері: Бұл тәуекелдер Компанияның қазба отындарының ірі өндірушісі және парниктік газдар эмитенті ретіндегі қызметіне шығындардың өсуі, кірістіліктің төмендеуі және одан әрі даму мүмкіндіктерін шектеу түрінде теріс әсер етуі мүмкін. Кейбір контрагент елдерде жаңартылатын көздерден алынатын энергия өндірісінің көлемінің өсуін күтуге болады, бұл Компания жеткізетін өнімді тұтынудың төмендеуіне әкелуі мүмкін.	Климаттың өзгеруіне және оның салдарына байланысты тәуекелді азайту шеңберінде Компания тобында мынадай шаралар іске асырылады: <ol style="list-style-type: none"> төмен көміртекті дамыудың 2022–2031 жылдарға арналған бағдарламасы (ТҚДБ) қабылданды және іске асырылуда; Шевронмен және ЕҚДБ-мен CCUS (Carbon capture, utilization and storage), табиғи шешімдерге негізделген жобаларды іске асыру, төмен көміртекті сутекті өндіру, корпоративтік көміртегі бағасын әзірлеу, энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды; тәжірибе алмасу үшін Шеврон компаниясының мамандарымен жұмыс топтары құрылды; Маңғыстау облысында ENI-мен бірлесіп гибриді станция жобасын іске асыру жалғасуда; орман-климаттық офсеттік жобаның ТТ әзірленді; көміртекті реттеу, төмен көміртекті экономиканы, сондай-ақ шығарындылары төмен энергетиканы дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасалады; Компания мен ЕҚДБ арасында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды; ҚМГ тобының энергия үнемдеу әлеуеті бойынша энергия аудитінің қорытындылары бойынша және ТҚДБ бойынша ақпарат дайындалды; ішкі көміртекке баға белгілеу тұжырымдамасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде; ҚМГ-дағы ПГ шығарындылары бойынша мониторинг және есептілік бойынша әдістеме дайындау жұмыстары жүргізіледі; Қордың 2022–2027 жылдарға арналған Энергия тиімділігі бағдарламасын әзірлеу шеңберінде энергия талдау орындалды; төмен көміртекті даму бағыты бойынша тәжірибе алмасу және көміртегі ізін азайту бойынша бірлескен практикалық жобаларды қалыптастыру үшін Шеврон компаниясының мамандарымен жұмыс топтары құрылды; I-REC (International Renewable Energy Certificate) жаңартылатын энергияның халықаралық сертификаттары арқылы 2022 жылы ҚМГ орталық аппараты тұтынған электр энергиясын 8,5 млн кВт*сағ-қа өтеу; жыл ішінде ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, қабылданды; меншікті энергия тұтыну бойынша мақсаттарды есептеу жүргізілді; CCUS пилоттық ғылыми жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде; «Nature First», «China Energy» қорымен ЖЭК саласындағы әлеуетті ынтымақтастық бойынша NDA жасалды; ЕМГ, АМӨЗ, KLPI үшін меншікті ЖЭК дамыту бойынша бизнес-кейстерді әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

ТРЕНД (БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ) **ТӘУЕКЕЛ МЕН ЫҚТИМАЛ САЛДАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ** **ТӘУЕКЕЛДІ АЗАЙТУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ҮШІН ҚАБЫЛДАНАТЫН ШАРАЛАР**

	<p>Қатысу аймақтарындағы әлеуметтік жағдай</p> <p>Компанияда рұқсат етілмеген ереуілдер қаупі бар.</p> <p>Әсері:</p> <p>Компанияның беделіне теріс әсер, өндірістік қызметтің бұзылуына және операциялық шығындардың жоғарылауына, сондай-ақ күрделі шығындар мен жобалар кестесіне әсер. Шикізат тауарларына бағаның өсуі, ел ішіндегі инфляцияның неғұрлым жоғары деңгейі немесе теңгенің әлсіреуі еңбекақы мөлшерінің өзгеруіне қатысты келіссөздерге әсер етуі мүмкін.</p> <p>Есепті кезеңнің басында мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері мен ЕТҰ-ның кейбір қызметкерлері арасында рұқсат етілмеген ереуілдер толқыны өтті. Қаңтар оқиғалары аясында жағдай ұшығып кетті (негізгі талаптар: штатқа қабылдау және жалақыны көтеру). Кәсіподақ комитеттерінің жетекшілерімен келіссөздер және еңбек ұжымдарымен кездесулер, сондай-ақ Компания қызметкерлері мен мердігерлер арасындағы жалақы алшақтығын азайту шаралары жүргізілді. Жағдай тұрақталды.</p>	<p>Әлеуметтік тәуекелдерді төмендету үшін Компанияда мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Маңғыстау облысы бойынша әлеуметтік-еңбек жанжалдарын уақтылы реттеу үшін ҚМГ 2022 жылғы 23 маусымда Ақтау қаласында өкілдігін ашты. 2. ҚМГ Маңғыстау облысындағы жұмыссыздықты төмендетуге белсенді жәрдемдеседі. 2022 жылы ҚМГ ЕТҰ-да, сондай-ақ олардың мердігерлік ұйымдарында, оның ішінде мердігерлік ұйымдармен бірлесіп 1 742 адам жұмысқа орналастырылды: «Өзенмұнайгаз» АҚ-да – 1 273 адам, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да – 439 адам, «Қаражанбасмұнай» АҚ-да – 30 адам. 3. ҚМГ Жаңаөзен қаласының проблемалық мәселелерін шешу бойынша ведомствоаралық штабтың жұмысына қатысады. ҚМГ қабылдаған барлық шешімдер штабпен келісіледі. 4. ЕТҰ жұмыскерлердің еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту бойынша 5 жылға арналған жол карталарын әзірледі, әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым объектілер (асханалар, әкімшілік-өндірістік корпустар, тұрғын қалашықтар) салу, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу жоспарлануда. <p>Қызметкерлермен кері байланысты қолдау мақсатында ҚМГ компаниялар тобы кәсіпорындарының басшылығы еңбек ұжымдарымен міндетті есеп беру кездесулерін өткізеді.</p> <p>Әрбір кәсіпорында әлеуметтік тұрақтылықты сақтау бойынша жоспарлар әзірленіп, орындалады.</p>
	<p>Комплаенс-тәуекелдер</p> <p>Жеке пайда мен мүлктік мүдделерді, оның ішінде оларды үшінші тұлғалар үшін алуға бағытталған сыбайлас жемқорлық сипатындағы қасақана іс-әрекеттер. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің кез келген фактілері қаржылық залалдың мөлшеріне қарамастан Компания қызметіне мүлдем жат әрекет болып табылады.</p> <p>Әсері:</p> <p>Толығырақ ақпарат «Әдеп және адалдық» бөлімінде берілген.</p>	<p>Компания ішкі бақылау жүйелерін енгізу және күшейту, үшінші тұлғалар тарапынан да, Компания қызметкерлері тарапынан да заңсыз және жосықсыз әрекеттердің алдын алудың бірыңғай саясатын белгілеу, қызметкерлер тарапынан құқыққа қайшы және жосықсыз әрекеттер жасау фактілері бойынша ішкі тергеулер жүргізу тәртібін белгілеу жөнінде дәйекті жұмыс жүргізеді.</p> <p>Компанияда жетекші әлемдік тәжірибелер ескеріле отырып, саясаттар мен стандарттар, сондай-ақ ішкі және комплаенс-бақылау жүйелерін жетілдіру және күшейту жөніндегі міндеттемелер қолданылады.</p>
	<p>Пандемия қаупі (COVID)</p> <p>ҚР-да КВИ-мен сырқаттанушылық бойынша эпидемиологиялық жағдай салыстырмалы түрде қолайлы, ауруға шалдығушылық деңгейі төмендегені байқалды. Алайда тұмаудың және жіті респираторлық вирустық инфекциялардың жаңа эпидемиологиялық маусымының басталуына байланысты, құрама вирустық аурулардың айтарлықтай ауыр түрлеріне КВИ қабаттасуы жоққа шығарылмайды.</p> <p>Әсері:</p> <p>Толығырақ ақпарат «Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау» бөлімінде берілген.</p> <p>2022 жылдың ақпанында компаниялар тобында пневмониядан бір өлім тіркелді.</p>	<p>ҚМГ компаниялар тобындағы эпидемиологиялық ахуалдың тұрақты мониторингі жалғасуда, ЕТҰ апта сайын ҚМГ ҚБО-ға КВИ ахуалы туралы есептерді ұсынады.</p> <p>2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: ҚМГ компаниялар тобының 53,8 мыңнан астам қызметкері (жалпы санының 82%-і) бірінші компонентпен вакцинаны алды. Оның ішінде 52,9 мыңнан астам қызметкер (81%) вакцинацияның толық күрсын алды. ҚМГ тобы бойынша 18,9 мың қызметкер немесе (29%) қайта вакцинацияланды.</p>

ESG тәуекел ҚМГ рейтингі

(31.12.2022 ж. жағдай бойынша)

28,4 Орташа тәуекел



Шамалы	Төмен	Орташа	Жоғары	Ауыр
0-10	10-20	20-30	30-40	40+

Sustainalytics халықаралық агенттігі ҚМГ ESG тәуекелдерін басқаруды 28,4 балл деңгейінде бағалады. Салыстырмалы рейтингте ҚМГ рейтингтің тұрақты деңгейін сақтай отырып, Sustainalytics агенттігі бағалаған 270 әлемдік мұнай-газ компаниясы арасында топ-20-ға кірді. Рейтинг агенттігінің қорытындысы бойынша Компания үшін негізгі ESG сын-қатерлері: көміртекті қарқындылық тренді, жазатайым оқиғалар мен өлім-жітім коэффициенті, су қарқындылығы үрдісі.

құнарлығын қалпына келтіру жөніндегі ішкі құжаттарды әзірлеп бекітуге, сондай-ақ өзі қатысатын өңірлерде су ресурстарын басқару және биоәртүрлілікті сақтау бағдарламаларын әзірлеуге бағыттайды.

Sustainalytics компанияларға ESG рейтингін беру кезінде олардың экология, әлеуметтік жауапкершілік және басқару тәуекелдерін және бәсекелестермен салыстырғанда осы тәуекелдерді басқару мүмкіндігін бағалайды. Sustainalytics рейтингі туралы толық ақпаратты мына сілтеме арқылы алуға болады:

<https://www.sustainalytics.com/esg-rating/kazmunaygas-nc-jsc/>

ESG тәуекелдерінен туындаған салдарларды азайту үшін ҚМГ өз күш-жігерін өндірістегі жазатайым оқиғаларды болдырмауға және алдын алуға, парниктік газдар шығарындыларын жоспарлы түрде төмендетуге, топырақ

MORNINGSTAR | SUSTAINALYTICS

Sustainalytics халықаралық рейтингтік агенттігі (Амстердам, Нидерланды)

Sustainalytics компаниясы – бұл экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару саласындағы жетекші тәуелсіз зерттеу компаниясы, бүкіл әлемдегі инвесторларға жауапты инвестициялық стратегияларды әзірлеуге және енгізуге көмектесетін рейтингтік және аналитикалық компания.

АНЫҚТАМА РЕТІНДЕ

ESG рейтинг (Environmental, Social and Governance) – бизнестің экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерін, сондай-ақ компаниядағы корпоративтік басқару тәуекелдерін бағалау.

ESG рейтингі инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде инвесторлар үшін стратегиялық құрал болып табылады және компанияның ұзақ мерзімді орнықтылығын айқындау үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауға көмектеседі.

ЦИФРЛЫҚ ДАМУ

2-6

Есепті кезеңде индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым бойынша орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге, сондай-ақ өндірістің көміртегі сыйымдылығын біртіндеп төмендетуге бағытталған ҚМГ цифрлық жобаларын іске асыру жалғастырылды.

2022 жылғы 22 қазанда ҚМГ ғимаратында жаңа диспетчерлік-талдау орталығы (ДТО) ашылды. Жаңа ДТО-ның айырмашылығы «мұнай мен оны өңдеу өнімдерін өндіру, тасымалдау, өңдеу, маркетинг» толық циклінің бірыңғай цифрлық платформасын құру болып табылады. Осылайша, ДТО МГ қызметінің барлық бағыттары бойынша деректерді мониторингілеуді, бақылауды, талдауды, сақтауды, жинауды және өңдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ДТО аналитикалық жүйесі Павлодар және Атырау мұнай өңдеу зауыттарында өндірісті басқарудың ақпараттық жүйесімен интеграцияланған, бұл жабдықтың жай-күйін онлайн технологиялық мониторинг жүргізуге, жедел-диспетчерлік басқаруға және өнімнің материалдық балансын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мұнай өндіруді цифрландыруда біз «АВАІ ақпараттық жүйесін әзірлеу» ауқымды жобасы туралы айтып отырмыз. Бұл жүйе 17 тәуелсіз модульден тұрады, олардың әрқайсысы барлау, бұрғылау, кен орындарын пайдалану, экономикалық әсерді бағалау және т.б. бизнес-процестерді оңтайландыруға бағытталған.



Бастапқы кезеңде 2021 жылы өз өнімділігін дәлелдеген жүйенің 5 пилоттық модулі іске қосылды – «АВАІ деректер базасы», «Визуалдау орталығы», «Технологиялық режим», «Ұшығулар мониторингі», «Тереңдік-сорғы жабдықтарын (ТСЖ) іріктеу». Мысалы, «ТСЖ іріктеу» модулі жаңа және жұмыс істеп тұрған ұңғымалардың әлеуетін жедел бағалауды, пайдалану тәсілінің тиімділігін экономикалық талдауды, жабдықты автоматтандырылған іріктеуді, есепті, электронды наряд-тапсырысты және түсіруге арналған жұмыс жоспарын жүктеп алуды қамтамасыз етеді. Модульді енгізудің арқасында аталған операцияларға кететін уақыт 30 минуттан 5 минутқа дейін қысқарды, ал ТСЖ бойынша жөндеуаралық кезең 88 тәуліктен 144 тәулікке дейін ұлғайды.

2022 жылы жүйенің екі жаңа модуль іске қосылды: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-да – «Қойнауқаттық флюидтер» және ҚМГ корпоративтік орталығында – «Экономика». Бірінші модуль мұнай қабаттарындағы сұйықтықтарды жинау, қасиеттерін түсіндіру және негіздеу процесін автоматтандыруға арналған.

«Экономика» модулі мұнай өндіруші компаниялар активтерінің құнын тұтастай және жұмыс істеп тұрған кен орындары бөлінісінде бағалауға, түрлі сценарийлерді қолдана отырып операциялық қызметті болжауға мүмкіндік береді.

2024 жылдың соңына дейін тағы АВАІ АЖ 10 модулін іске қосу жоспарланған.

Мұнай өңдеу зауыттарында 2022 жылы кәсіпорындардың технологиялық қондырғыларында компьютерлік тренажер кешендерін (КТК) енгізу жобасы жалғасын тапты. КТК көмегімен қондырғы операторлары авариялық және штаттық жағдайларда өндірісті виртуалды режимде басқаруды пысықтайды. Осындай автоматтандырылған персоналды оқыту жүйесі (АПОЖ) адами фактормен байланысты ақауларды азайтуға, сондай-ақ қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Жоба жоспары бойынша тренажерлер жиынтығында Атырау мұнай өңдеу зауытының 13 технологиялық қондырғысында, Павлодар мұнай-химия зауытының 9 қондырғысында



және «ПетроКазахстан Ойл Продактс» 1 қондырғысында енгізілетін болады. Жыл бойы ПМХЗ бойынша ЭЛОУ-АТ, нафта гидротазарту, каталитикалық риформинг және ЛК-6У кешенінің МФҚ қондырғыларында КТК енгізілді. 2023 жылы мұнайды вакуумдық айдау, ТАЖҚ гидротазарту, каталитикалық крекинг, КТ-1 кешенін сіңіру және газ фракциялау қондырғыларын қамту көзделген.

АМӨЗ бойынша, жоспарларға сәйкес, ЭЛОУ-АТ-2 және ЭЛОУ-АВТ-3 қондырғыларында КТК енгізу аяқталуы тиіс. БДГ АҚ және БДГ ДО АҚ бензин гидротазарту қондырғыларын ДЖЖ-ға қосу мүмкіндігі нақтыланады.

Цифрландыруды ілгерілету бойынша неғұрлым жүйелі және орталықтандырылған жұмысты қамтамасыз ету үшін ҚМГ Корпоративтік орталығында құрылымдық өзгерістер жүзеге асырылды – ақпараттық технологиялар және трансформация және цифрландыру департаменттері бір цифрлық даму департаментіне (ЦДД) біріктірілді. Жаңа бөлімше Компанияның кейінгі цифрлық дамуы үшін негіз ретінде АТ архитектурасын әзірлеумен немесе өзектендірумен және деректерді басқарумен, сондай-ақ ҚМГ өндіру, тасымалдау және өңдеу бағыттарында озық салалық шешімдерді іздеумен айналысады.



БІЗДІҢ АДАМДАР ЖӘНЕ ҚАТЫСУ АЙМАҚТАРЫН ДАМУ



**Рустам Талғатұлы
ӘСІЛОВ**

«Қазгермұнай» БК» ЖШС-нің технологиялық қондырғылардың үздік операторы

«Үздік маман – 2022» кәсіптік конкурс қорытындысы бойынша бірінші орын



- 1-қағидат.** Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуге тиіс.
- 2-қағидат.** Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.
- 3-қағидат.** Іскерлік топтар бірігу еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс.
- 4-қағидат.** Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою үшін әрекет етуге тиіс.
- 5-қағидат.** Іскерлік топтар балалар еңбегін толық жоюды қолдауы тиіс.
- 6-қағидат.** Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.

БІЗДІҢ БАСҚАРУ ТӘСІЛІМІЗ

2-7, 2-8, 3-3, 401-1, 401-2, 401-3, 404-3

КАДР САЯСАТЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ МЫНАДАЙ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРҒА НЕГІЗДЕЛЕДІ:

- 1) **Қызметкерлер мен ҚМГ мүдделерінің тепе-теңдігі** – ҚМГ Кадр саясатын және персоналды басқару саласындағы басқа да регламенттеуші құжаттарды қалыптастыру кезінде қызметкерлердің де, ҚМГ-ның да мүдделерін тең дәрежеде ескеру қажет;
- 2) **Бүкіл ҚМГ тобына арналған Бірыңғай кадр саясаты** – персоналды басқару саласындағы қызмет пен даму бағыттары ҚМГ тобының барлық компаниялары үшін бірыңғай болуға тиіс;
- 3) **HR-дың әкімшілік қолдау көрсету рөлінің бизнес үшін стратегиялық рөліне ауыстыру** – HR функциялар тек әкімшілік қолдау функциясын жүзеге асырып қана қоймай, бизнес үшін стратегиялық серіктес болуы тиіс;
- 4) **Бизнес үшін қосылған құн жасау** – HR функциясының қызметкерлері күнделікті жұмысында олардың өз жұмысының нәтижелері ішкі клиент үшін қосылған құнды қаншалықты құрайтынын ескеруі тиіс және осыған сүйене отырып, олардың жұмысына басымдық беруі тиіс;
- 5) **Оңтайлы ұйымдық құрылым және оңтайлы қызметкерлер саны** – HR функциясы саладағы үздік тәжірибелер негізінде Компанияда ең оңтайлы ұйымдық құрылымды құруы және еңбек өнімділігін арттыру үшін ҚМГ-ны үнемі жетілдіруге ықпал етуі тиіс;
- 6) **Кадрлар санын кәсіптің қажеттіліктері мен еңбек нарығының жағдайына негізделіп жоспарлау** – персоналдың саны мен оларға арналған шығындарды жоспарлау еңбек нарығының жағдайы ескеріле отырып, бизнес бағыттарының жоспарлары мен қажеттіліктеріне негізделуі тиіс;
- 7) **Оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларын ұдайы жетілдіру** – HR функциясы қазіргі заманғы оқыту бағдарламаларын зерделеу және оларды оқыту мен дамыту процесіне енгізу арқылы қызметкерлер мен басшылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын мен құзыреттерін ұдайы жетілдіру үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға тиіс;
- 8) **70-20-10 моделі бойынша өзін-өзі оқытатын ұйымды құру** – қызметкерлер: (1) күрделі міндеттерді шешу, жобаларға қатысу, қашықтықтан оқыту (барлық оқытудың 70%-ы) арқылы жұмыс орнында оқу, (2) кері байланыс, коучинг, тәлімгерлік негізінде әріптестерімен және басшыларымен өзара іс-қимыл жасау арқылы (барлық оқытудың 20%-ы), (3) семинарларға, тренингтерге, конференцияларға, дәрістерге және басқа да дамыту іс-шараларына қатысу (барлық оқытудың 10%-ы) арқылы өздерінің үздіксіз дамуы үшін дербес жауапты болуға тиіс;
- 9) **Менеджерлердің персоналды басқару үшін жауапкершілігі** – барлық деңгейдегі басшылар персоналды басқаруға жауапты, ал HR функциясы қажетті қолдау көрсетеді және қажетті құралдарды ұсынады;
- 10) **Қызметкерлерді стратегиялық мақсаттарға бірлесіп қол жеткізуге тарту мәдениетін құру** – HR функциясы ҚМГ стратегиялық, операциялық және өндірістік мақсаттарының барлық деңгейлерінде қызметкерлердің

түсіністік, қызығушылық және қолдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді;

11) Қызметкерлерді ынталандыру үшін жағдай жасау – HR функциясы процестерді, жүйелерді қалыптастыруы және қызметкерлерді әртүрлі формалар мен әдістермен тиімді ынталандыруды қамтамасыз ету үшін қажетті құралдарды қамтамасыз етуі тиіс;

КАДР САЯСАТЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ҚМГ ТОБЫНДА АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰНЫН АРТТЫРУ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН. ОСЫ МАҚСАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МЫНАДАЙ HR МІНДЕТТЕРІН ІСКЕ АСЫРУДЫ КӨЗДЕЙДІ:



корпоративтік мәдениетті дамыту және басшылардың дағдыларын арттыру – сабақтастыққа, нәтижеге бағдарлануға және жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болуға баса назар аудара отырып, меритократия және «коммерциялық» ойлау қағидаттарында корпоративтік мәдениетті дамыту. Көшбасшылық құзыреттерді дамыту;

және «коммерциялық» ойлау қағидаттарында корпоративтік мәдениетті дамыту. Көшбасшылық құзыреттерді дамыту;



HR функциясын біріздендіру және тиімділігін арттыру – ҚМГ стратегиясын іске асыруға толыққанды қолдау көрсететін, клиентке бағытталған HR функциясын құру. ҚМГ ЕҰ үздік әлемдік және ішкі тәжірибелерді ескеретін HR процестері мен стандарттарын біріздендіру. Автоматтандырудың бірыңғай шешімдері арқылы бірыңғай ақпараттық кеңістік құру. Жалпы қызмет көрсету орталығына қосымша құн әкелмейтін күнделікті операцияларды беру;

және ішкі тәжірибелерді ескеретін HR процестері мен стандарттарын біріздендіру. Автоматтандырудың бірыңғай шешімдері арқылы бірыңғай ақпараттық кеңістік құру. Жалпы қызмет көрсету орталығына қосымша құн әкелмейтін күнделікті операцияларды беру;



бизнес қажеттіліктерін ескере отырып, персоналдың сапалық құрамын арттыру – лауазымдарға қойылатын өзекті біліктілік талаптарын айқындау, қызметкерлердің жүйелік процестер (іріктеу, дамыту, бағалау және т.б.), сондай-ақ жекелеген жобалар (лауазымға қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау сияқты) арқылы осы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету. Стратегиялық мақсаттарға жету үшін қажетті персоналдың негізгі құзыреттерін күшейту (мысалы, «Upstream-де адами капиталды дамыту» бағдарламасы, жобалық және инвестициялық басқару құзыреттерін дамыту бағдарламалары, компанияның IPO-ға тиімді шығу құзыреттері және т.б.);

және ішкі тәжірибелерді ескеретін HR процестері мен стандарттарын біріздендіру. Автоматтандырудың бірыңғай шешімдері арқылы бірыңғай ақпараттық кеңістік құру. Жалпы қызмет көрсету орталығына қосымша құн әкелмейтін күнделікті операцияларды беру;

12) Заңнаманы бұзуға жол бермеу – HR функциясы еңбек қатынастарын ресімдеу, өзгерту және бұзу кезінде, ішкі құжаттарды, ҚМГ пайдаланатын ережелер мен рәсімдерді әзірлеу және пайдалану кезінде заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз етуге тиіс.



қатысу мен әлеуметтік тұрақтылықтың оң деңгейіне қол жеткізу – жоспарларды тұрақты өлшеу, әзірлеу және іске асыру арқылы белсенділік пен әлеуметтік тұрақтылықты басқарудың жүйелі тәсіліне баса назар аударуды күшейту. Қатысу (60% немесе одан жоғары) және әлеуметтік тұрақтылық (61% немесе одан жоғары) бойынша оң мәндерге қол жеткізу және сақтау;

және ішкі тәжірибелерді ескеретін HR процестері мен стандарттарын біріздендіру. Автоматтандырудың бірыңғай шешімдері арқылы бірыңғай ақпараттық кеңістік құру. Жалпы қызмет көрсету орталығына қосымша құн әкелмейтін күнделікті операцияларды беру;



таланттарды тартудан сабақтастық пен сыйақыны басқаруға дейінгі кешенді басқару жүйесін енгізу – ҚМГ тобының тиімді және әлеуетті қызметкерлерін ұстап қалу, ілгерілету және түйінді позицияларға тағайындау мақсатында персоналдың ашықтығын, жағдай жасау мен уәждемелеуді қамтамасыз ететін таланттарды басқару жүйесін енгізу. Таланттарды басқарудың кешенді жүйесінің негізгі элементтері:

және ішкі тәжірибелерді ескеретін HR процестері мен стандарттарын біріздендіру. Автоматтандырудың бірыңғай шешімдері арқылы бірыңғай ақпараттық кеңістік құру. Жалпы қызмет көрсету орталығына қосымша құн әкелмейтін күнделікті операцияларды беру;

- жалдау кезіндегі ашықтық пен объективтілік;
- сыйақы деңгейлерінің қызметті және нарықты бағалау нәтижелеріне тәуелділігі;
- негізгі позициялардағы сабақтастық;
- таланттарды анықтау және кадр резервін дамыту;
- қызметкерлерде бизнестің тиімділігі мен қажеттіліктерін бағалау нәтижелеріне негізделген даму жоспарларының болуы;
- ҚМГ тобындағы түйінді позицияларға іріктеу кезінде ішкі кандидаттарға басымдық беру.



өнімділікті арттыру үшін кадрлар санын тиімді басқару – ҚМГ-ның ағымдағы және нысаналы қажеттіліктерін ескере отырып, адами ресурстарды тиімді жоспарлау және болжау. Кадрлар санының бірыңғай нормалары мен нормативтерін әзірлеу, экономикалық негізделген құралдар арқылы кадрлар санын оңтайландыру бағдарламаларын іске асыру (мысалы, бейінді емес функцияларды шығару) және персоналды артық және еңбек тапшылығы бар ұйымдар арасында қайта бөлу.

және ішкі тәжірибелерді ескеретін HR процестері мен стандарттарын біріздендіру. Автоматтандырудың бірыңғай шешімдері арқылы бірыңғай ақпараттық кеңістік құру. Жалпы қызмет көрсету орталығына қосымша құн әкелмейтін күнделікті операцияларды беру;

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

404-3, 405-1

2022 жылы ҚМГ елімізде 44 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтыды.

Қызметкерлердің нақты саны (есепті кезеңнің аяғында Компанияның нақты жұмыс істейтін тұрақты және уақытша орнын басатын қызметкерлері) 2022 жылдың аяғында ҚМГ

Компаниялар тобы бойынша 44 688 адамды құрады (2021 жылы – 44 650, 2020 жылы – 57 073), аутстаффинг – 2 838 адамды құрады (2021 жылы – 2 787, 2020 жылы – 3 100). Компаниялар қызметінің бағыты ауыр, қауіпті және зиянды еңбек жағдайларымен байланысты екенін ескергенде, ерлер үлесі 82%, әйелдер үлесі 18% құрайды.

2020-2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %

жылдар	2020	2021	2022
ерлер	81	82	82
әйелдер	19	18	18


ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, ЖЫНЫСЫ МЕН САНАТТАР БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕ, %

Қызметкерлер санаттары-ның атауы	Ерлер	Әйелдер	Қызметкерлердің жалпы санындағы әр санаттағы қызметкерлердің үлесі, %
Басшылар	82	18	10
Мамандар	61	39	22
Жұмысшылар	88	12	67

2022 жылы ҚМГ компаниялар тобында басшы әйелдердің үлесі ҚМГ компаниялар тобындағы басшылар жалпы санының 18%-ын, мамандардың жалпы санының 39%-ын, жұмысшы кәсіптердің жалпы санының 12%-ын құрады. Өткен жылмен салыстырғанда әйелдердің үлесі 1%-дан аз өзгерді.

Жас санаты бойынша қызметкерлердің негізгі үлесі 31-ден 50 жасқа дейінгі топта – 59%-ды құрайды, бұл ретте ерлер үлесі 81%-ды, әйелдер үлесі 19%-ды құрайды.


ЕСЕПТІ КЕЗЕҢ ҮШІН ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %



50 жастан асқан қызметкерлердің саны персоналдың жалпы санының 30%-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі 81%-ды, әйелдердің үлесі 19%-ды құрайды.

30 жасқа дейінгі жастардың үлесі қызметкерлердің жалпы санының 11%-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі 86%-ды, әйелдердің үлесі 14%-ды құрайды.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ ЖАС ТОПТАРЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %



2020-2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАС ТОПТАРЫ БОЙынША ҚМГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, %

жасы	2020	2021	2022
30 жасқа дейін	12	12	11
31-ден 50 жасқа дейін	60	59	59
50 жастан асқандар	28	29	30

2022 жылы жалданған жұмыскерлер саны 5 860 адамды немесе орташа тізімдік санның 10%-ын құрайды.

2020-2022 ЖЫЛДАРЫ ЖАЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %

жылдар	2020	2021	2022
қабылданған қызметкерлердің %	8	9	10

Есепті кезеңде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер саны – 3 697 адам немесе орташа тізімдік санаттың 6%-ын құрады, оның ішінде жас санаттары бойынша: 30 жасқа дейін – 27%


(2021 жылы – 29%, 2020 жылы – 24%), 31 жастан 50 жасқа дейін – 45% (2021 жылы – 44%, 2020 жылы – 48%), 50 жастан жоғары – 28% (2021 жылы – 27%, 2020 жылы – 28%).

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЖАС ТОПТАРЫ БОЙынША ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %



■ 30 жасқа дейін ■ 31-ден 50 жасқа дейін
■ 50 жастан асқандар

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЖЫНЫСЫ БОЙынША БӨЛУДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %




■ ерлер ■ әйелдер

ЖАС САНАТТАРЫ БОЙынША ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %



■ 30 жасқа дейін ■ 31-ден 50 жасқа дейін
■ 50 жастан асқандар

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖЫНЫСЫ БОЙынША БӨЛІНЕДІ, %



■ ерлер ■ әйелдер




жылдар	2020	2021	2022
ҚМГ компаниялар тобы бойынша кадрлардың тұрақтамау коэффициенті ⁹	6%	6%	6%

Компанияның барлық қызметкерлерінің 46%-ы есепті кезеңдегі нәтижелілігін бағалаудан өтті (2021 жылы – 43%, 2020 жылы – 54%). Оның ішінде әйелдер – 19,57%, ерлер – 80,5%. Қызметкерлер санаттары бойынша бөліністе: басшылар – 10%, мамандар – 29%, жұмысшылар – 61%.


Есепті кезеңнің соңында бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыстағы қызметкерлердің саны 864 адамды құрады, бұл ретте әйелдердің үлесі 92%, ерлер – 8% құрайды.

БАЛА КҮТІМІ БОЙынША ДЕМАЛЫСТАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, АДАМ



■ ерлер ■ әйелдер

2019-2021 ЖЫЛДАРЫ ДЕКРЕТТІК ДЕМАЛЫСТАҒЫ ӘЙЕЛДЕР



Есепті кезеңде жүктілік және босану бойынша демалыстағы әйелдер – 352 адам.

⁹ Қызметкерлердің тұрақтамау коэффициенті = А/В*100, мұнда А – өз бастамасы бойынша, тараптардың келісімі бойынша немесе қызметкердің кінәсінен жұмыстан босатылған қызметкерлердің есепті кезеңнің соңындағы саны; В – есепті кезең ішіндегі орташа тізімдік саны.

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ

2-24, 3-3, 404-1, 404-2

ҚМГ тобында бекітілген Кадр саясатына сәйкес персоналды оқыту мен дамытудың бірыңғай процесі енгізілді. Басшы қызметкерлерді, әкімшілік-басқарушылық және инженерлік-техникалық персоналды оқытуға қажеттіліктер персоналдың тиімділігін тұрақты кешенді бағалау нәтижелері бойынша жасалған Жеке даму жоспарларына және құрылымдық бөлімшенің мақсаттарына сүйене отырып, қызметкерлердің тікелей басшылары мәлімдеген қажеттіліктер негізінде қалыптастырылады.

Өндірістік персоналды оқыту кәсіптік білімді, дағдыларды және бизнестің қажеттіліктерін бағалау негізінде қалыптасады. Осылайша, қызметкерлерді оқытуды жоспарлау нақты регламенттелген және бизнестің нақты мақсаттары мен міндеттерімен өзара байланысты.

Жыл сайынғы негізде ҚМГ қызметкерлерді оқытуды және дамытуды қамтамасыз етеді, ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерін дамытудың жаңа тәсілдері мен бағдарламаларын қалыптастырады.

Қызметкерлерді міндетті бағдарламалар – өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі

және еңбекті қорғау, өрт-техникалық минимум бойынша оқыту тұрақты негізде жүргізіледі.

Қазіргі уақытта ҚМГ қызметкерлері үшін бұл бағдарламалар ҚМГ еншілес компаниясы – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС қашықтықтан оқыту жүйесі платформасында жүргізіледі. «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Құзыреттерді дамыту орталығының осы оқытуды жүргізуге және белгіленген үлгідегі сертификаттар беруге лицензиялық рұқсаты бар. Біздің компанияның қызметкерлерін ішкі ресурста оқыту бағдарламаларды компанияның ішкі сұраныстарына сәйкес бейімдеуге және оқыту ресурстарына үздіксіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бір қызметкерге орташа жылдық академиялық сағат саны 22 сағатты (2021 жылы – 16,7 сағат, 2020 жылы – 15 сағат) құрайды, оның ішінде бір ер адамға – 20 сағат (2021 жылы – 16,4 сағат, 2020 жылы – 14,6 сағат), бір әйелге – 31 сағат (2021 жылы – 18,6 сағат, 2020 жылы – 16,0 сағат).

Сонымен бірге қызметкерлерді оқыту және дамыту олардың жынысы мен лауазымына қарамастан жүзеге асырылатынын атап өтеміз.

САНАТТАР БОЙЫНША БІР ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ОРТАША ЖЫЛДЫҚ САҒАТ САНЫ, САҒАТ



Сондай-ақ өндірістегі жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында ROSPA (Ұлыбритания) халықаралық стандартына сәйкес «Қорғаныштық жүргізу» бағдарламасы бойынша ҚМГ компаниялар тобының жүргізушілерін оқыту іске қосылды. 2022 жылы «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС, «KMG-Security» ЖШС қызметкерлерін тасуды/тасымалдауды және қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын 350-ден астам жүргізуші оқытылды. Алдағы жылдары ҚМГ компаниялар тобының барлық санаттарының жүргізушілері үшін «Қорғаныштық жүргізу» бағдарламасын іске асыру жоспарлануда.

Орнықты даму мәселелері, соның ішінде энергияға ауысу, парниктік газдар шығарындылары, күкіртсіздендіру және басқа аспектілер де компания үшін және оның стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін маңызды және өзекті болып табылады. Қызметкерлер жыл сайын әлемдік стандарттар мен трендтерге сәйкес осы бағытта өз білімдері мен дағдыларын жетілдіреді.

2022 жылы «Жобаларды тұрақты басқару» (Green Project Management) бағдарламасы бойынша

қызметкерлерді оқыту іске асырылды, оның шеңберінде корпоративтік орталық пен еншілес компаниялардың мамандары мен басшыларын қатыстыра отырып, жобаларда және «Энергокөшу» бағдарламасы бойынша орнықты даму тұжырымдамасын қолданудың үздік тәжірибелері зерделенді.

IPMA жобаларын басқарудың халықаралық стандарты бойынша стратегиялық маңызды жобаларды іске асырумен айналысатын негізгі қызметкерлеріне жыл сайын сертификаттау жүргізіледі.

2022 жылы IPMA Level C – 9 қызметкер, IPMA Level D – 12 қызметкер сертификатталды. Сондай-ақ ЕТҰ-ның 5 қызметкеріне Green Project Management бойынша сертификаттау жүргізілді.

Сонымен қатар ҚМГ жобалық басқару мамандары және сыртқы провайдерлер ҚМГ және ЕТҰ жобалық персоналы үшін Primavera, MS Project және Mind Manager қолдана отырып, жобаларды жоспарлау, жобалардағы жұмыстардың құрылымын қалыптастыру, құрылыс өндірісін ұйымдастыру, FIDIC келісімшарттарын қолдану бойынша курстар өткізді.

Жыл қорытындысы бойынша жобалық басқарудың әртүрлі пәндік салалары бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны 588 адамды құрады.

Ашықтық саясатын дамыту шеңберінде сатып алу қызметі мәселелеріне ерекше назар аударылады, осылайша сатып алу қызметі саласындағы мамандардың құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында Корпоративтік орталық пен ҚМГ тобының еншілес компанияларының сатып алу саласындағы мамандарына арналған «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алуды жүзеге асырудың және сатып алу қызметін басқарудың жаңа тәртібібағдарламасы және «2.0» ЭСАЖ іске қосылды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

- Жеке-іскерлік оқыту
- Экономика және қаржы
- Медиация, келіссөз процесі бағдарламалары бойынша оқыту
- Персоналды басқару
- Корпоративтік басқару. Жобаны басқару
- Өндірістік бағыттар бойынша оқыту
- Ішкі бақылау және аудит
- Құжаттамалық қамтамасыз ету
- Жұмысшы кәсіптерге оқыту
- Экология, ЕҚЖҚТ, АҚЖТЖ
- Ақпараттық технологиялар
- Магистрлік бағдарламалар, шағын MBA
- Сатып алу қызметі
- Тіл үйрену
- Тағылымдама

ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

2022 жылдың қазан айында ЕТҰ 7 ірі жобасының басшылары үшін Green Project Management Global әдіснамасына негізделген жобаларды орнықты басқару бойынша бейіндік оқыту өткізілді. Тренингке қатысушылар жобаларда, бағдарламаларда және портфельдерде орнықты даму тұжырымдамасын қолданудың үздік тәжірибелерін зерделеді, бағалаудың, тәуекелдерді азайтудың және жобалардың табыстылығын арттырудың практикалық құралдарын игерді. Тестілеу қорытындысы бойынша ЕТҰ-дағы бес жоба жетекшісі GPM-b жобаларын орнықты басқару бойынша халықаралық сертификат алды.



Бағдарламаға ҚМГ тобының 37 компаниясының 450-ден астам қызметкері қатысады.

«МАНСАП» – ҚМГ компаниялары тобының негізгі позицияларына сабақтастық жоспарын қалыптастыру және дамыту жобасы бойынша жұмыс жалғасуда.

СКОЛКОВО МШУ-мен бірлесіп «А» – «Көшбасшылық білім беру бағдарламасы» пулының ізбасарларын дамыту бағдарламасы іске асырылды. «А» пулының мүшелері стратегияны іске асыру және өзгерістерді басқару дағдыларын пысықтауға жауапты бағдарлама модульдерінен сәтті өтті.

«На пути к совершенствованию – Кемелдік жолында» – «Б» пулының ізбасарларын дамыту бағдарламасы әзірленіп, іске қосылды. Бағдарлама компанияның стратегиялық мақсаттарына, құзыреттер мен құндылықтар модельдеріне негізделген, олар бойынша дағдыларды зерделеу мен пысықтау орта буын көшбасшыларына компания стратегиясын табысты іске асыруға ықпал етеді.

Бағдарламаға мынадай негізгі бағыттар кірді:

- Көшбасшылық және коммуникациялар;
- Орнықтылық мәдениетін басқару;
- Қауіпсіздік мәдениетін басқару;
- Стратегиядағы көшбасшылық;
- Жобаны басқару.

Көшбасшылық бағдарламалар жоғары басшылық үшін де, біздің компанияның инженерлік-техникалық құрамы үшін де өзекті, осылайша өндірістік қатынастарды дамытудың негізгі сын-тегеуріндерімен танысу, сондай-ақ өндірістік көшбасшылық дағдыларын және жергілікті жерлерде көшбасшының рөлдік моделін қалыптастыру мақсатында «Өзенмұнайгаз» АҚ-да жоғары және орта буын басшыларына арналған кешенді оқыту бағдарламасы іске асырылуда.

«Өзенмұнайгаз» АҚ. Бұл бағдарлама 2022 жылдың күзінде «Өндірістік қатынастар мектебі» деп аталатын 1-ші модульден басталды және бүгінгі күні ЕТҰ мен ҚМГ басшылары үшін корпоративтік мәдениетті, коммуникацияларды жақсарту мақсатында коммуникациялық және пікірталас

алаңы болып табылады. «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның 400-ден астам қызметкері оқудан өтті.

2022 жылы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ мемлекет атынан қатысатын компаниялардың басшы органдарында әйелдер үлесін кезең-кезеңімен 30%-ға дейін арттыру жөніндегі ҚР Президентінің хаттамалық тапсырмасы шеңберінде «Қазақстанның әйелдер күштері альянсы» ЗТБ-мен бірлесіп «Гендерлік теңдік» портфельдік компанияларының әйелдерінің басқарушылық құзыреттерін дамыту бағдарламасын іске қосты.

Бағдарламаның мақсаты: 2023 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларының директорлар кеңесінде, байқаушы кеңестерінде және атқарушы органдарында әйелдердің үлесін арттыру үшін ПК әйелдерін даярлау – кемінде 20%; 2030 жылы – кемінде 30%.

Бұл бағдарламаға ҚМГ компаниялар тобының 6 әйел басшысы қатысады. Бағдарлама 2022–2023 жылдарға арналған.

Сонымен қатар өндірістік компаниялар мен кәсіби бірлестіктердің желілік басшыларын дамыту мақсатында коммуникацияларды дамыту, тайм-менеджмент, қаржылық сауаттылық бойынша бағдарламалар жүргізілуде.

ҚМГ компаниялар тобында коммуникацияларды құруға және ішкі мәдениетті дамытуға, басшылық пен персонал арасында диалог құруға аса көңіл бөлінеді.

Осылайша, басшылық пен қызметкерлер өкілдері арасында сындарлы диалог құру мақсатында ҚМГ Басқарма төрағасы М.М. Мырзағалиев пен компания басшыларының еншілес компаниялар «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Қаражанбасмұнай» АҚ кәсіподақтарының басшыларымен және көшбасшыларымен кездесулері өткізілді.

Кездесуге еншілес компаниялардың басшылары мен кәсіподақ бірлестіктерінің өкілдері қатысты. Кездесулер фасилитация және командалық коучинг құралдары қолданыла отырып, командалық білім беру элементтерімен тренингтік сессия форматында өтті.

СТУДЕНТТЕРМЕН ЖӘНЕ ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС

ҚМГ компаниялар тобына және студенттермен және жас мамандармен жұмыс істеуге көңіл бөлінеді. Саланың даму үрдісі мен заманауи

технологиялық талаптар ескеріле отырып, өндірістік объектілеріміз бар өңірлердегі оқу орындарымен белсенді жұмыс жүргізіледі.

Осылайша «Ембімұнайгаз» АҚ, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС және «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС компаниялары базасында, сондай-ақ Ақтау қаласындағы «Қаражанбасмұнай» АҚ кәсіпорнында дуальды оқыту бағдарламасы тұрақты негізде іске асырылуда. 2022 жылы осы бағдарламаның 26 түлегі ҚМГ өндірістік объектілеріне жұмысқа орналастырылды.

Сонымен қатар ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Сафи Өтебаев атындағы Атырау Мұнай және газ университетімен бірлесіп, өз базасында одан әрі жұмысқа орналастыру үшін кіші мамандықтар бойынша жас мамандарды даярлау бағдарламасын белсенді іске асырады, осы бағдарлама бойынша осы ЖОО-ның 10 студенті қазір оқытудың тереңдетілген бағдарламасынан, сондай-ақ «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС базасында практикадан өтуде.

Сонымен қатар әлеуметтік, еңбек және экономикалық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ Орнықты даму саласындағы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, атап айтқанда Маңғыстау облысындағы жұмыссыздық

деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігіне байланысты 2022 жылы ҚМГ «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-мен бірлесіп Ш. Есенов атындағы Мемлекеттік Инженерлік-технологиялық университетінің базасында Маңғыстау облысының жұмыссыз азаматтары қатарынан жас мамандарды даярлау жөніндегі бірегей жобаны іске асырды.

Жұмыссыз азаматтарды одан әрі жұмысқа орналастыруға дайындау үшін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ базасында «Білім беру қарқындылығы» бағдарламасы дайындалды, бұл оларға жұмыс орнында жұмысқа орналасу және бейімделу үшін қажетті білім мен дағдыларды игеруге көмектесті. Бағдарламаны іске асыру қорытындысы бойынша 223 азамат «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ға жұмысқа орналастырылды, олардың көпшілігі үшін бұл бірінші жұмыс орны.

Бұдан басқа, ҚМГ компаниялар тобы бойынша тұрақты негізде Қазақстанның жоғары оқу орындарымен және ТжКБ-мен студенттердің өндірістік және диплом алдындағы практикасын ұйымдастыру және өткізу бойынша өзара іс-қимыл бойынша жұмыс жүргізіледі.

«ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» ЖОБАСЫ

2022 жылдың қыркүйегінен бастап Жаңаөзен қаласының оқушыларын дамыту мақсатында «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен «Жарқын болашақ» жобасы іске асырылуда.

«Жарқын болашақ» жобасының мақсаты – Жаңаөзендегі дарынды балаларға еліміздің үздік колледждері мен мектептерінде тегін сапалы білім алуға мүмкіндік беру.

Осы жоба аясында 2022 жылы 227 бала бүкіл Қазақстан бойынша оқу орындарына оқуға түсті.

Оның ішінде:

- 2022–2023 оқу жылына 10 сынып базасында IQanat High School of Burabay мектеп-интернатында оқу үшін 50 бала іріктелді;
- 149 оқушы Қазақстанның 11 қаласында мұнай-газ саласына қатысы жоқ мамандықтар бойынша 44 колледжге түсті;
- 12 оқушы өнер колледждеріне түсті;
- 6 оқушы спорт мектеп-интернатына түсті;
- Алматы қаласындағы РФММ-ге 10 оқушы іріктелді.



Еліміздің үздік оқу орындарында тегін білім алуға қол жеткізуден басқа, оқушылар қосымша стипендияға қол жеткізуде, жылына екі рет тұрғылықты жерінен оқу орнына дейін жол жүру шығындарын жабу, тамақтану шығындарын жабу мүмкіндіктерін алды. Жобаға қатысушыларға кәсіби педагог-психологтар мен жоба үйлестірушілері үнемі консультация береді, олар оқушылардың жаңа жерге бейімделуін қадағалайды және қажет болған жағдайда қиын өмірлік жағдайларды жеңуге көмектеседі.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН УӘЖДЕМЕСІ

202-1, 202-2, 405-2

Қызметкерлерді ынталандырудағы біздің тәсіліміз еңбек ақы төлеудің лайықты деңгейін қамтамасыз ету, ашықтық және барлық қызметкерлердің құқықтарын сақтау қағидаттарында құрылады. Еңбекақы төлеу жүйесіне барлық өзгерістер мүдделі тараптардың пікірлері мен ұсыныстары ескеріле отырып енгізіледі.

ҚМГ компаниялар тобында гендерлік айырмашылықтарға қарай базалық жалақыда және сыйақы төлеу жүйесінде айырмашылықтар жоқ. ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарындағы жалақы деңгейі лауазымға байланысты, яғни бір лауазымда жұмыс істейтін ерлер мен әйелдер бірдей жалақы алады және ұйымдағы еңбекақы төлеу қағидаларында көзделген өзге де төлемдерді алады.

Жоғары басқару органы мен басшы құрам үшін жалақыны есептеу жүйесі нәтижелілікке, уәждемеге, еңбек өнімділігін арттыруға және қызметтің тиімділігіне бағытталған және ҚНҚ-ге қол жеткізу қорытындылары бойынша қысқа мерзімді сыйақы элементтерін қамтиды. Үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес басшы қызметкерлердің нәтижелілік көрсеткіштері Топтың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік міндеттерін көрсетеді.

«Барлау және Өндіру» бизнес-бағытындағы компанияларда еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі (ЕАТБЖ) енгізілді, оның мақсаты барлық бөлімшелерде еңбекақы төлеудің бірыңғай тәртібін қамтамасыз ету және қызметкерлердің еңбек нәтижелеріне мүдделілігін күшейту болып табылады. Бұл жүйеде қызметкерлерге

өтемақы төлемдері, үстеме ақылар мен қосымша ақылар берілетін бірқатар шарттар көзделген; мұндай өлшемдердің бірі өңірлік коэффициент болып табылады – жұмысты ауыр климаттық жағдайлары бар өңірлерде орындаумен байланысты қосымша шығыстар мен жоғары еңбек шығындарын өтеу мақсатында жалақының салыстырмалы түрде ұлғаю көрсеткіші. Бұл коэффициенттің ең жоғары мәні Маңғыстау және Атырау облыстарына тиесілі.

Топтағы бастапқы деңгейдегі жалақының 2022 жылғы ұлттық заңнамада белгіленген ең төменгі жалақыға қатынасы 5,8:1 (2021 5:1, 2020 және 2019 жылдары 6:1) шегінде.

2022 жылы ҚР аумағында инфляцияның жоғарылауына байланысты ҚМГ тобының өндірістік ЕТҰ қызметкерлері үшін жалақы 2021 жылғы деңгейге қарағанда 30%-ға, ал ҚМГ корпоративтік орталығы мен ҚМГ тобының қалған компаниялары үшін 10%-ға көтерілді.

Жергілікті халық өкілдері (ҚР азаматтары) арасынан жұмысқа қабылданған жоғары лауазымды басшылардың (Жоғары лауазымды басшы – бірінші басшы және оның орынбасарлары) болу аймақтарындағы (болу аймағы – операциялық қызметті жүргізу аймағы (облысы, ауданы) үлесі 78% құрайды (2021 ж. – 87%, 2020 ж. – 87%).

Басшылық құрамына кіретін қызметкерлердің үлесі қызметкерлердің жалпы санының 20%-ын құрайды. Оның ішінде әйелдер – 18% (2021 жылы – 18%, 2020 жылы – 18%), ерлер – 82% (2021 жылы – 82%, 2020 жылы – 82%).



ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

«Кәсіпкерлік қызметтегі адам құқықтары саласындағы тиісті абайлаушылық рәсімі» тренингі

Қызметкерлер арасында ESG мәдениетін арттыруды жалғастыра отырып, ҚМГ және оның еншілес компаниялары адам құқықтары саласында бизнестің сақтық таныту мәселелері бойынша оқыту тренингтеріне қатысты. Оқыту барысында ҚМГ ЕТҰ-ның 25-тен астам қызметкері адам құқықтары саласындағы өз әлеуетін арттырды.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

2-23

Компания Адам құқықтары жөніндегі халықаралық билде, еңбек саласындағы ХЕҰ стандарттарында бекітілген халықаралық танылған адам құқықтарын ұстанады және БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары жөніндегі нұсқаулықтарын іске асыруға ұмтылады.

ҚМГ ҚР еңбек заңнамасының талаптарын қатаң орындайды және оның нормаларын бұзбайды, яғни ешкім еңбек құқықтарын іске асыру кезінде тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге қатысы, сенімдері, тұрғылықты жері, жасы немесе жеке кемшіліктеір, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығы бойынша ешқандай кемсітушіліктерге ұшырамауы тиіс.

Біз балалар еңбегін пайдаланбаймыз, мәжбүрлі еңбекпен айналыспаймыз, нәсіліне, дініне және жынысына қарамастан барлық қызметкерлердің тең құқықтарын мойындаймыз.


Есепті кезеңде кемсітушілік фактілері тіркелмеген.

2022 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі Адам құқықтары және жұртшылықпен қарым-қатынас саласындағы саясатты бекітті. Саясат туралы толығырақ ақпарат ҚМГ веб-сайтында берілген:

<https://www.kmg.kz/sustainable-development/corporate-governance/corporate-documents/>

Адам құқықтары саласында біз мынадай міндеттемелерді қабылдаймыз:

- халықаралық нормаларға сәйкес адам құқықтарын құрметтеу;
- ҚМГ мен ЕТҰ-ның жоғары басшылығы деңгейінде келісе отырып, саладағы адам құқықтарына әсер етуге байланысты мәселелерді шешу үшін бағдарламалар қабылдау;
- адам құқықтарына әсерді бақылау және ол туралы хабарлау;
- ҚМГ қабылдаған шағымдар мен кінәрат-талаптарды қарау тетіктерін сақтау;
- теріс әсерді жою немесе азайту үшін өтемақы және құқықтық қорғау құралдарын ұсыну;
- тиісті есептілікті жасай отырып, адам құқықтарына ықпалын бақылау арқылы адам құқықтарына қатысты тиісті байқампаздық таныту;
- өз қызметкерлеріне жағымсыз әсерлерді жою үшін құқықтық қорғау құралдарын ұсыну;
- ҚМГ-ның персоналдан және үшінші тараптардан адам құқықтарына қатысты қутулерін ашу.



ӘДЕП ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ҚАҒИДАТТАР, СТАНДАРТТАР ЖӘНЕ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ НОРМАЛАРЫ

2-23

Корпоративтік жауапкершіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету Компания жұмысының маңызды қағидаты болып табылады. Корпоративтік жауапкершілік орнықты дамуға үлес қосатын және заңнама мен халықаралық мінез-құлық нормаларына сәйкес келетін ашық және этикалық мінез-құлықты қамтиды. Компанияның осы саладағы қызметі жүйелі сипатқа ие, осыған байланысты 2022 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатқа және Құпия ақпараттандыру саясатына түзетулер енгізілді.

ҚМГ қызметі мынадай корпоративтік құндылықтарға негізделген:

- Әділдік
- Бейілділік
- Даму
- Қауіпсіздік
- Жауапкершілік

ҚМГ-ның акционерлермен, қызметкерлермен, еншілес және тәуелді ұйымдармен, мемлекеттік органдармен, серіктестермен, өзге де мүдделі тұлғалармен іскерлік қарым-қатынастарының негізінде іскерлік шешімдер қабылдау кезінде де, күнделікті жағдайларда да мүдделердің үйлесуі, тараптардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттерін өзара құрметтеу, сенім, жауапкершілік және сақтау жататындықтан, Компания осы Кодекстің (бұдан әрі – Кодекс) ережелеріне мүлтіксіз сүйенеді.

Кодекс ашық құжат болып табылады және ҚМГ іскер әріптестері мен басқа да мүдделі тұлғалар арасында еркін таратылады. Ол сондай-ақ Компанияның сайтында «Корпоративтік құжаттар» бөлімінде орналастырылған <https://www.kmg.kz/sustainable-development/corporate-governance/corporate-documents/>.

ӘДЕПКЕ ЖАТПАЙТЫН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТУРАЛЫ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАРҒА ЖҮГІНУ ТЕТІКТЕРІ

2-25, 2-26





Қызметкерлердің құқықтарын сақтау мәселелерінің алдын алу мақсатында нақты уақыт режимінде қызметкерлер тарапынан да, үшінші тұлғалар тарапынан да жасалған құқыққа қайшы әрекеттердің барлық фактілері туралы құпия және қолжетімді ақпарат құралдары ұйымдастырылды.

жасайтын басқа қызметкерлердің, контрагенттердің немесе өзге де тұлғалардың іс-әрекеттерінің заңдылығына күмән туындаған жағдайда бұл туралы басшылыққа, өзінің тікелей басшысына және Комплаенс қызметіне хабарлай алады.

Бұл хабарламалар құпиялықты қамтамасыз ететін мынадай арналар мен байланыс құралдары арқылы берілуі мүмкін:

Компания тобының кез келген қызметкері немесе өзге тұлға ҚМГ және оның ЕТҰ-мен өзара іс-қимыл


Тәуелсіз оператор, КРМГ компаниясы әкімшілендіретін бірыңғай орталықтандырылған «Жедел желі» арқылы Комплаенс қызметіне мінез-құлық кодексінің кез келген бұзылуы, оның ішінде сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, әдепсіз мінез-құлық және өзге де бұзушылықтар туралы:


-  **тегін қоңырау шалу телефоны:** 8 (800) 080-47-47
-  **WhatsApp:** 8 (771) 191-88-16
-  **Электрондық пошта:** mail@sk-hotline.kz
-  **Интернет-портал:** www.sk-hotline.kz

«Жедел желі» байланыс телефондары ҚМГ корпоративтік сайтында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылған. Осыған ұқсас мәліметтер ЕТҰ сайттарында бар.


Қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы және еңбек даулары мен жанжалды жағдайларды шешуге жәрдемдесу мәселелері бойынша:

ОМБУДСМЕНГЕ:

 **Телефон:** 8 (7172) 78-65-60

 **Электрондық пошта:** ombudsman@kmg.kz

«НЫСАНА» БІРЫҢҒАЙ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ:

 **тегін қоңырау шалу телефоны:** 8 (800) 080-30-30

 **WhatsApp:** 8 (702) 075-30-30

 **Интернет-портал:** nysana.cscck.kz

 **Электрондық пошта:** nysana@cscck.kz

Компанияның барлық қызметкерлері, лауазымды адамдар және өзге де мүдделі тұлғалар Омбудсменге жүгінуге құқылы. Омбудсменнің негізгі функцияларының бірі – даулар мен жанжалдардың ертерек алдын алу, реттеу арқылы ҚМГ рейтингі мен беделін арттыру, жүйелі сипаттағы және тиісті шешімдер қабылдауды талап ететін проблемалық мәселелерді тиісті органдар мен лауазымды тұлғалардың қарауына шығару, сондай-ақ оларды шешу үшін ұсыныстар ұсыну. Директорлар кеңесі үшін омбудсмен қызметі туралы жыл сайынғы есепті дайындау кезінде ҚМГ омбудсмен қызметі жүйелі мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар/ұсынымдар түрінде ұсыныстар шығарады. Омбудсмен мынадай міндеттері бар жұмыстарды ұйымдастырды:


- Жергілікті жерлердегі әлеуметтік ахуал туралы мәліметтерді жинау және талдау, әлеуметтік шиеленіс ошақтарының ықтимал туындауына жол бермеу бойынша жүйелі алдын алу шараларын және жедел шаралар әзірлеу;
- ҚМГ қатысатын өңірлердегі сыни жағдайдың дамуын бағалау және оның негізінде проблемалық мәселелер бойынша нақты шешімдер мен ұсынымдар әзірлеу.


2022 жылы ҚМГ Омбудсмен қызметі Іскерлік әдеп кодексінің талаптарымен, Омбудсменнің функциялары мен міндеттерімен танысу мақсатында ҚМГ ЕТҰ – «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС басшылығымен, құрылымдық

Құқық бұзушылықтар профилактикасы және алдын алу тиімділігін арттыру, Компания қызметкерлерімен және үшінші тараптармен (заңды және жеке тұлғалармен) өзара іс-қимылды жетілдіру және кері байланысты қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚМГ мен ЕТҰ-дағы заңды құқықтар мен мүдделерді қорғау мақсатында:

ҚМГ АҚПАРАТТЫҚ СЕНІМ ЖҮЙЕСІ (БҰДАН ӘРІ – АСЖ):

 **Телефон:** 8 (7172) 78-65-65

 **Электрондық пошта:** doverie@kmg.kz (2022 жылдың 1 шілдесіне дейін жұмыс істеді)

 **«E-Otinish»** (бұдан әрі – «e-Otinish») азаматтардың барлық өтініштері үшін бірыңғай ақпараттық жүйе 2022 жылғы 1 шілдеден бастап қолданылады.

бөлімшелерінің басшыларымен және кәсіподақ өкілдерімен кездесулер өткізді.

ҚМГ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 19 қыркүйектегі шешімімен бекітілген Омбудсмен қызметі туралы ережеге сәйкес Омбудсмен қызметі өтініштерді қарау, есепке алу, оның ішінде Жедел желі бойынша жұмысты ұйымдастырды.

2022 жылы омбудсмен 5 өтінішті қарады.

Ауызша өтініштер бойынша (телефон байланысы, жеке қабылдаулар арқылы) Омбудсмен/Омбудсмен консультациялар беріп, ұсынымдар берді. Келіп түскен барлық өтініштерді Қызмет туындаған проблемалық мәселелерді ерте сатыда реттеу бойынша барынша мүмкін шараларды қабылдай отырып, ұсынымдық сипаттағы, оның ішінде бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдай отырып қарады. Сонымен қатар «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚМГ-Құмкөл» ЖШС ұжымдарындағы толқулар мен әлеуметтік шиеленістердің алдын алды.

2022 жылы «Нысана» колл-орталығын бастамашыл ақпараттандырудың «Жедел желісі» бойынша ҚМГ атына қауіпсіздік, қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу, әлеуметтік-еңбек жанжалдары мәселелері бойынша **332 өтініш** келіп түсті. ҚМГ Омбудсмен қызметі және Корпоративтік қауіпсіздік департаменті оларды тиісті

құрылымдық бөлімшелердің уақтылы қарауын бақылайды.

Барлық хабарламаларды, оның ішінде анонимді хабарламаларды операторлар қабылдап өңдейді, әрі қарай олардың кәсіби және құпия қаралуын қамтамасыз ететін ҚМГ Комплаенс қызметіне береді. Комплаенс қызметі тоқсан сайын келіп түскен өтініштерді қарау нәтижелері туралы ақпаратты Аудит жөніндегі комитетке және ҚМГ Директорлар кеңесіне жеткізеді.

2022 жылы Жедел желісіне **109 өтініш** келіп түсті. Компанияда 2021 жылмен салыстырғанда шағымдар санының 43,4%-ға өскені байқалады. «Жедел желіге» келіп түскен хабарламалардың динамикасы мүдделі тараптар тарапынан осы құралға деген сенімнің артып келе жатқанын көрсетеді.

Жедел желіге келіп түскен өтініштердің арқасында сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылмен тікелей байланысты емес мәселелерді де реттеуге мүмкіндік туды. Мәселен, мысалы, Жедел желіге іскерлік мінез-құлықты бұзуға, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалануға байланысты өтініштер келіп түсті. Келіп түскен барлық өтініштер белгіленген тәртіп пен мерзімдерде қаралды, болашақта осындай жағдайлардың қайталану ықтималдығын төмендететін тиісті шаралар қабылданып, өтініш берушілерге қарау нәтижелері туралы хабарланды.

2022 жылы ҚМГ компаниялар тобының АСЖ желісі бойынша 39 өтініш және хат келіп түсті (2021 – 65, 2020 – 210), 2022 жылғы 1 шілдеден 31 желтоқсанға дейін «e-Otinish» арқылы 8 өтініш жолданды (4 – өтініш, 2 – шағым, 1 – сұрау салу, 1 – ұсыныс). Алынған өтініштер қызметкерлердің еңбек құқықтары, жалақы деңгейі, еңбек қауіпсіздігі шарттары, демалыс беру шарттары (оның ішінде зиянды еңбек жағдайларын ескеріліп), тендерлер мен сатып алудың өзге де рәсімдерін өткізу кезіндегі бұзушылықтар, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану және кәсіпорын басшыларының әдепке жат мінез-құлқы жөніндегі мәселелермен байланысты.

Өтініштер мен хаттар, оның ішінде анонимді өтініштер белгіленген тәртіп пен мерзімдерде қаралады, шаралар қабылданып, олар туралы кейіннен өтініш берушілерге хабарланады.

Қазіргі уақытта өтініштер «E-Otinish» арқылы келіп түсуде (2022 жылдың шілдесінен бастап жедел желі мен e-mail жұмысын тоқтату туралы шешім қабылданды), бұл расталмаған ақпаратпен, көбінесе жеке ұнатпау немесе жанжал салдарынан белгілі бір адамның беделін түсіру мақсатында бағытталған анонимді өтініштерді барынша азайтуға мүмкіндік берді.

2022 жылы, алдыңғы жылдардағыдай, ұлттық, жыныстық, діни нанымдар мен саяси көзқарастар бойынша кемсітушілік фактілеріне қатысты шағымдар түскен жоқ. Мәжбүрлі және міндетті еңбекті пайдалану фактілері, сондай-ақ осындай бұзушылықтарға байланысты сот ісін жүргізу және қылмыстық қудалау фактілері тіркелмеген.

ҚМГ компаниялар тобында корпоративтік қауіпсіздік бөлімшелері қызметкерлер мен өзге де адамдардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша кешенді жұмыс жүргізеді. Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасын және халықаралық нормативтік актілерді, сондай-ақ Қордың, ҚМГ мен ЕТҰ-ның жалпы корпоративтік және ішкі құжаттарын қатаң басшылыққа алады.

Жалпы, ҚМГ және ЕТҰ басшылығы адам құқықтарын сақтау мәселелеріне елеулі көңіл бөледі, қызметтің осы бағытын жетілдіру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

2-15, 3-3, 205-1, 205-2, 205-3

ҚМГ өз бизнесін заңдылық, адалдық және әдептілік қағидаттарына негіздейді. Компания адам құқықтарын қатаң сақтайды, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін барлық мүмкін әрекеттерді жасайды, мінсіз беделге қамқорлық жасайды және этика саласында жоғары халықаралық стандарттарды енгізуге ұмтылады.

ҚМГ-да Комплаенс қызметі (бұдан әрі – Қызмет) жұмыс істейді. Қызметтің жауапкершілік аймағына қызметкерлердің еңбек қызметі шеңберінде сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар жасау мүмкіндігіне қатысты тәуекелдерді болдырмау кіреді. Компания қызметінің дербес бағыты болып қала отырып, Қызмет Компанияның барлық бизнес бөлімшелерімен интеграцияланған.

Әдепті мінез-құлық және бизнесті адал жүргізу стандарттарына сәйкес болу мақсатында ҚМГ-да комплаенс мәселелері бойынша қолданыстағы ішкі құжаттарды жаңарту және жаңа ішкі құжаттарды әзірлеу жұмыстары жүргізілді. 2022 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына және Құпия ақпараттандыру саясатына түзетулер енгізілді. Өзгерістер Басқарма төрағасы мен төраға орынбасарларының оларға тікелей бағынысты қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін дербес жауапкершілігі бөлігінде және келіп түскен қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар өтініштер бойынша тексеру материалдарын уәкілетті құқық қорғау органдарына жіберу бөлігінде болды.

Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, компания тұрақты негізде қолданыстағы корпоративтік стандарттарды жақсартуға ұмтылады. Мәселен, ҚМГ бағалы қағаздарымен мәмілелер жөніндегі саясат бекітілді.

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру, сондай-ақ қызметкерлердің мінез-құлқына қойылатын, жеке мүдделер мен байланыстардың ықпалымен шешімдер қабылдау тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік беретін. сақталуы тиіс талаптарды айқындау шеңберінде 2020 жылдан бастап Компанияда ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлері бойынша мүдделер қақтығысын жалпыға бірдей декларацияланады.

2022 жылы ҚМГ 21 компаниясы арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік бойынша сауалнама жүргізілді, оның нәтижесінде сыбайлас жемқорлықтың елеулі тәуекелдері анықталып, тиісті іс-шаралар жоспарланды. Есепті кезеңде тиісті сот шешімі шығарылған бір сыбайлас жемқорлық оқиғасы расталды.

Жоғары этикалық нормаларды ұстану тиісті корпоративтік басқарудың негізі болып табылады және Компания мүдделерінің жеке басымдылығын қорғау мен қамтамасыз етуде кепіл болады. Бизнесті жүргізудің жоғары этикалық стандарттарын ілгерілету және кез келген көрінісінде сыбайлас жемқорлықты қабылдамау шеңберінде және уәкілетті органмен (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі) өзара іс-қимыл шеңберінде «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мемлекеттік стандарттар мен шаралар», «Қазақстанның бизнес-секторында іскерлік парасаттылықты арттыру» конференцияларына қатысты. Осындай іс-шаралар өңірлерде де өткізілді. Шілде және қазан айларында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің алдын алу қызметі «Қазақтүрікмұнай» ЖШС ұжымымен кездесу өткізді. Қараша айында «ПМХЗ» ЖШС қызметкерлері үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаменті превенция және парасаттылық басқармасының басшысымен кездесу ұйымдастырылды. Қазан айында КРІ және АМӨЗ Атырау облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі ұйымдастырған мемлекеттік құрылымдар мен ірі компаниялардың іскерлік беделін қорғаудағы комплаенс-қызметтердің рөліне арналған форумға қатысты, форум соңында Атырау облысы бойынша АМӨЗ, С. Өтебаев атындағы Атырау МжГУ және Атырай облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшылары Атырау облысында комплаенс-қызметтерді жетілдіру бойынша өзара іс-қимыл туралы ұшжақты келісімге қол қойды.

ҚМГ және оның ЕТҰ Комплаенс қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ Компанияның бақылауларын және сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылды күшейту мақсатында 2022 жылы Комплаенс және іскерлік әдеп қауымдастығының қолдауымен

ҚМГ компаниялар тобының комплаенс мамандарының үшін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс» «Санкциялық комплаенс» тақырыбы бойынша вебинарлар өткізілді, Compliance and Security Forum (Комплаенс және қауіпсіздік бойынша форум) өткізілді.

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын ажырату және инсайдерлердің мұндай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмау мақсатында ҚМГ қызметкерлері үшін «Инсайдерлік ақпарат: қоғамның және оның инсайдерлік қызметкерлерінің құқықтық реттеу және жауапкершілігі мәселелері» тақырыбы бойынша семинар өткізілді.

Комплаенс қызметі ҚМГ компаниялар тобы мамандарының кәсіби құзыреттілігін дамытуды және біліктілігін арттыруды қолдайды. Бүгінгі таңда комплаенс командаларында Association of Certified Fraud Examiners (Жымқыруларды тергеп-тексеру жөніндегі сертификатталған мамандар қауымдастығы, ACFE) және International Compliance Association (Жымқыруларды тергеп-тексеру жөніндегі

сертификатталған мамандар қауымдастығы, ISA) мамандандырылған халықаралық беделді сертификаттары бар мамандар бар және олардың саны үнемі өсіп келеді.

2023 жылы Компания комплаенс-жүйені одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысын жалғастырады. Жұмыстың негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- тәуекелге бағытталған тәсілді ескере отырып, контрагенттерді тексеру;
- бос лауазымдарға орналасуға үміткерді ол жұмысқа қабылданғанға дейін сенімділігі тұрғысынан тексеру;
- кәсіпорындардағы комплаенс-жүйені дамыту;
- меншікті АТ шешімдері негізінде мүдделер қақтығысын декларациялау бойынша комплаенс-рәсімдерді автоматтандыру;
- комплаенс-бағдарлама бойынша оқыту және коммуникациялық материалдарды әзірлеу.

Сонымен қатар ҚМГ Комплаенс қызметінің командасы 2022 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ комплаенс қызметінің басшысынан арнайы марапатқа ие болғанын атап өтеміз.

ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ

2-30, 3-3, 402-1, 406-1, 407-1, 408-1, 409-1

Компанияның әрбір қызметкерінің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар Компания қызметкерлермен ұжымдық шартты жасасу, өзгерту, толықтыру жөніндегі келіссөздерге белсенді қатысады, келіссөздер жүргізу мерзімдерін қатаң сақтайды және тиісті бірлескен комиссиялардың жұмысын қамтамасыз етеді, келіссөздер жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсынады, ұжымдық шарт ережелерінің талаптарын қатаң орындайды.

Еңбек заңнамасына сәйкес кез келген қызметкер өз өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге және ұжымдық шарттың жобасын әзірлеуге қатысуға, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен танысуға құқылы.

Қауымдастықтар еркіндігіне құқықтарды қандай да бір шектеу және қызмет түрлері немесе аумақтық белгісі бойынша ұжымдық келіссөздер жүргізу Компанияның қызметінде көзделмеген. Біз, әлеуметтік жауапты компания ретінде, бұл құқықты толығымен қолдаймыз және қызметкерлердің бірлесу бостандығының құқығын іске асыруына қолайлы орта жасаймыз.

ҚМГ тобына кіретін кәсіпорындардың еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында Компания ЕТҰ қызметкерлері арасында наразылық пен шиеленістің туындауының алдын алуға бағытталған шаралар кешенін іске асыруда. Қабылданған шаралар кәсіпорындардағы жағдайды бақылауға және өндіріс процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, қызметкерлерді әлеуметтік қолдау мәселелері еңбек ұжымдарының әлеуметтік тұрақтылығын қолдауға елеулі үлес қосуда.

ҚМГ тобы бойынша бүгінгі күні 24 өндірістік кәсіпорында ұжымдық шарттар жасалған. 2022 жылы ұжымдық шарттармен қамтылған ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің саны – шамамен 44 200 адам.

ҚМГ кәсіпорындарының барлық ұжымдық шарттарында қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ жұмыс істемейтін зейнеткерлер үшін әлеуметтік қолдаудың отыз бес негізгі түрі қарастырылған.



ҚМГ өз қызметкерлеріне әлеуметтік жәрдемақылардың, кепілдіктер мен өтемақылардың әртүрлі түрлерін қамтитын кепілді әлеуметтік топтама ұсынады: еңбек демалысы кезінде сауықтыруға материалдық көмек, жүктілікке және босануға байланысты төлемдер, 1,5 жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыста жүрген қызметкерлерге ай сайынғы төлемдер, басқа жұмысқа ауысу мүмкін болмай еңбек шарты бұзылған кезде өтемақы, жалпы еңбек ету қабілетінен айырылуына, мүгедектік алуына байланысты еңбек шарты бұзылған кезде өтемақы, қызметкердің қайтыс болуына байланысты жерлеуді ұйымдастыруға біржолғы төлем, өндірістегі жазатайым оқиға салдарынан қаза тапқан қызметкердің отбасына біржолғы төлем. Компания қызметкерлер наұқастанған жағдайда ерікті медициналық сақтандыруға және Қазақстанның балалар сауықтыру лагерлерінде қызметкерлердің балаларының демалысын ұйымдастыруға да әлеуметтік кепілдіктер береді.

Сонымен қатар қызметкерлерге әлеуметтік қолдаудың қосымша түрлері ұсынылуы мүмкін. Әлеуметтік көмектің аталған түрлері ұжымдық шарттарда бекітілген немесе кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген. Мұндай төлемдерге мерей жасына, зейнет жасына жетуіне байланысты, неке қиылуына байланысты төлемдер, некеге тұрған кездегі қысқа мерзімді демалыстар, нәрестелі болуына байланысты, туған-туыстарының қайтыс болуына байланысты жалақысы сақтала отырып берілетін төлемдер, егер емделуге жұмсалған шығындар сақтандыру бағдарламасында белгіленген лимиттен асып кеткен жағдайда, емделуге және медициналық операцияларға ақы төлеуге берілетін төлемдер, мүгедек қызметкерлерге, қызметкердің мүгедек

балаларына, аса мұқтаж қызметкерлерге, бірінші қыркүйекке мектеп құралдарын сатып алу үшін берілетін төлемдер, аса мұқтаж қызметкерлерге көмек және т.б. жатады.

2022 жылы ҚМГ тобында барлық әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер сақталып, ұжымдық шарттарға сәйкес төленді. Жалпы, 2022 жылы қызметкерлер мен жұмыс істемейтін зейнеткерлерге 24 млрд теңгеден астам сомаға әлеуметтік қолдау көрсетілді. 2022 жылы «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС, «КеңҚұрылысСервис» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроКазахстанОйлПродактс» ЖШС, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС, «Мұнайтелеком» ЖШС ұжымдық шарттарына жаңа редакцияда қол қойылды, бұл ретте ҚМГ тобы бойынша қолданыстағы нормалар ескеріле отырып, көптеген әлеуметтік төлемдердің өлшемі ұлғайтылды.

ҚМГ үшін ішкі әлеуметтік бағдарланған бағдарламаларды іске асыру ерекше маңызды. Осы бағдарламаларды ілгерілету кезінде, ең алдымен, Компания қызметкерлері үшін қолайлы жағдайлар жасауға баса назар аударылады. Бұл материалдық ынталандыру, кәсіби өсуді нығайту және арттыру, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары. Ерекше назар аударатын тұстар – әлеуметтік шиеленістің алдын алу, еңбек даулары мен жанжалдар туындау мәселелері.

Қызметкерлермен және олардың өкілдерімен тұрақты сындарлы байланыс орнатылды. Ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесі «кері байланыс» тиімділігін арттыруға арналған. Барлық кәсіпорындарда әлеуметтік, тұрмыстық, өндірістік

мәселелерді талқылау бойынша басшылықтың еңбек ұжымдарымен міндетті жоспарлы кездесулері өткізіледі.

Ішкі коммуникациялар жүйесінің негізгі міндеті қызметкерлерді қызметтің мақсаттары мен міндеттері туралы уақтылы ақпараттандыру, ұйымдағы ағымдағы жағдайды қызметкерлерге жеткізу, сондай-ақ қызметкерлер көтеретін мәселелерді «тыңдау» мүмкіндігі болып табылады.

Еңбек жағдайлары өзгерген кезде Компания қызметкерді күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді. Компания қызметіндегі маңызды өзгерістер туралы ескертудің ең аз мерзімі 4 аптаны құрайды.

ҚМГ-ның барлық өндірістік кәсіпорындарында ішкі коммуникациялар құралдарын енгізу арқылы әрбір қызметкердің кәсіпорын басшылығына сұрақтармен жүгініп, уақтылы жауап алу мүмкіндігі регламенттелген, оған сәйкес бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен есептік кездесулері жылына екі рет жүйелі түрде өткізіледі. 2022 жылы 148 есептік кездесу өткізілді. Кездесулерге 26 мың адам қатысты. Қызметкерлерден келіп түскен 400-ге жуыққа тиісті жауаптар берілді, орындауға және бақылауға алынды.

Сондай-ақ ЕТҰ-дағы жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында тікелей коммуникацияның тиімді тетіктерін құру және қолдау, қызметкерлерді ЕТҰ-дағы қызметтің мақсаттары мен міндеттері туралы уақтылы ақпараттандыру, ұйымдағы ағымдағы жағдайды қызметкерлерге жеткізу, қызметкерлерде кәсіпорынның оң имиджін қалыптастыру, ЕТҰ-дағы еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік-психологиялық ахуал параметрлерін қадағалау мақсатында ЕТҰ бірінші басшылары қызметкерлерді жеке мәселелері бойынша қабылдайды, әрбір ЕТҰ-да бірінші басшының блогы, корпоративтік ақпараттық сайт құрылды, корпоратившілік ақпаратты еңбек ұжымдарына жеткізу үшін бейне хабарландырулар үшін мониторлар орнатылды. Қызметкерлерді жедел хабарландырулармен және хабарламалармен ақпараттандыру үшін ақпараттық стендтер қолданылады.

Тоқсанына бір рет ұжымдық шартты орындауға, еңбек тәртібінің жай-күйіне, еңбек ұжымының өтініштерін қарауға, еңбек қауіпсіздігі және

еңбекті қорғау мәселелеріне, әлеуметтік жеңілдіктер мен өтемақылар беруге және кәсіпорында басқа да әлеуметтік маңызды мәселелерге қатысты неғұрлым өзекті мәселелер бойынша ЕТҰ кәсіподағымен басшылықтың кездесуі өткізіледі.

Кәсіпорындарда әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында ҚМГ ЕТҰ-да 2022 жылға арналған әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылды.

Аталған жоспарды әзірлеу кезінде ҚМГ барлық ірі ЕТҰ-да «Самұрық-Қазына» АҚ Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы жүргізетін Samruk Research Services¹⁰ зерттеу нәтижелері пайдаланылды.

ҚМГ-дағы Samruk Research Services интегралдық көрсеткіші бірінші жартыжылдықта, 2022 жылдың 9 айында және 2022 жылдың қорытындысы бойынша 74% өзгеріссіз бірдей көрсеткішті құрады.

Жалпы, ҚМГ кәсіпорындарындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейі қанағаттанарлық. Әлеуметтік әл-ауқат бойынша қызметкерлердің жалақы деңгейіне қанағаттануының төмендегені байқалады. Бұл өткен жылы қажетті азық-түлік пен тауар бағасының өсуіне тікелей байланысты.

Зерттеу қорытындысы бойынша әрбір кәсіпорын бойынша айқындалған барлық беймаза аймақтар бойынша әлеуметтік тұрақтылық көрсеткіштерін айқындау барысында анықталған беймаза аймақтарды азайту және жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленетін болады, олар жұмыскерлердің әлеуметтік әл-ауқатына әсер ететін кәсіпорындар қызметі саласында анықталған проблемаларды (ішкі коммуникациялар, тамақтану сапасы, тұрмыстық жағдайлар, жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету, оқыту, мансаптық өсу және т.б.) қамтиды.

2022 жылдың бірінші тоқсанында ҚМГ ЕТҰ қызметкерлері тарапынан наразылықтың 11 фактісі орын алды. Жағдайды тұрақтандыру үшін кәсіподақ комитеттерінің жетекшілерімен келіссөздер және еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізілді. Келіссөздер қорытындысы бойынша жағдайды тұрақтандыру, кәсіпорындардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбек жанжалының одан әрі өршуіне жол бермеу

мақсатында жалақыны 30 пайызға ұлғайту туралы шешім қабылданды, 2021 жылға қатысты жағдай тұрақталды.

ҚМГ біздің қызметкерлер мен мердігер компаниялардың қызметкерлері арасындағы жалақыдағы алшақтықты қысқарту шараларын қабылдады, тапсырыс берушілерге ұқсас сыйлықақы беру жүйесі және кепілдендірілген әлеуметтік топтама енгізілді. Нәтижесінде мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің жалақысы орта есеппен 30-35%-ға ұлғайтылды. Осы мақсатта 90 мердігерлік ұйыммен 156 қосымша

КӘСІПОДАҚ

Компанияның кәсіподақтармен өзара іс-қимылы салалық және өңірлік деңгейлерде еңбек заңнамасымен белгіленген әлеуметтік әріптестік шеңберінде жүзеге асырылады. Салалық деңгейде өзара іс-қимылдың негізгі параметрлері (әлеуметтік кепілдіктер, еңбекті ұйымдастыру мәселелері, еңбекақы төлеу, жұмыспен қамту, гендерлік және жастар саясаты, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, еңбек жанжалдарының алдын алу және шешу және т.б.) ҚР Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімде айқындалған, оны әзірлеуге ҚМГ мен оның кәсіпорындарының өкілдері белсенді қатысты.

келісім жасалды, бұл шамамен 35 млрд теңге көлемінде қосымша шығындарды талап етті.

Еңбекке ақы төлеуден, әлеуметтік қолдаудан басқа, еңбек жағдайын жасау, соның ішінде әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер жұмыскерлердің әлеуметтік хал-жағдайының маңызды факторларының бірі болып табылады. Әсіресе вахталық жұмыс әдісі қолданылатын кен орындарында лайықты өмір сүру жағдайлары, санитарлық-гигиеналық үй-жайлар, асханалар, демалатын және бос уақыт өткізетін орындар, спорт орындары қамтамасыз етілген.

ҚМГ тобында 37 мыңнан астам қызметкердің мүдделерін қорғайтын 36 кәсіподақ ұйымы жұмыс істейді.

Өңірлік деңгейде әлеуметтік әріптестік жөніндегі облыстық комиссиялар жұмыс істейді, олардың шеңберінде жұмыспен қамту және еңбекті қорғаудың өңірлік мәселелерінен басқа, нақты ұжымдық еңбек даулары да қарастырылады. ҚМГ-ның барлық компанияларында келісім комиссиялары құрылып, жұмыс істейді.

ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

Қазан айында Ақмола облысы Зеренді аулында Жаңаөзен кәсіподақ жетекшілерінің ҚМГ басшылығымен кездесуі өтті. Тренингте ҚМГ даму келешектері мен аймақтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту жолдары талқыланды. ҚМГ басшылығымен кәсіподақтардың мұндай кездесулерін жыл сайын өткізу жоспарланып отыр.



¹⁰ Samruk Research Services – жұмыскерлердің көңіл-күйін, олардың әлеуметтік сабырлығын және наразылық көңіл-күй деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін әлеуметтанушылық зерттеу. Сондай-ақ нақты кәсіпорындар бойынша индекс қызметкерлерді алаңдататын проблемалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

БІЗДІҢ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР

3-3, 413-1, 413-2, 203-1

ҚМГ өзі қатысатын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосады. Компания жергілікті басқару органдарымен белсенді өзара іс-қимыл жасайды және негізгі мүдделі тараптармен тұрақты үнқатысуды қолдайды, жас білікті мамандарды дамыту және даярлау бойынша белсенді жұмыс жүргізеді, ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетеді, оффтейк-шарттарға қол қою арқылы отандық өндірушілерді қолдауға ұмтылады. ҚМГ кәсіпорындары жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мен Кешенді даму жоспары шеңберінде әлеуметтік маңызы бар объектілерді, спорт кешендерін салуды, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және т.б. қаржыландыруды жүзеге асырады.

ҚМГ еншілес ұйымдарының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда өндірістік қатысу өңірлерін дамытуға және халықтың мұқтаж топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге айтарлықтай ақшалай қаражат бөлу көзделген, сондай-ақ облыстардың әкімдіктерімен жасалған келісімдер мен меморандумдар негізінде ҚМГ ЕТҰ қаражатты жергілікті атқарушы органдарға аударады, олар қаражатты жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктерін негізге ала отырып, бөледі. Сонымен қатар ҚМГ Жаңаөзен қаласын дамытудың кешенді жоспарына сәйкес өз міндеттемелерін уақтылы орындайды. Осы мақсаттарға 2022 жылы ҚМГ тобы бойынша 12 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді, оның ішінде Атырау және Маңғыстау облыстарын дамытуға үлестің негізгі үлесі Қашаған БВ-ға тиесілі, ол 2022 жылдан бастап ҚМГ-ның 100% еншілес кәсіпорны болып табылады, оның ішінде:

- «Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзен қаласы мен Қарақия ауданының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға 1700 млн теңге бөлді.
- «Ембімұнайгаз» АҚ Жылыой ауданы Құлсары қаласында және Атырау қаласында мектеп салуға 831 млн теңге бөлді.
- «Қазгермұнай» БК ЖШС Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына 149 млн теңге көлемінде қаражат бөлді.
- «Қаражанбасмұнай» АҚ Маңғыстау облысының әкімдігімен жасалған келісім негізінде облыстың әлеуметтік-экономикалық



дамуына және оның инфрақұрылымына 480 млн теңге аударды.

- Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС 169 млн теңге, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС 46 млн теңге бөлді, бұдан басқа, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС Келісімшартты орындау үшін Маңғыстау облысының әкімдігіне 44 млн теңге аударды.
- «Қашаған Б.В.» компаниясының қаражатына есепті кезеңде 8 млрд теңгеден астам сомаға әлеуметтік жобалар аяқталды – шағын аудандарды абаттандыру, Ақтау қаласында 500 орындық студенттік жатақхана салу, Атырау облысының Құлсары қаласында 3 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй салу. Сондай-ақ 2022 жылы Береке шағын ауданында 50 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулатория салу, облыстық балаларды оңалту орталығына 80 орындық жапсаржай салу, Атырау қаласының Өрлеу тұрғын алабында (Тасқала-2 ауылы) 160 орындық балабақша салу, Қызылқоға ауданының Миялы ауылында 3 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй салу, Махамбет ауданының Махамбет ауылында 3 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй салу, Атырау облысының Аққыстау ауылында 3 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үйлер салу сияқты жобалар басталды, 2021 жылы басталған Ақтау қаласындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған «Оқушылар сарайы» мекемесінің құрылысы жалғасуда.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Компанияның қайырымдылық және демеушілік қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторы болып табылатын «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жүзеге асырылады.

Samruk-Kazyna Trust қайырымдылық қызметі адамдарға, әлеуметтік және медициналық сектордағы қауымдастықтарға көмек көрсетуге, медиа және мәдени қоғамдастықты дамытуға, адами әлеуетті дамытуға, еңбек қатынастарын, ұлтаралық қатынастарды нығайтуға, қоғамның орнықты дамуына инвестициялар салуға, өңірлік бизнес-бастамаларды қолдауға бағытталған.

2022 жылғы бюджетте жобалар портфелі жалпы сомасы 10,4 млрд теңгеге 43 жобаны құрайды, оның ішінде 4 жоба ҚМГ қажеттіліктері ескеріле отырып іске асырылды/іске асырылуда:

1. «Жарылқау» ҚҚ – «Жаңаөзен қаласының жалпы білім беретін мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайту» жобасы, сомасы 168,9 млн теңге;
2. «IQanat білім беру қоры» қоғамдық қоры – 253 млн теңге сомасына «IQanat-Жарқын болашақ» жобасы;
3. «Bilim Foundation» ҚҚ – 292,5 млн теңге сомасына «Жарқын болашақ» жобасы;
4. «Объектілерді салу компаниясы» КҚ – 1,01 млрд теңге сомасына «Жаңаөзен қаласы мен Жетібай кентінде спорт алаңдарын салу жобасы».

2022 жылы Қор Басқармасы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобына кіретін ұйымдардың қайырымдылық көмекті (қайырымдылық жобасын) жоспарлау, қарау және алдын ала мақұлдау қағидаларын бекітті, олардың негізінде ҚМГ және оның еншілес кәсіпорындары үшін қайырымдылыққа белгілі бір лимит беріледі, соған сәйкес ҚМГ 2023 жылы ҚМГ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету туралы қағидаларын әзірлейді.

2022 жылы Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерімен «Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық бағдарламасына мыналардың қаражаты есебінен әлеуметтік жобалар енгізілді:



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ:

- 8 224 545 мың теңге сомасына Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында болжамды сыйымдылығы бір ауысымда 500 орындық Оқушылар сарайын салу, Маңғыстау облысы;
- Жаңаөзен қаласында әмбебап спорт кешендерін салу (қуаты күніне 400 адам), кешендердің құрылысы 2021 жылы басталып, құрылыс жүріп жатыр. Объектілердің құны 1 млрд теңге. 2022 жылға арналған қаражатты игеру 895 млн теңгені құрайды.

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ:

- 591 832 863 теңге сомасына Атырау облысының Жылыой ауданында мүмкіндігі шектеулі 150 балаға арналған түзету кабинетінің ғимаратын салу;
- жалпы құны 706 228 840 теңгеден аспайтын сомада Мақат ауданы Доссор және Мақат, Қызылқоға ауданы Мұқыр, Атырау облысы Исатай ауданы Аққыстау кенттерінде 4 көпфункционалды спорт алаңын салу.

Сондай-ақ ҚМГ еншілес кәсіпорындары: «Ембімұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазгермұнай» ЖШС, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «ПетроКазахстанойл Продактс» ЖШС, «Орал Ойл энд Газ» ЖШС Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда, Түркістан, Павлодар, Батыс Қазақстан облыстары мен Астана қаласы өңірлерінің жергілікті қоғамдастықтарына 2,5 млрд теңгеге жуық сомаға қайырымдылық көмек көрсетті.

МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ЖӘНЕ МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3-3, 202-1, 414-1, 414-2

ҚМГ-да Мердігерлік ұйымдармен олардың қызметкерлерінің еңбек кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін өзара іс-қимыл жөніндегі регламент (бұдан әрі – Регламент) бекітілді.

Мердігерлік ұйымдардың еңбек қатынастары саласындағы міндеттемелерін сақтауы мақсатында ҚМГ ЕТҰ-да шарттық міндеттемелерге Үлгілік регламент талаптарын енгізді.

21 ЕТҰ-дағы мердігерлік ұйымдардың 100% шарт жасасу кезінде әлеуметтік талаптар скринингін өтеді. Шарт бойынша жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) барысында Мердігер Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарын қатаң сақтауға міндеттенеді, соның ішінде: еңбек шарттарын жасасу тәртібі, олардың мазмұны мен нысанына қойылатын талаптар, еңбек шарты жасалғаннан кейін ғана жұмысқа рұқсат беру, жұмыс уақытының ұзақтығы мен режимі, ауысымдық жұмыс және еңбекті ұйымдастырудың вахталық әдісі, түнгі уақыттағы және үстеме жұмыс, қызметкерлердің демалуы, ең төменгі жалақы мөлшері мен еңбекке ақы төлеу саласындағы кепілдіктер, жалақыны төлеу тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ өз қызметкерлеріне тиісті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

ҚМГ ЕТҰ-да тиісті құрылымдық бөлімшелер (Өндірістік қатынастар жөніндегі топтар – ІР қызметтері) құрылды. Осы бөлімшелердің қызметі еңбек заңнамасын сақтау, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз ету саласында мониторинг пен бақылауды жүзеге асыруға бағытталған.

2022 жылы ҚМГ ЕТҰ ІР қызметтері мердігер компаниялардың регламентті сақтауына 179 тексеру жүргізді. Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Маңғыстау, Атырау, Павлодар облыстарында 2022 жылдың басынан бастап ҚМГ ЕТҰ мен олардың мердігерлік ұйымдары арасындағы жалақы мөлшеріндегі алшақтықты қысқарту бойынша

жұмыс жүргізілді. Ол үшін мынадай шаралар қабылданды:

- мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің жалақысы артты;
- мердігерлердің жалақысын тапсырыс берушінің жалақысына ұқсас инфляция деңгейіне жыл сайынғы индекстеу туралы шешім қабылданды;
- мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері үшін кепілдендірілген әлеуметтік топтама енгізілді.

Жүргізіліп жатқан жұмыстар Жаңаөзен қаласының, Атырау және Павлодар облыстарының проблемалық мәселелерін шешу бойынша ведомствоаралық штабпен келісілді.


Маңғыстау облысы ҚМГ ЕТҰ мердігерлік ұйымдармен осы өзгерістерді және тиісінше қызметтерге тарифтерді ұлғайтуды көздейтін 158 қосымша келісім жасалды. Жалақыны арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар 19 мыңнан астам қызметкерді қамтиды. Орташа алғанда, жалақының өсуі шамамен 35-40% құрайды. Ақшалай баламада қол қойылған қосымша келісімдердің сомасы 37,2 млрд теңгені құрайды.

Атырау облысы бойынша (АМӨЗ) 12 қосымша келісімге қол қойылды. Жалақыны арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар 1,3 мыңнан астам қызметкерді қамтиды. Орташа алғанда, жалақы 13-тен 76%-ға дейін өсетін болады. Ақшалай баламада қол қойылған қосымша келісімдердің сомасы 3,5 млрд теңгені құрайды.

Павлодар облысы бойынша (ПМХЗ) 29 қосымша келісімге қол қойылды. Жалақыны арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар 2,4 мыңнан астам қызметкерді қамтиды. Орташа алғанда, жалақы 14-тен 56%-ға дейін өскен. Ақшалай баламада қол қойылған қосымша келісімдердің сомасы 5,9 млрд теңгені құрайды.

ЖАЛПЫ КОРПОРАТИВТІК ІС-ШАРАЛАР

ҚМГ компаниялар тобында жыл сайын ҚМГ тобының еңбек ұжымдарын шоғырландыру үшін корпоративтік іс-шаралар өткізіледі. Салауатты өмір салтын насихаттау және кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында Спартакиада және «Үздік маман» сияқты іс-шаралар өткізіледі.



2022 ЖЫЛЫ АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДА ҚМГ ЕТҰ ҚАТЫСУЫМЕН ҚМГ ЖАЗҒЫ СПАРТАКИАДАСЫ ӨТТІ

Спартакиадаға топтарға бөлінген 33 кәсіпорынның 1 600-ден астам адамы қатысты. Спартакиада екі кезеңде өтті: ЕТҰ орналасуы бойынша бөлінген сегіз топтағы бірінші іріктеу кезеңі ағымдағы жылдың 18 шілдесіне дейін өтті. Финалдық бөлім Атырау қаласында 2022 жылдың 8-12 тамыз аралығында өтті.

Соңғы бөлімге еншілес және тәуелді ұйымдардың 400-ге жуық өкілі қатысты.

Жарыс мынадай спорт түрлері бойынша өткізілді: шағын футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, теннис, шахмат, жүзу, тоғызқұмалақ, арқан тарту, жеңіл атлетика.

«Самұрық-Қазына» АҚ спартакиадасының финалында ҚМГ Спартакиаданың суперкубогын жеңіп алды.





ҮЗДІК МАМАН - 2022

"ҚАЗМҰНАЙГАЗ" ҰК АҚ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ
КОНКУРС ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО МАСТЕРСТВА

«ҮЗДІК МАМАН» КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК КОНКУРСЫ

2022 жылы 3-7 қазан аралығында «Қазгермұнай» БК ЖШС «Ақшабұлақ» және «Нұралы» кен орындарында 13 жұмыс мамандығы бойынша ҚМГ 17 ЕТҰ өкілдерінің қатысуымен конкурс өткізілді: мұнай және газ өндіру, ұңғымаларды зерттеу, қаттық қысымды қолдау, мұнайды, технологиялық қондырғыларды дайындау жөніндегі операторлар, ҰКЖ және ҰЖАЖ бригадалары, слесарьлар, электр газбен дәнекерлеушілер, электромонтерлер, химиялық талдау зертханашылары, компрессорлық қондырғылардың машинистері және токарьлар.

Бірінші жүлделі орынға ие болған ҚМГ еншілес кәсіпорындарының ішкі конкурстарының жеңімпаздары ҚМГ корпоративтік конкурсына қатысты.

Конкурстың теориялық бөлігі онлайн-режимде электрондық тестілеу форматында өткізілді.

Практикалық тапсырмалар үшін регламенттер жасалды, пайдаланылатын жабдықтар, құралдар, жұмыс орындары қаралып, ҚМГ конкурстық комиссиясымен келісілді. Тәжірибені Қазылар алқасының мүшелері бағалады, олар ҚМГ кәсіпорындары қызметкерлерінің өндірістік персоналынан айқындалған.

Жеңімпаздарды салтанатты марапаттау Қызылорда облысының жергілікті музыкалық орындаушыларының өнер көрсетуімен Н. Бекежанов атындағы Драма театрында өткізілді.

Бірінші орын алған байқау жеңімпаздары «Үздік маман» медальдарымен және дипломдармен марапатталды. Бірінші орын жүлдегерлері Қазақстан Республикасы күніне арналған ҚМГ Басқарма төрағасының қатысуымен ҚМГ салтанатты жиналысына шақырылды. Іс-шараға қатысушылардың барлығы 230-дан астам адам, оның ішінде конкурсқа қатысушылардың өздері 120 адам.



«ҮЗДІК МАМАН-2022» КӘСІПТІК КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



ЕҢБЕКТИ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



**Нұрбек Жексенбайұлы
ЖЕКСЕНБАЕВ**

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның үздік электр газбен дәнекерлеуші

«Үздік маман – 2022» кәсіптік конкурс қорытындысы бойынша бірінші орын



- 7-қағидат.** Іскерлік топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс.
- 8-қағидат.** Іскерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.
- 9-қағидат.** Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс.

БІЗДІҢ БАСҚАРУ ТӘСІЛІМІЗ

3-2, 3-3, 306-2, 403-1, 403-7, 11.9.1, 11.9.2

Біз өз қызметіміздің сипаты мен әсер ету ауқымын жақсы түсінеміз, оларды табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың, Компания қызметінің барлық бизнес-бағыттарында жұмыс істейтін персоналдың және өзіміз қатысатын аймақтарда тұратын халықтың денсаулығын қорғаудың, сондай-ақ қолайлы қоршаған ортаны сақтаудың маңыздылығымен байланыстырамыз.

Компания өз қызметінің экологиялық қауіпсіздігін арттыруда айтарлықтай ілгеріледі. Бұл тиімді ішкі стандарттардың, экологиялық мәдениеттің енгізілуіне және менеджмент жүйесінің үнемі жетілдіріліп отырумен байланысты. Компания теріс экологиялық әсерлерді болдырмауға бағытталған «нөлдік нәтиже» мақсатын қояды.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ӨБ, ЕҚОК) мәселелерін басқару жөніндегі мақсаттар ҚМГ компаниялар тобының 2031 жылға дейінгі Даму стратегиясымен (бұдан әрі – Стратегия) тікелей байланысты. Стратегия экологиялық жауапкершілікті арттыру бойынша стратегиялық бастамаларды көздейді. Қоршаған ортаны қорғау бөлігінде ҚМГ компаниялар тобы үшін басым бағыттарға атмосфералық ауаға шығарындыларды басқару, шикі газды алаулатып жағуды қысқарту, су ресурстарын, өндіріс қалдықтарын басқару және топырақ құнарлығын қалпына келтіру, биоәртүрлілікті сақтау жатады.

ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының басшылығы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады. Жаңа Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес, өз қызметінде экологиялық ақпаратты жинауды, жинақтауды, сақтауды, талдауды және таратуды қамтамасыз

ету мақсатында Компания ҚМГ Экологиялық саясатын басшылыққа алады.

Компания сегіз негізгі қағидаттан тұратын Шығарындыларды басқару саясатын бекітті, олардың алтауы климаттың өзгеруіне тікелей қатысты, тұрақты алаулатып жағуды толығымен тоқтатуға бағытталған.

Шикі газды тұрақты жағу көлемін барынша азайту мақсатында Компания 2015 жылы Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын толық кәдеге жарату» бастамасын қолдады. Атмосфералық ауаға шығарындылардың азайту жөніндегі ең маңызды міндеттердің бірі ілеспе мұнай газын тиімді пайдалануды және кәдеге жаратуды арттыру, газды алаулатып жағуды барынша азайту болып табылады. Осы бастама шеңберінде шикі газды жағу көлемі бойынша есептілік жыл сайынғы негізде Дүниежүзілік банктің ҚР-дағы өкілдігіне тапсырылады.

2018 жылы Су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт қабылданды, ол ҚМГ-ның су ресурстарын пайдалану бөлігіндегі басты қағидаттарын – 8 «Су» қағидатын тұжырымдайды және су ресурстарын басқару тәсілін жүйелейді. Біз су ресурстарын пайдаланудың қатаң қағидаттарын ұстанамыз. Қазір біз халықтың пайдасына тұщы су көлемін босату үшін, өндірістік қажеттіліктерге арналған ақаба сулар мен тұзды суларды тазарту бойынша бірнеше ауқымды жобаларды жүзеге асыруға кірістік. 2023 жылы ҚМГ компаниялар тобында Су ресурстарын басқару бағдарламасын әзірлеу жоспарлануда.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ (ДҚ, ӨҚ ЖӘНЕ ҚОҚ) ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

3-3, 403-1, 403-4, 403-7, 11.9.2


Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджмент жүйесі (МЖ) үздік әлемдік тәжірибелер мен тәсілдер, Халықаралық Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) ұсынымдары пайдаланыла отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының, ISO 14001 және ISO 45001 салалық және халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленген және көшбасшылық, мақсатқа жету, тәуекелдерді басқару және ұдайы жетілдіру сияқты іргелі қағидаттарға негізделетін 10 негізгі элементті қамтиды.

2006 жылдан бастап ҚМГ ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 талаптарына сәйкес сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы интеграцияланған басқару жүйесін (ИБЖ) енгізді. Энергияны едәуір деңгейі тұтынатын ЕТҰ ISO 50001 стандартына сәйкес сертификатталған. ИБЖ тиімділігін тәуелсіз аудиторлар үнемі растап отырады. Менеджмент жүйесін жетілдіру мақсатында ҚМГ Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі бойынша ISO 45001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне сертификатталады.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны (ӨҚ, ЕҚОҚ) басқару саласындағы озық және үздік тәжірибелер ескеріле отырып, барлық деңгейдегі басшылар мен қызметкерлерді ӨҚ, ЕҚОҚ басқару процестеріне тарту және бейілділік дәрежесін арттыру үшін Компанияда комитеттердің үш деңгейлі жүйесі енгізіліп, жұмыс істейді:

- бірінші деңгей – Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті (ҚЕҚОҚОДК);
- екінші деңгей – ҚМГ деңгейіндегі ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитет;
- үшінші деңгей – ЕТҰ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитеттері.

2019 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ деңгейінде Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті жұмыс істейді. 2022 жылы ҚМГ осы Комитеттің және Комитет жанындағы Сараптамалық топтың жұмысына белсенді қатысты. Комитет пен Сараптама тобының жұмысы шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары белсенді түрде тәжірибе алмасады, ӨБ, ЕҚОҚ қамтамасыз ету саласында бірыңғай тәсілдер әзірлейді және басқа портфельдік компаниялардың айқас аудиттеріне қатысады. ҚМГ-ның көптеген тәсілдері мен ӨҚ, ЕҚОҚ қамтамасыз ету саласындағы басшылық құжаттарын басқа портфельдік компаниялар үздік тәжірибелер ретінде қабылдады.



ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЖАҚСARTY

- ЕҚОҚ бойынша бағалауды басқару жүйесі
- ЕҚОҚ комитеттерінің жүйесі
- HSE Compliance and RT Audits
- ЕҚОҚ мәдениетін арттыру жөніндегі іс-шаралар кешені

МОНИТОРИНГ

- ЕҚОҚ бойынша есеп беру қағидалары
- ЕҚОҚ бойынша қозғалыс қауіпсіздігін автоматтандыру
- ЕҚОҚ бойынша ҚНҚ жүйесі
- Оқиғаларды тексеру рәсімі
- «Авариялардың себептерін тексеру» автоматтандырылған модулі
- Салыстырмалы талдау

ӨТКІЗУ

- Денсаулық сақтауды басқару жүйесі
- Көлік қауіпсіздігі бағдарламасы
- Дағдарыс жағдайларын басқару стандарты
- Метанның ағып кетуін анықтау бағдарламасы
- Қалдықтарды басқару стандарты
- Сумен қамтамасыз етуді басқару стандарты
- Энергия пайдалану тиімділігінің жол картасы

ӨНДІРІСТІҢ ТҰТАСТЫҒЫ

- Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- LOTO
- Өндірістік процестің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

- Тәуекелдерді басқару жүйесі
- EIA тәуекелдерін бағалау стандарты
- «Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық қадағалау бағдарламасы»

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

- Мердігерлер бойынша стандарт
- Мердігерлердің есептілігі
- Көпшілік тыңдаулар

СТАНДАРТТАР

- Үздік әлемдік практикаларға негізделген ЕҚОҚ стандарттарын әзірлеу және енгізу

КУРС

- ЕҚОҚ саясаты
- Көлік саясаты
- Алкоголь саясаты
- Атмосферадағы шығарындыларды басқару саясаты

СТРАТЕГИЯ

- Жұмыста қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- Экологиялық жауапкершілік

МАҚСАТТАР

Нөл:

- оқыс оқиғалар;
- төгілулер;
- төгінділер;
- күнделікті жағу.

БАСШЫЛЫҚ

- Басшылықтың қызығушылығы: Басшылар форумы, SPE
- ЕҚОҚ бойынша комитеттердің үш деңгейлі жүйесі



Еңбекті қорғау, қауіпсіздік және қоршаған орта мәселелері жөніндегі есептер ай сайын ҚМГ Директорлар кеңесінің отырыстарында, егжей-тегжейлі ақпараттық есептер – ҚМГ Директорлар кеңесінің ҚЕҚҚОҚОДК-да қаралады. 2022 жылы ҚЕҚҚОҚОДК отырыстарында мынадай негізгі тақырыптар егжей-тегжейлі талқыланды:

- ҚМГ компаниялар тобындағы дағдарыстық және төтенше жағдайларды басқару туралы;
- Қалдықтарды басқару, Тарихи қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі меморандумның орындалу мәртебесі;
- Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы автоматтандыру және цифрландыру жөніндегі жобалар туралы;
- ҚМГ компаниялар тобында өртке қарсы қауіпсіздікті арттыру жөніндегі шаралар туралы;
- ҚМГ экологиялық жобалары туралы.

ҚМГ қызметінің үздіксіздігі мен экологиялық тиімділігін қамтамасыз ету саласындағы негізгі міндеттерді орындау үшін Комитет 2022 жылы ЕҚОҚ қамтамасыз етудің мынадай мәселелері бойынша ақпаратты тыңдады:

- Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі есеп (Комитеттің әрбір отырысында);
- ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері үшін «Өмірлік маңызды ережелер» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы корпоративтік стандартын бекіту туралы;

- Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бойынша басқару жүйесі туралы;
- ҚМГ мердігерлік ұйымдарын басқару туралы;
- ҚМГ-дағы COVID-19 бойынша жағдай туралы есеп (Комитеттің әрбір отырысында).

Экологиялық тәуекелдерді, климаттың өзгеруіне және су ресурстарының тапшылығына байланысты тәуекелдерді қоса алғанда, ӨҚ, ЕҚОҚ саласындағы тәуекелдерге тоқсан сайынғы негізде мониторинг жүргізіледі. ҚМГ қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерді үнемі талдайды, мұнай-газ саласының жетекші халықаралық қауымдастықтарының (IOGP, CDP) ұқсас көрсеткіштерімен бенчмаркинг жүргізеді. Компания экологиялық аспектілерге және экологиялық тәуекелдерді бағалауға баса назар аударады.

Жыл сайын ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті ҚМГ компаниялар тобының бас директорларының ӨҚ, ЕҚОҚ саласындағы форумын өткізеді.

ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

2022 жылғы 8 қыркүйекте «Өндірістік қауіпсіздік саласындағы көшбасшылық. Жаңа өр мақсаттар мен тәсілдер» тақырыбында Жетінші жыл сайынғы форум өтті. Форумға «Самұрық-Қазына» ҰАҚ және ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері мен басшылығы, 30-дан астам еншілес және тәуелді ұйымның бас директорлары, мемлекеттік органдардың және ҚМГ-ның бірқатар шетелдік әріптестерінің өкілдері шақырылды.

Форумға қатысушыларды құттықтай отырып, ҚМГ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев «адамдар – компанияның ең жоғары құндылығы, бұл ретте біздің басты мақсатымыз – барлық қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау. ҚМГ-ның барлық қызметкерлері үшін еңбек және өндірістік тәртіп талаптарын дәл ұстану, қауіпсіз өндіріс мәдениетін қамтамасыз ету жоғары басымдыққа айналуға тиіс».

ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы Кристофер Джон Уолтон да өз сөзінде жеке үлгінің және жарақаттану мен өндірістік апаттардың нөлдік деңгейіне қол жеткізу мақсатына басшылықтың көзқарасының аса маңыздылығын атап өтті.

ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Қайрат Сақтағанов жыл қорытындысын шығарды, өз бағыты бойынша табысты және артта қалған кәсіпорындарды атады, сондай-ақ ҚМГ-ның «HSE тиімділік дөңгелегі» корпоративтік моделін көрсетті, онда оқиғалардың нөлдік деңгейіне қол жеткізу үшін ЕТҰ жүйелі түрде жұмыс істеуі тиіс 12 бағыт көзбен шоларлықтай жинақы ұсынылды.



Форумда сондай-ақ пікірталас сессиясы өткізілді, онда бірқатар кәсіпорындардың бірінші басшылары өндірістегі қауіпсіздік мәдениеті саласындағы әзірлемелер мен кейстермен бөлісіп, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы түрлі жобалар туралы айтып берді.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жетістіктері үшін марапаттау рәсмінде форумның барлық қатысушыларын бірыңғай мақсат – жүйелі корпоративтік қауіпсіздік мәдениетін құру біріктіретіні айтылды. Марапатталғандар арасында: «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі корпоративтік бастамаларды тиімді енгізгені үшін), «Ембімұнайгаз» АҚ (көлік қауіпсіздігі саласындағы жобаны сәтті енгізгені үшін), «Қаражанбасмұнай» АҚ (қоршаған ортаны қорғауға қосқан үлесі үшін), «ҚазТрансОйл» АҚ (төтенше және дағдарыстық жағдайларды басқару бойынша озық тәжірибелерді тиімді енгізгені үшін), «Caspi Bitum» БК» ЖШС (өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы көшбасшылығы мен міндеттемесі үшін) және «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС (өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі құралдарды тиімді енгізгені үшін).

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ

3-3, 403-1, 403-2, 403-3, 403-9, 11.9.2, 11.9.9

ҚМГ және оның еншілес ұйымдары қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі өндірістік қызмет нәтижелерінен басым болатын қағидатты ұстанады. Компания жүргізетін еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саясаты осы саладағы жоғары басшылықтың міндеттемелеріне негізделген және әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін құруға тартуға бағытталған. Компания басшылығы жазатайым оқиғаларға, сондай-ақ алкогольді, есірткі мен психотроптық заттарды тұтынуға және жол-көлік оқиғаларына нөлдік төзімділік ұстануға ұмтылады. Компания ұлттық заңнаманы да, халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарын да сақтауға міндеттенеді. ҚМГ әлемдік стандарттар мен озық тәжірибелерге сәйкес өндірістегі қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ерекше назар аударады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардың саны өткен жылмен салыстырғанда 67%-ға төмендеді (2021 жылы 3 жағдай – 2022 жылы 1 жағдай).

Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны өткен жылмен салыстырғанда 12,5%-ға өсті (2021 жылғы 32 жағдайдан 2022 жылы 36 жағдайға дейін) 2022 жылғы жұмыс істеген уақыт 99,97 млн адам-сағатты құрады (2021 жылы – 102,31 млн адам-сағат). Жазатайым оқиғалардың ең көп таралған түрлері: қозғалатын заттардың соғуы, зардап шеккендердің құлауы және жол-көлік оқиғалары болды.

2022 жылы еңбек қызметіне байланысты өліммен аяқталған бір жазатайым оқиға болды, бір қызметкер қайтыс болды (Маңғыстау облысы «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС, «Ақтау – Жетібай» су құбырының жарылуы нәтижесінде).

Жол-көлік оқиғаларының саны 9%-ға өсті (2021 жылы 22 жағдайдан 2022 жылы 24 жағдайға дейін), өрттің саны 83%-ға төмендеді (2021 жылы 6 жағдайдан 2022 жылы 1 жағдайға дейін).

ЕҚ және ӨҚ негізгі көрсеткіштері	Өлш. бірл.	2019	2020	2021	2022	Ауытқу 2022/2021	%
Жазатайым оқиғалар	Жағдай	41	30	28	35	+7	+25
Жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендер	Адам	48	32	32	36	+4	+12,5
Соның ішінде өлім	Адам	2	0	3	1	-2	-67
Жол-көлік оқиғалары	Оқиға	44	15	22	24	+2	+9
Өрт	Оқиға	10	6	6	1	-5	-83

ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМ КОЭФФИЦИЕНТИ

Көрсеткіш	2019	2020	2021	2022	IOGP 1
1 миллион адам-сағатқа жұмыс уақыты жоғалатын жазатайым жағдайлардың коэффициенті (LTIR)	0,31	0,25	0,31	0,36	0,19
100 миллион адам-сағатқа өлім жағдайларының коэффициенті (FAR)	1,28	0,0	2,93	1,00	0,29

Компания ҚМГ тобы ішінде және мердігерлер бойынша есеп жүргізеді, мердігерлер бойынша деректер жазатайым оқиғалар мен өлім-жітім көрсеткіштеріне енгізілмеген.

ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУ

306-3

ҚМГ компаниялар тобында Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандартты енгізу және ҚМГ ЕТҰ-да өндірістік қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру шеңберінде ҚМГ өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне жауапты ЕТҰ басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлері (барлығы 128 қызметкер) үшін КО және ҚМГ ірі ЕТҰ («Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ) базасында семинарлар өткізді.

Осы семинарлар шеңберінде мұнай-газ саласындағы озық халықаралық тәжірибе (ТШО) және мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) ұсынымдары ескеріле отырып, өндірістік процестердің қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету/кедергілерді басқару бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар ҚМГ-ның әрбір бизнес бағыты үшін (олардың қызметінің ерекшелігі ескеріліп) өндірістік қауіпсіздіктің алдын алу кедергілерінің практикалық мысалдары қаралды.

Семинардың қорытынды бөлімінде ҚМГ ЕТҰ-дағы кедергілерді тексеру және бағалау жөніндегі негізгі құралдар (тәсілдер) талқыланды (қолданыстағы әдістерді, бағдарламалар мен тәжірибелерді негізге ала отырып), сондай-ақ ҚМГ және ЕТҰ персоналының өндірістік процестердің/кедергілердің қауіпсіздігін басқарудағы рөлі мен міндеттері айқындалды.

2023 жылы осы бағыттағы жұмысты жалғастырып, ҚМГ ЕТҰ-да IOGP Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының «Өндірістік қауіпсіздік негіздері» (Process Safety Fundamentals) ұсынымдарын енгізуді бастау жоспарлануда.

КӨЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

3-3, 403-1, 403-2, 403-3, 403-9, 11.9.2, 11.9.9

Бүгінгі таңда Компанияда **5000-нан астам** автокөлік пен арнайы техника бар, олар көбінесе ірі қалалар мен елді мекендерде қарқынды қалалық трафик жағдайында пайдаланылады, мұндайда үшінші тараптың кінәсінен болатын ЖКО туындау қаупі жоғары. Мәселен, 2022 жылы болған 24 ЖКО-ның 15-і жол қозғалысының басқа қатысушыларының кінәсінен болған.

Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, автокөлікті пайдалану және қызмет көрсету барысында адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, ЖКО алдын алу, Компания қызметкерлерінің жарақаттануының ықтимал тәуекелдерін азайту шеңберінде көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру бойынша тұрақты негізде жұмыстар жүргізілуде:

- Компания қызметкерлерінің қауіпсіздік белдіктерін пайдалану қажеттілігі туралы хабардарлығын арттыру және ЖКО кезінде жарақаттануды азайту мақсатында автомобильдің фронтальды соқтығысуын имитациялайтын тренажерлер (Конвинсер) сатып алынды. Конвинсердің практикалық демонстрациясы Компания қызметкерлеріне қауіпсіздік белдіктерін пайдалану қажеттілігін түсінуге мүмкіндік береді.

- 2022 жылы Компанияның 1345 қызметкері RoSPA (The Royal Society for the prevention of Accidents – Жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі корольдік қоғам – Британдық коммерциялық емес ұйым, 1916 жылы құрылған, мақсаты – өмірді құтқару және ауыр жарақаттардың алдын алу) халықаралық стандарттары бойынша – «қорғаныш жүргізу» (defensive driving) оқуынан өтті.
- «Сапарларды басқару» жобасы аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-да көлік құралдары мониторингінің автоматтандырылған жүйесі енгізілді. Мониторинг GPS терминалдарынан деректерді жинау мен өңдеу арқылы жүзеге асырылады және геолокацияны бақылау, маршруттан ауытқу, жылдамдық, күрт жеделдету және тежеу, қауіпсіздік белдігін пайдалану, күндізгі жарық шамдарын қосу және басқа көрсеткіштерді қамтиды.
- ЖКО-ға жүргізілген талдау қорытындысы бойынша «Көлік қауіпсіздігінің жай-күйін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары» әзірленді, онда Көлік құралдарын қауіпсіз пайдалануды арттыруға және Компанияда қауіпсіз жүргізу мәдениетін ілгерілетуге бағытталған алдын алу шараларының кешені қамтылған.

- Күзгі-қысқы кезеңге дайындық шеңберінде 2022 жылғы қыркүйекте күзгі-қысқы кезеңдегі қауіпсіз жол қозғалысы жөніндегі іс-шаралар әзірленіп, ЕТҰ-ға орындауға жіберілді.
- Көлік қауіпсіздігі бойынша семинарлар өткізілді, оған Компанияның ЕТҰ-ның басшы құрамы мен жауапты инженерлік-техникалық

қызметкерлері қатысты. Семинарларда Компанияда және мердігерлік ұйымдарда болған жол-көлік оқиғаларының тікелей және жүйелі себептерін талдау, объектілерде көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ішкі және сыртқы бақылау нәтижелері туралы ақпарат ұсынылған.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

3-3, 403-1, 403-2, 403-3, 403-9, 11.9.2, 11.9.10

2022 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша 1 өрт болды, зардап шеккендер жоқ (2021 жылы 6 өрт болды, оның ішінде 2 оқиға адам шығынымен (3 адам қаза тапқан және 1 адам зардап шеккен) және елеулі материалдық залалмен ірі өрт болды). Өрт салдарынан келтірілген залал 195 мың теңгені құрады.

Өрт жағдайлары мен себептерін тергеу нәтижелері бойынша мынадай негізгі жүйелік себептер айқындалды:

- Өрт электр жабдықтарын монтаждау және техникалық пайдалану ережелерін бұзу себебінен орын алды.

ҚМГ компаниялар тобында өрттер мен жанулардың алдын алу және болдырмау үшін өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мынадай алдын алу шаралары қабылданды:

2022 жылы ЕТҰ-да ҚМГ компаниялар тобы бойынша 2022-2024 жылдарға арналған Өрт қауіпсіздігі саласындағы іс-шаралардың кешенді жоспарының қысқа мерзімді және ұйымдық-техникалық іс-шаралары (тұрақты жүргізілетін) орындалды, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі орта мерзімді және ұзақ мерзімді іс-шараларды орындауға қаражат көзделген.

ЕТҰ-ға объектілерді өртке қарсы қорғау деңгейін арттыру үшін әдістемелік ұсынымдар жолданды.

Жыл ішінде барлық ЕТҰ-да төтенше жағдайлар, энергетика министрліктері, «Самұрық-Қазына» АҚ және басқа да мүдделі ұйымдар өкілдерінің қатысуымен өрт-тактикалық оқу-жаттығулар, сабақтар мен жаттығулар өткізілді. Сондай-ақ ҚМГ КО-да оқу-жаттығулар өткізілді.

2022 жылғы мамырда 15 ЕТҰ объектісінің өртке қарсы жай-күйіне тексеру жүргізілді. Нәтижесінде өндірістік объектілердің өрт қауіпсіздігін арттыру бойынша ұсыныстар берілді.

2022 жылғы желтоқсанда ЕТҰ-да өрт қауіпсіздігі бойынша өңірлік семинарлар (Астана қаласы, Жаңаөзен қаласы, Ақтау қаласы, Атырау қаласы) болды, оған 203 қызметкер, оның ішінде басшы құрам мен инженерлік-техникалық персонал қатысты.


МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Компания ҚМГ компаниялар тобының өндірістік объектілерінде мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың жұмыстарды орындауы мен қызметтер көрсетуінің барлық кезеңдерінде тәуекелдерді анықтауға, бағалауға және төмендетуге негізделген ӨБ, ЕҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл процестерін жақсартуға ұмтылады.

2022 жылы ЕТҰ-дағы процестерді жақсарту шеңберінде ӨБ, ЕҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдардың нәтижелілігін бағалау бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілді, бұл әрбір ЕТҰ-ға жағдайды жақсартуға бағытталған мақсаттар қою үшін мердігерлерді басқару жүйелеріндегі ықтимал олқылықтарды айқындауға мүмкіндік берді.

2022 жылы жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша 455 мердігерлік ұйым Компания қызметінің барлық бизнес-бағыттары бойынша ЕТҰ үшін қызметтер көрсетті және жұмыстар жүргізді. Қызметтер мен жұмыстардың жалпы көлеміндегі едәуір үлесті «Көлік және логистика» – 22,02%, «Жабдықтарды өндіру және қызмет көрсету» – 15,73%, «Құрылыс-монтаждау жұмыстары» – 9,89% және «Өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету» – 9,44% құрайды, бұл ретте мұнай сервистік қызметтердің жалпы көлемі 31,71% құрайды.

КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША КӨЛЕМ ҚҰРЫЛЫМЫ




2022 жылы ӨБ, ЕҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдардың нәтижелілігін бағалау өндіріске байланысты оқиғалардың ең көп саны «Ұңғымаларды бұрғылау және қызмет көрсету» – 38,5%, «Ұңғымаларды жөндеу (ҰКЖ, ҰЖАЖ)» – 28,2% және «Тамақтану және тазарту» – 12,8% бағыттарында болғанын көрсетті.

Мердігерлік ұйымдардың, ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің қатысуымен осындай оқиғалардың алдын алу мақсатында 2022 жылғы желтоқсанда ЕТҰ-ның қауіпті өндірістік объектілерінде, оның ішінде мердігерлік ұйымдармен өзара әрекеттестікте

«Chevron New Energies» компаниясы қызметкерлерінің сараптамалық қолдауымен 2022 жылдың қазан айында ҚМГ еншілес компанияларының қызметкерлері үшін «Көміртекті ұстау және сақтау технологиясы» тақырыбы бойынша 3 күндік воркшоп өткізілді.

2022 жылғы қарашада энергия тиімділігін басқару және парниктік газдар шығарындыларын бақылау процестеріне қатысатын еншілес ұйымдар мен корпоративтік орталықтың 45 қызметкері үшін «Кәсіпорындағы энергокөшу және парниктік газдар шығарындыларын басқару» атты 2 күндік семинар ұйымдастырылды.



ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК



**Мұрат Бақытжанұлы
БАҒЛАНОВ**

«Қазгермұнай» БК» ЖШС-нің үздік техникалық қызмет көрсету операторы

«Үздік маман – 2022» кәсіптік конкурсы қорытындысы бойынша бірінші орын



10-қағидат. Искерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.

3-3

Компания орнықты экономикалық қызметті қамтамасыз етуге міндеттенеді. Компанияның қаржылық және операциялық көрсеткіштерге қол жеткізуі, стратегиялық және бизнес-жоспарлауы орнықты даму қағидаттары ескеріле отырып жүргізіледі. ҚМГ жыл сайын елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға және Компания қатысатын өңірлерді дамытуға елеулі үлес қосады.

ҚМГ-ның шоғырландырылған және жекелеген даму жоспары мен бюджетін қалыптастыру және бекіту «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Даму жоспарын қалыптастыру, бекіту, түзету және мониторингілеу қағидаларымен регламенттеледі. Шоғырландырылған Бизнес-жоспар ЕТҰ-ның 5 жылдық кезеңге арналған жоспарларын қамтиды және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ЕТҰ-ның бизнес-жоспарлары мен бюджеттерін әзірлеу, келісу, бекіту және мониторингілеу қағидаларымен регламенттеледі. ҚМГ-ның Даму жоспары мен бюджеті ҚМГ-ның бекітілген Корпоративтік есеп саясатының және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (ҚЕХС) талаптарына сәйкес жоспарлаудың автоматтандырылған жүйесінде қалыптастырылады.

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді талдау үшін ҚМГ ай сайынғы, тоқсандық және жылдық басқару есептері негізінде Бизнес-жоспарлардың орындалуына мониторинг жүргізеді.

ҚМГ бизнестің барлық бағыттары бойынша көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап

тасымалдау мен өңдеуге дейінгі қаржылық және өндірістік көрсеткіштердің оң серпініне қол жеткізді. Есепті кезеңде Компанияның таза пайдасы **1 317 млрд теңгені** құрады.

ҚМГ қатысу өңірлеріндегі ірі салық төлеушілердің бірі бола отырып, ел бюджетіне салықтар және басқа да төлемдер бойынша өз үлесін қосады. 2022 жылы **1 176 млрд теңге сомасында** салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленді.

Компания сонымен қатар тұрақты жалақы ғана емес, сонымен қатар жұмыскерлер мен олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсете отырып, елдегі **44 мыңнан астам адамды** жұмыспен қамтамасыз етеді. Компания қызметкерлерге әлеуметтік аударымдар мен зейнетақы жарналарына жіберген қаражат 2022 жылы **66 млрд теңгені** құрады.

Отандық өндірушілерді қолдау бағдарламаларына қатысу және сатып алуда жергілікті қамтуды арттыру ҚМГ-ның басым міндеті болып табылады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық компаниялардан ҚМГ компаниялар тобы бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі **1 700 млрд теңгені** құрады. Сатып алудағы жергілікті қамту үлесі – **82%**.

Компанияның экономикалық тиімділігінің төмендегі көрсеткіштері ел экономикасына қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді.

ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

2022 жыл Компания үшін маңызды және жағымды оқиғаларға толы болды. Компания өз акцияларын тарихи бастапқы жария орналастырды және бұл KASE және AIX қазақстандық қор биржаларындағы ең ірі IPO болып табылады.



ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

201-1, 201-4, 415-1

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2020	2021 ²²	2022
Бөлінген экономикалық құн				
Жиынтық кірістер	млрд теңге	5 202	7 628	9 821
Бөлінген экономикалық құн				
Жиынтық шығыстар	млрд теңге	5 030	6 341	8 503
Бөлінбеген экономикалық құн				
Пайда	млрд теңге	172	1 287	1 317

Жиынтық кірістер – жиынтық кіріс туралы есептегі кірістер мен басқа да табыстардың жиынтығы.
Жиынтық шығыстар – жиынтық кіріс туралы есептегі шығыстар мен шығындардың жиыны.

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2020	2021	2022
Басқа да салықтар мен төлемдер (КТС-сыз)	млрд теңге	1 068	1 453	1 764
Басқа да салықтар мен төлемдер (КТС-мен)	млрд теңге	1 156	1 565	1 908
Төленген табыс салығы	млрд теңге	88	111	144
Капитал өнім берушілеріне төлемдер	млрд теңге	331	309	701

Деректер 2022 жылғы ҚМГ ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен (тікелей әдіс) алынды.

	Өлш. бірл.	2020	2021	2022
Күрделі салымдар (есептеу әдісі бойынша)	млрд теңге	454	472	535

ҚМГ есепті кезеңде мемлекеттен ақшалай түрде қаржылық көмек алған жоқ және мемлекеттік/саяси қажеттіліктерге қайырмалдықты жүзеге асырмайды.

201-3

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОСПАРЛАРЫ

Ұлттық заңнамаға сәйкес азаматтардың зейнетақы жинақтары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында, сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларында болады. Компания өз тарапынан ұйымдардың ұжымдық шарттарына сәйкес жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау бойынша қосымша міндеттемелерін орындайды, оған сәйкес қызметкерлер зейнеткерлік жасқа толғанына байланысты құрметті демалысқа шыққан кезде, сондай-ақ зейнеткерлікке шыққаннан кейін мерей жасына жетуіне байланысты Қазақстан Республикасының ұлттық

және мемлекеттік мерекелеріне материалдық көмек түрінде, құнын ішінара өтей отырып, санаторий-курорттық емдеуге жолдамалар және т.б. түрінде әлеуметтік қолдау алады. 2022 жылы Компанияның жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне жалпы сомасы **2,7 млрд теңгеден** астам материалдық көмек көрсетілді.

ҚМГ кәсіпорындарында тараптардың келісімі бойынша еңбек қатынастары бұзылған кезде өтемақы төлей отырып, зейнеткерлікке дейінгі жастағы қызметкерлерге ерте зейнетке шығу мүмкіндігін беру, зейнеткерлік жасқа толған қызметкерлермен еңбек қатынастары бұзылған кезде өтемақы төлеу жобасы іске асырылуда.

22 ҚМГ-ның 2021 жылғы қаржылық көрсеткіштері ҚМГ Қашаған Б.В.-дегі үлесінің 100%-ы ескеріле отырып, толық шоғырландыру әдісімен қайта есептелді. 2022 жылғы 15 қыркүйекте Компания ҚМГ Қашаған Б.В.-дегі өз үлесін 50%-дан 100%-ға дейін ұлғайтты.

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2020	2021	2022
Әлеуметтік аударымдар және міндетті зейнетақы жарналары	млрд теңге	53	54	66

ҚМГ САЛЫҚТЫҚ ЕСЕП САЯСАТЫ

207-1, 207-2, 207-4

ҚМГ, ҚМГ тобының компанияларында салықтық есепке алуды жүргізуді стандарттау мақсатында **Корпоративтік салықтық есеп саясаты** (бұдан әрі – Корпоративтік СЕС) әзірленіп енгізілді.

Корпоративтік СЕС Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен (ҚЕХС), «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы №234-III ҚРЗ Заңымен, ҚР өзге де заңнамалық актілерімен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен, сондай-ақ ҚМГ/еншілес ұйымның қызметін реттейтін ішкі құжаттармен өзара байланыста ҚР салық заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленді. Корпоративтік СЕС ережелері ҚМГ компаниялар тобының коммерциялық және салықтық құпиясы болып табылады.

Корпоративтік СЕС ережелері мен ҚР салық заңнамасының нормалары не ҚР ратификациялаған халықаралық шарттар арасында қайшылықтар болған кезде салық заңнамасының не тиісті халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

Корпоративтік СЕС-ті ҚМГ және оның барлық еншілес ұйымдары басшылыққа алады, мынадай еншілес ұйымдарды қоспағанда:

- ерекше тұрақты салық салу режимі көзделген өнімді бөлу туралы келісім шеңберінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар;
- ҚМГ бақылау акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-ынан аз пакетін иеленетін ұйымдар;
- ҚР шегінен тыс тіркелген, сондай-ақ ҚМГ филиалдары мен оның еншілес ұйымдарының ҚР шегінен тыс тіркелген филиалдары.

Корпоративтік СЕС мақсаты ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарының ұйымдық және салалық ерекшеліктерін ескере отырып, есептілікте барынша толық, объективті және шынайы ақпаратты қалыптастыру үшін салықтық есепке алудың біркелкілігіне қол жеткізу болып табылады.

Корпоративтік СЕС міндеті – салық заңнамасында мынадай талаптар болған жағдайларда ҚМГ компаниялар тобының салық есебін жүргізу ерекшелігін көрсету болып табылады:

- ҚР Салық кодексінде көзделген бірнеше нұсқалардан не әдістерден таңдау жасауды талап ететін немесе жасауға мүмкіндік беретін нормалар болса;
- тек жалпы нормаларды белгіленіп, салық есебін жүргізу тәсілдерінде, салық салу объектілерін және салық салуға байланысты объектілерді айқындау тәртібінде айқындылық пен нақтылық болмаса;
- СЕС-те жекелеген шарттар мен ережелерді көрсетуді талап етілсе.

Корпоративтік СЕС ҚР Салық кодексінің мынадай қағидаттарына негізделеді:

- салық салудың міндеттілік қағидаты – ҚМГ және оның еншілес ұйымдары салықтарды Қазақстан Республикасының бюджетіне толық көлемде уақтылы және дұрыс есептеуге, ұстап қалуға және төлеуге міндетті;
- салық салудың әділдік қағидаты – ҚМГ және оның еншілес ұйымдарының операцияларына бір кезеңде бір салық салу объектісі бойынша салықтың және төлемнің бірдей түрімен қосарланған салық салынбайды;
- ҚМГ және оның еншілес ұйымдарының адалдық қағидаты – салық үнемін алу және салық төлемдерін азайту мақсатында өздерінің заңсыз әрекеттерінен пайда алуға жол берілмейді.

Корпоративтік СЕС негізінде ҚМГ, сондай-ақ оның барлық еншілес компанияларында Салықтық есеп саясаты (бұдан әрі – ҚМГ СЕС) әзірленіп енгізілді.

Корпоративтік СЕС және ҚМГ СЕС бекіту, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар ҚМГ Басқармасының құзыретіне жатады.

Корпоративтік СЕС-ке және ҚМГ СЕС-ке өзгерістер мен толықтырулар мынадай жағдайларда енгізіледі:

- корпоративтік СЕС ережелерінде белгіленген салықтық есепке алу тәртібін қозғайтын ҚР Салық кодексінің нормалары өзгерсе;

- «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы №234-III ҚРЗ ҚР Заңының немесе Корпоративтік СЕС ережелерінде белгіленген салықтық есепке алу тәртібін қозғайтын ҚЕХС нормалары өзгерсе;
- ҚМГ/еншілес ұйым қабылдаған шешімдер салық есебін жүргізу тәртібіне, салық салу объектілерін және (немесе) салық салумен байланысты объектілерді айқындауға әсер ететін ҚМГ компаниялар тобының бухгалтерлік есебін жүргізу әдістері мен қағидаттарын өзгертсе;
- ҚМГ/еншілес ұйым қабылдаған шешімдер ҚМГ компаниялар тобының бөлек салық

есебін жүргізу тәртібі мен қағидаттарының және оларға қатысты ҚР Салық кодексінде диспозитивті нормалар болатын өзге де ережелердің өзгеруіне әкеп соғатын болса.

Басқа жағдайларда Корпоративтік СЕС-ке және ҚМГ СЕС-ке өзгерістер, қажеттілігіне қарай, бірақ жылына 2 (екі) реттен жиі емес енгізіледі.

ҚМГ салық салуға өзінің көзқарасында салықтық жоспарлау кезінде ҚМГ-ның коммерциялық қызметінің ерекшеліктерін және ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясына толық сәйкес келетін осындай тәсілдің әлеуметтік әсерін ескереді.



САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ, ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

207-2

Тәуекелдерді, оның ішінде салықтық тәуекелдерді басқару тәсілін Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) белгілейді.

Тәуекелдерді басқару процесі туралы толығырақ «ESG тәуекелдерді басқару» бөлімінде.

Шағым беру механизмі туралы толығырақ ақпарат «Әдепсіз мінез-құлық бойынша кеңес алу механизмдері» бөлімінде.

Салық есептілігі туралы ақпарат мұнда берілген: <https://www.kmg.kz/investors/>.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ЖӘНЕ САЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ МӘСЕЛЕРДІ БАСҚАРУ

207-3

ҚМГ салық заңнамасына сәйкес салық мониторингіне жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген.

ҚМГ-да тұрақты негізде ҚМГ тобының компанияларында туындайтын салық заңнамасын қолданудың проблемалық мәселелерін талдау бойынша жұмыс жүргізіледі, кейіннен заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірленеді, сондай-ақ ҚМГ тобы компанияларының қызметіне салық салуға қолайлы жағдайлар жасау, салық заңнамасын, Кеден одағы мен ҚР кеден заңнамасын, трансферттік баға белгілеу туралы ҚР заңнамасын жүйелі жетілдіру, сондай-ақ операциялық тиімділікті арттыру және тұтастай

алғанда ҚМГ құнын ұлғайту мақсатында ҚР заңнамасына өзгерістер енгізуге бастамашылық жасалады.

Мемлекеттік органдармен қарым-қатынастар мен өзара іс-қимылдар ҚР Салық кодексінің нормалары шеңберінде салық саясатының дұрыстығын айқындау, мемлекеттік органдар, сондай-ақ акционер, салалық қауымдастықтар ұйымдастыратын кездесулерге, талқылауларға қатысу мақсатында іскерлік хат алмасу арқылы құрылады.

Заңнаманы жетілдіру арқылы ҚМГ компаниялар тобының мүдделерін қорғау мыналарды қамтиды:

- салық салу бөлігінде заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар (оның ішінде негіздемелер, презентациялар мен есептеулер) әзірлеу;
- салық заңнамасын және жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы орындау бөлігінде тиісті мемлекеттік органдар әзірлеген нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қорытындыларды қарау және ұсыну;
- ҚМГ компаниялар тобының заңнамалық бастамаларын салалық қауымдастықтар (Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығы (ҚХА), KAZENERGY қауымдастығы, «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы (ҰКП) жанынан жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына тікелей қатысу арқылы, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары мен ҚР Парламентінің қатысуымен жұмыс топтарында сүйемелдеу.

ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған стратегиялық мақсаттары	Салық салу тәсілінің стратегиялық мақсаттармен байланысы
ҚМГ-ның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база	Мемлекеттік органдар тарапынан фискалдық ынталандыру
ҚМГ құн тізбегінің тиімділігін арттыру	Осындай кен орындарында өндіруді ұлғайту мақсатында жетілген кен орындары бойынша салық ауыртпалығын одан әрі оңтайландыру туралы мемлекетпен келіссөздер жүргізу
Бизнесті әртараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту	Салық ортасындағы өзгерістер және салықтық жеңілдіктер мен преференцияларды алу/ұзарту мүмкіндігі
Орнықты даму және өндірістің көміртекті сыйымдылығын үдемелі төмендету	Салық органдарының түсіндірмелерін алу және қажет болған жағдайда салық заңнамасына өзгерістер енгізу арқылы салық салу тәртібін реттеу

Компанияның салықтары туралы толығырақ (207-4) 2022 жылғы Мемлекеттердің пайдасына төлемдер туралы есепте көрсетілген: <https://www.kmg.kz/investors/reporting/>

ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – «МКК») қазіргі уақытта салық төлеушілердің көлденең мониторингін енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыруда. Пилоттық жобаны жүргізудің негізгі артықшылықтары: салықтық бақылау іс-шараларының санын азайту, ҚҚС қайтарудың оңайлатылған тәртібі, ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру, салық төлеушілер мен МКК арасында Бірыңғай IT кеңістігін қалыптастыру және т.б. «Ембімұнайгаз» АҚ мен «ҚазТрансОйл» АҚ пилоттық жобаға қатысатын кәсіпорындар тізбесіне енгізілген. Қазіргі уақытта «Ембімұнайгаз» АҚ мен «ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-процестерді зерделеу, сондай-ақ тарихи деректерді зерделеу үшін МКК-ға өздерінің есепке алу жүйелеріне қолжетімділік берді. МКК-ның барлық іс-шаралары Өзара іс-қимыл туралы келісімге бекітілген Жол карталарына сәйкес жүргізіледі. Әлемнің 25-ке жуық елі сенім, ашықтық және өзара тиімді ынтымақтастық қағидаттарына негізделген көлденең мониторинг тұжырымдамасын табысты қолданады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ

203-1, 203-2, 11.14

Инвестициялық портфель ҚМГ үшін дәстүрлі болып табылатын геологиялық барлау, мұнай тасымалдау және өңдеу бағыттарындағы бірқатар жобалармен ұсынылған. Сондай-ақ Компания баламалы энергетикадағы жаңа жобаларды бағалау және ҚМГ-ның

қолданыстағы операциялық активтеріндегі көміртегі ізін азайту бойынша жұмыс жүргізуде.

2022 жылға арналған инвестициялық портфельдің жалпы құны 51 311,6 млрд теңгені құрайды, оның ішінде ҚМГ үлесі – 18 516,1 млрд теңге²³.

Қызмет бағыты	2022 жылы инвестициялық портфельдің құнын бөлу, млрд теңге	2022 жылы инвестициялық портфельдің құнын ҚМГ үлесіне бөлу, млрд теңге
Мұнай мен газды барлау және өндіру	44 448,2	14 608,6
Инфрақұрылым жобалары	405,1	387
Мұнай тасымалдау	424,2	163,1
Мұнай өңдеу және мұнай өнімдері маркетингі	271	215,7
Мұнай-газ химиясы	5 581	2 959,6
Өзгесі	182,1	182,1
Жиыны	51 311,6	18 516,1

МЕГА ЖОБАЛАР – ТЕҢІЗ, ҚАШАҒАН, ҚАРАШЫҒАНАҚ

ҚМГ стратегиялық инвесторлармен бірлесіп Теңіз (20%), Қашаған (16,87%) және Қарашығанақ (10%) ірі кен орындарындағы жобаларға қатысады.

- Теңіз компаниясында «Сағалық қысымды басқару жобасы/Болашақ кеңейту жобасы» іске асырылады. 2023 жылға негізгі құрылыс жұмыстарын аяқтау және іске қосу-жөндеу жұмыстарын бастау жоспарланған. СҚБЖ объектілерін пайдалануға беру 2023 жылдың желтоқсанына жоспарланған. Жоба мұнай өндіруді жылына 12 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді.
- Қарашығанақ кен орнында өндіру сөресін қолдау жобалары белсенді іске асырылуда. 2021 жылы «Қарашығанақ өңдеу кешеніндегі газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасы (KGDBN)» және «4-ші газды кері айдау компрессорын орнату жобасы (4IC)» сәтті аяқталды. Қазір «5-ші газды кері айдау компрессорын орнату жобасы» белсенді құрылыс сатысында, ол бойынша 2023 жылдың соңына қарай жұмысты 85%-ға ілгерілетуге қол жеткізу жоспарлануда.

- Сондай-ақ 2022 жылы «Газды кері айдаудың 6-шы компрессорын орнату жобасын» іске асыру бойынша инвестициялық шешім (FID) қабылданды.
- Қашаған кен орнында 2022 жылдың қыркүйек айында «Қолданыстағы шикі газ айдау компрессорларын жаңғырту жобасы» пайдалануға берілді. 2041 жылға дейін ШГА компрессорларын жаңғыртудан күтілетін қосымша мұнай өндіру шамамен 8,5 млн тоннаны құрайды.
- Қазіргі уақытта кен орнында өндіру 1-ші игеру кезеңі шеңберінде жүргізіледі. 2-кезең үш бөлек жоба шеңберінде қаралады, олардың ішінде ең көп зерттелгендері келесі 10 жыл ішінде мұнай мен конденсат өндіру деңгейін тәулігіне ~710 мың баррге дейін (тәулігіне~89,5 мың тонна) арттыруға бағытталған 2 «А» кезеңі және 2 «Б» кезеңі болып табылады. Бұл жобаларға инвестиция салудың түпкілікті шешімі 2023-2024 жылдары күтілуде.

МҰНАЙ МЕН ГАЗДЫ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

2022 жылы ҚР-дағы мұнай-газ саласының инвестициялық тартымдылығын жақсарту мақсатында Үкімет шетелдік инвесторлар мен ҚМГ-ның қатысуымен қосымша ынталандыруды

қажет ететін күрделі жобалар (құрлықтағы жаңа күрделі жобалар, теңіз жобалары мен газ жобалары) үшін бірқатар реттеушілік және фискалдык преференциялар беретін Жақсартылған модельдік келісімшарт (бұдан әрі – ЖМК) тетігін әзірледі. 2022 жылғы желтоқсанда Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекске және Салық кодексіне тиісті түзетулер топтамасына ҚР Мемлекет басшысы қол қойды. Бұл түзетулер ҚМГ-ның бірқатар жобаларын қозғайды және Каспий теңізінің қайраңында да, құрлықтағы бірқатар күрделі және газ жобалары бойынша да жұмысты жандандыруға мүмкіндік береді.

2022 жылдың желтоқсан айының басында Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы Жеңіс учаскесінде тереңдігі 3 300 м ұңғыманы жұмылдыру және іздестіру бұрғылау басталды. Іздеу ұңғымасын бұрғылауды 2023 жылы аяқтау жоспарлануда.

2023 жылы Қаламқас теңіз – Хазар учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қол қою жоспарлануда. Осы кен орны бойынша қорлар расталды, келесі қадам «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ стратегиялық серіктесімен бірлесіп жайластыру тұжырымдамасын таңдауға бағытталған.

Сондай-ақ ҚМГ құрлықта барлауды белсенді жүзеге асырады. 2022 жылы «Торғай Палеозой» және «Каратон Тұзасты» учаскелерінде барлау ұңғымаларын бұрғылауға дайындық жұмыстары жүргізілді. 2023 жылы осы учаскелерде тереңдігі 5,5 мың метр ұңғымаларды бұрғылау жоспарланған.

2022 жылғы желтоқсанда Атырау облысындағы Тайсойған-1 және 2 учаскелерінде барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар жасалды. Аталған учаскелер бойынша, бұған дейін 2019 жылы 300 млн тоннадан астам геологиялық ресурстар бөлуге мүмкіндік берген Қазақстан үшін бірегей ауқымды жоғары шешімді 3Д сейсмикалық барлау жүргізілді.

2022 жылы 5 учаске (Мұғалжар, Березовский, Жарқын, Болашақ және Солтүстік өзен) бойынша Жер қойнауын геологиялық зерттеу (ЖГЗ) лицензиялары алынды. Негізгі шөгінді бассейндерді модельдеу бойынша жүргізілген талдамалық жұмыс шеңберінде жете зерттеуді қажет ететін ең перспективалы 5 учаске бөлінді. Осылайша, 2023 жылы жер қойнауын геологиялық зерттеу бағдарламасы шеңберінде «озық» сейсмикалық барлау жүргізілмек.

Құрлықтағы жұмыс істеп тұрған кен орындарын жете барлау есебінен қорларды ұлғайту бойынша жұмыс жалғасуда. Атап айтқанда, 2022 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ «С. Нұржанов», «Уаз Солтүстік»

және «Новобогат Оңтүстік-Шығыс» кен орындары барлауды аяқтағаннан кейін өндіру кезеңіне ауыстырылды. Тағы бір «Қарасор-Батыс» кен орны бойынша жұмыстар жалғасуда және өндіру кезеңіне ауыстыру 2024 жылы күтілуде. «Шығыс Өріктай» және «Рожков кен орнын дамыту» жобалары бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану жұмыстары жалғасуда, 2023-2024 жылдары өндіруді бастау жоспарлануда.

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

2021 жылы мұнайды жылына 6 млн тоннаға дейін реверс режимінде тасымалдау мүмкіндігімен «Кеңкияқ – Атырау мұнай құбыры учаскесінің реверсінің бірінші кезеңі» жобасы аяқталды. 2022 жылы реверс бағытта 4,3 млн тонна мұнай тасымалданды.

КҚК құбырының өткізу қабілетін жылына 80 млн тоннаға дейін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ақтау кентінен Каспий теңізі арқылы өтетін балама бағыт бойынша экспорттық әлеуетті арттыру мәселесі қосымша пысықталуда.

МҰНАЙ ӨНДЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ МАРКЕТИНГІ

Алдағы жылдарға арналған ҚМГ алдындағы басты міндеттердің бірі тұтынудың болжамды өсуі салдарынан Қазақстанның ішкі нарығын отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесін шешу болып табылады.

ҚР солтүстік және шығыс өңірлерінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ПМХЗ-да СКГ тазарту және қысқы дизель отынын өндіру жобалары іске асырылуда. Қондырғыларды іске қосу тиісінше 2024-2025 жылдары жоспарланып отыр.

Сонымен қатар қазіргі уақытта отандық МӨЗ – «ПКОП» ЖШС және «CASPI BITUM» БК» ЖШС құаттарын кеңейту мәселелері зерттелуде. 2023 жылы алдын ала ТЭН нәтижелері алынбақ, оның қорытындысы бойынша одан әрі шешімдер қабылданатын болады.

KMG International N.V. Қазақстан-Румын инвестициялық қоры шеңберінде 2021 жылы Румынияда мұнай өнімдерін сатудың бөлшек сауда желісін кеңейтудің бірінші кезеңін іске асыру аяқталды: 25 ЖҚС салу кезеңі. 2023 жылы 44 жанармай құю станциясын кезең-кезеңімен салу арқылы Румынияда жанармай құю станцияларының бөлшек сауда желісін кеңейтудің келесі кезеңі аясында жанармай құю станцияларын салуды жалғастыру жоспарлануда.

23 2022 жылғы Жылдық есепте ҚМГ инвестициялық портфелі бойынша жедел деректер көрсетілді.

МҰНАЙ-ГАЗ ХИМИЯСЫ

203-1, 203-2, 11.14

«Мұнай-газ химиясы – бұл біздің компаниямыздың жаңа басым бағыты. Біз қосылған құны бар өнімдердің кең ауқымын жасау үшін мұнай мен газ өңдеу саласындағы өндірістерді белсенді дамытуға ниеттіміз».

ҚМГ ҰК АҚ Басқарма төрағасы
Мағзұм Мырзағалиев



ПОЛИПРОПИЛЕН

2022 жылғы 8 қарашада қуаты жылына 500 мың тонна полипропиленге дейін өндіретін [TOO «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.»](#) ЖШС (бұдан әрі – KPI) ауқымды интеграцияланған газ-химия кешені іске қосылды. Кәсіпорын жұмысын Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау облысына сапары кезінде ашты.

Кәсіпорындағы өндіріс барлық экологиялық талаптарға толық сәйкес келеді. Кешен үшін алынатын шикізат – өндірістік тізбек бойынша пропиленге, содан кейін полипропиленге айналатын, зиянды қоспалардан тазартылған пропан. Бұл процесте күкіртсутек, күкірт ангидрид, хош иісті көмірсутектер және т.б. сияқты қауіпті зиянды заттар түзілмейді.

Кешен сыртқы су тұтыну бөлігінде де экологиялық таза болып табылады – технологиялық процестердің қажеттіліктері үшін айналымдағы сумен жабдықтаудың тұйық циклі ақаба суларды жүз пайызға жуық кәдеге

жарату және оларды қайтарылатын су түрінде қайта пайдалану («Karabatan Utility Solutions» ЖШС (бұдан әрі – «KUS») тазарту құрылыстары кешенімен интеграциялау) есебінен су тұтынуды азайту міндетін шешуге мүмкіндік береді. «KUS» ЖШС ақаба суларды тазарту процесі нөлдік сұйық төгінділерді (ZLD) қамтамасыз етуді көздейді. Бұл процесс сұйық қалдықтардың қоршаған ортаға төгілуін болдырмауға мүмкіндік береді.

Өндірісте газдар мен жану өнімдерін жағу нәтижесінде пайда болатын жылуды жою үшін Hamon Deltak кәдеге жарату қазандығы қолданылады. Кәдеге жарату қазандығы аммиак беру арқылы NOx шығарындыларын азайтуға мүмкіндік беретін каталитикалық жүйемен жабдықталған. Жүйе нақты уақыттағы NOx, CO, HC, NH₃ және O₂ шығарындыларының деңгейін өлшейтін түтін газының ағынды анализаторымен басқарылады. Кәдеге жарату қазандығының жұмыс қағидаты экологиялық таза болып



табылады: жағу кезінде атмосферада қауіпті шығарындылар пайда болмайды.

Регенеративті ауа және шикізатты жылыту пештері O₂, CO, HC, NOx, CO₂ құрамын айқындайтын онлайн түтін газының анализаторымен жабдықталған, ол шығарылатын газдардың құрамын бақылауға мүмкіндік береді.

Пропанды сусыздандыру қондырғысы үшін негізгі шикізат «Теңізшевройл» ЖШС мұнай кен орнының ілеспе газынан бөлінетін пропан болып табылады. Пропан жеткізу Теңіз кен орнынан теміржол көлігімен жүзеге асырылады. Әрбір пропан сақтау ыдысы герметикалық бітеу әрі бақылау және құлыптау жүйелерімен жабдықталған.

Бұл жоба қазақстандық компаниялар үшін үлкен мүмкіндік берді: жобаны іске асыруға 43 қазақстандық компания қатысты, құрылыс кезеңінде **4 300-ден астам жұмыс орны ашылды.**

Қазіргі уақытта KPI-де қызметкерлердің штат саны – 628 адам, олар компаниядан әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ қызметкерлерге тұрғын үй беру бағдарламасы іске асырылады. Бағдарлама бойынша 98 қызметкер пәтер алды. Тұрғын үй бағдарламасы өндірістік персонал арасынан перспективалы қызметкерлерді тарту және ынталандыру үшін іске қосылды.

KPI жобасында заманауи технологиялар қолданылды – бұл кәсіпорынның толық цифрлық болуына мүмкіндік береді, мамандандырылған IT-шешімдер мен корпоративтік есепке алу жүйелері операцияларды жоспарлаудан бастап дайын өнімді түпкілікті тұтынушыға сатуға дейінгі барлық деректердің жоғары дәлдіктегі есебін жүргізуге мүмкіндік береді.

KPI елдегі алғашқы толық цифрлық зауыт болмақ. Кәсіпорынды цифрландыру жолындағы маңызды қадам SAP S/4HANA жүйесін кешенді енгізу болып табылады. SAP S/4HANA-ны KPI-ге кешенді енгізу тәжірибесі «ҚазМұнайГаз» тобының басқа компанияларына да тарату үшін қарастырылуы мүмкін.

ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН БОЛАТЫН ӘСЕР:

- Қазақстанның полипропиленге ішкі қажеттілігін (импортты алмастыру) жабу (Қазақстан нарығының сыйымдылығы жылына 50 мың тоннаға жуық).
- Полипропиленнен құрылыс, медицина, автомобиль жасау, тамақ өнеркәсібі, тоқыма өнеркәсібі және т.б. салаларда одан әрі қайта бөлу бұйымдарын өндіруде мүмкіндік.
- өнеркәсіптің аралас салаларында қосымша жұмыс орындарын ашу.
- **Елдің ЖІӨ-ге қосқан үлесі 1%-ға дейін болады.**



ПОЛИЭТИЛЕН

Екінші маңызды жоба қуаты жылына 1,25 млн тонна полиэтилен өндіретін «KMG PetroChem» ЖШС зауытын салу жобасы (бұдан әрі – полиэтилен жобасы) болып табылады, 2023 жылы FEED кезеңі басталады.

Полиэтилен жобасы «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасы шеңберінде іске асырылуда және ҚМГ-ның ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарына жауап береді, олар сонымен қатар қосылған құн тізбегінің тиімділігін арттыруды, бизнесті әртараптандыруды және көмірсутек шикізатынан өндірілетін өнімдер портфелін кеңейтуді қамтиды. Дайын өнімді ішкі нарықта да, экспортқа да сату жоспарлануда. Қазақстандық ішкі нарықтың сыйымдылығы жыл сайын күтілетін өсім орташа есеппен 4%-ға артумен жылына шамамен 180 мың тонна полиэтилен мөлшерінде бағаланады. Нысаналы экспорттық нарықтарға ТМД елдері, Қытай, Түркия және Еуропа елдері кіреді, оларда полиэтиленді тұтыну, оның ішінде импорт есебінен тұтыну өседі деп күтілуде.

ТЕРЕФТАЛ ҚЫШҚЫЛЫ

Сонымен қатар полиэтилентерефталат өндіретін зауыт салу мүмкіндігін зерделеу жөнінде шешім қабылданды.

Жоба жеке инвестициялар есебінен іске асырылатын болады. Кәсіпорынның қуаты жылына 600 мың тонна терефтал қышқылын және жылына 430 мың тонна

Осы саладағы әлемдік көшбасшылар Chevron Phillips Chemical және Univation Technologies компанияларымен MarTECH® ADL және UNIPOL™ PE Process технологияларын пайдалануға лицензиялық келісімдерге қол қойылды. Полиэтилен жобасын іске асыру ел үшін айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық пайда әкеледі.

Тұрақты күйдегі полиэтилен қоршаған ортаға қауіп төндірмейді, өйткені ол қоршаған орта температурасында басқа заттар немесе факторлар болған кезде ауа ортасында және ақаба суларда улы қосылыстар түзе алмайды. Полиэтилен және оған кіретін қоспалар озонды бұзатын заттар емес.

Зауыт өңірдегі әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ететін болады. Атап айтқанда, құрылыс кезеңінде шамамен **8 000 жұмыс орны**, ал пайдалану кезеңінде – **875** тұрақты орын ашылатын болады. Елдің ЖІӨ-ге қосқан үлесі 1,2% деңгейінде бағаланады.

полиэтилентерефталат өндірісін құрайды деп күтілуде. Зауыт құрылысы 2023–2024 жылдары басталмақ. Зауыттың өзі 2026–2027 жылдары жұмыс істей бастайды деп күтілуде.

Пайдалану кезеңінде 812 тұрақты жұмыс орнын, құрылыс кезеңінде – **1 300-ге жуық жұмыс орнын** ашу жоспарлануда.

ҚАТЫСУ ӨҢІРЛЕРІН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАР

Қатысу өңірлерінде сумен қамтамасыз ету мәселелерін шешу: «Астрахань – Маңғышлақ су құбырын қайта жаңарту», «Кендерлиде қуаты тәулігіне 50 000 м³ болатын теңіз суын тұщыландыру зауытын салу».

«Астрахань – Маңғышлақ су құбырын қайта жаңарту» жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды, сондай-ақ ЕДБ-мен жобаны қаржыландыруға шарт жасалды. Жобаны 2023 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

«Кендерлиде қуаты тәулігіне 50 000 м³ болатын теңіз суын тұщыландыру зауытын салу» жобасы бойынша жобаның ТЭН-іне түзету жүргізілді (PMS консультанттың ұсынымдарына сәйкес), қазір EPC-мердігерді таңдау бойынша әлеуетті мердігерлердің тізімі қалыптастырылып, қорытынды шығарылуда. Жобаны 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Газды үздіксіз өңдеуді қамтамасыз ету, оның ішінде өңір халқының газға қажеттілігін жабу

үшін Жаңаөзен қаласында жаңа МӨЗ салу жобасы іске асырылуда.

Жаңаөзен қаласында жаңа МӨЗ салу жобасы бойынша Pre-FEED және ТЭН әзірленді, жобаны қаржыландыруға ЕДБ-мен уағдаластық бар. Қазіргі уақытта объектілердің құрылысына өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеу рәсімі жүргізілуде. Пайдалануға беру 2025 жылы жоспарланып отыр.

Атырау МӨЗ тазарту құрылыстары мен булану өрістерінен Атырау қаласының атмосфералық ауасына әсерін болдырмау арқылы «Tazalyq» қоршаған ортаны жақсарту жобасы іске асырылуда.

2022 жылы механикалық тазарту құрылыстарын (МТҚ) реконструкциялаудың 1-кезеңі аяқталды, 4 булану өрісінен 2 сектор құрғатылды. МТҚ 2-кезеңі бойынша жұмыстарды толық аяқтау және булану өрістерінің құнарлығын қалпына келтіру 2023 жылдың соңына жоспарланған.



САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕСІ

2-6, 3-3, 204-1, 11.14

ҚМГ компаниялар тобының сатып алу қызметінің негізгі қағидаттары сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы әрі тиімді жұмсау; өнім берушілердің коммерциялық құпияға құқықтарын және (немесе) заңды мүдделерін сақтай отырып (тендер қорытындысы шығарылғанға дейін), сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы; әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, сатып алуға қатысушылар арасында сөз байласуға жол бермеу; сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі; сыбайлас жемқорлық белгілеріне жол бермеу; отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар

ТҰРАҚТЫ САТЫП АЛУҒА БЕЙІЛДІЛІК

ҚМГ контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау кезінде орнықты даму қағидаттарын ұстанады, олар заңдылық пен ашықтыққа, шарттық талаптарды сақтауға, сыбайлас жемқорлықты болдырмауға және адал болмаудың кез келген көріністерін қабылдамауға, сондай-ақ контрагентті ең жақсы баға, сапа және шарттар, іскерлік бедел факторларының жиынтығы негізінде іріктеуге негізделген.

Бұл ретте ҚМГ өз кезегінде контрагенттерге қолданылатын заңнама талаптарын сақтау, қызметкерлерге әділ қарау, балалар еңбегін пайдаланбау, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және этикалық мінез-құлықтың өзге де қағидаттарын ұстану бойынша қарсы міндеттемелер ұсынады.

САТЫП АЛУДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ

2022 жылы сатып алудың жалпы көлемі ҚҚС-сыз 1 085 234 млн теңгені құрады.

ҚМГ сатып алу қызметінің маңызды аспектілерінің бірі бір көзден сатып алуды қысқарту және бәсекелестік сатып алу үлесін ұлғайту болып табылады. Бәсекелестік сатып алу ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрау, электронды дүкен және бәсекелестік келіссөздер арқылы жүзеге асырылады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобы бойынша жасалған жылдық сатып алу жоспарының шарттары бойынша бәсекелестік сатып алу сомасы 512 млрд теңгені

мен көрсетілетін қызметтердің отандық өнім берушілеріне Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету; инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу; әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; сатып алынатын тауарлардағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау. Сонымен қатар ҚМГ отандық өндірушілерді қолдау мақсатында сатып алу қызметінде бірқатар бастамалар жүргізуде.

Осы шарттар Қазақстан Республикасының азаматтары үшін еңбек құқықтарын сақтау және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, балалардың құқықтарын қорғау және экологиялық қауіпсіздікті сақтау мақсатында ҚМГ контрагенттермен жасасатын шарттардың талаптарына енгізілген. Компанияның пікірінше, бұл шаралар ҚМГ-мен ынтымақтасатын компаниялардың заңсыз қызметінің санын азайтуға көмектеседі.

Тауарларды сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілерге ҚМГ сапа менеджменті жүйесіне сәйкестік сертификаттарын беру туралы талаптар қояды.

құрады. Сонымен қатар соңғы үш жылда бәсекелестік сатып алулардың үлесі 49% құрады, бұл ҚМГ-ның адал бәсекелестікті және орнықты даму мақсаттарын қамтамасыз етуге ұмтылысын білдіреді.

Бәсекелестік нарықты дамытуға ұмтылысына қарамастан, холдингшілік кооперация шеңберінде және (немесе) бір көз арқылы жүзеге асырылатын бәсекелестік емес сатып алулардың үлесі айтарлықтай басым.

БӘСЕКЕЛЕСТІК САТЫП АЛУЛАР: ҚҚС-СЫЗ МЛРД ТЕҢГЕДЕ²⁴

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер		Жиыны	
	Сомасы	Үлес, %	Сомасы	Үлес, %	Сомасы	Үлес, %
2020	168	15	252	23	420	38
2021	162	15	285	27	447	42
2022	237	23	275	26	512	49

ТАУАРЛАРДЫҢ, ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ²⁵ (МЛРД ТЕҢГЕ)

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер		Жиыны	
	Жалпы сомасы (млрд тг.)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд тг.)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд тг.)	Жергілікті қамту үлесі, %
2020	472	71	1 354	86	1 826	82
2021	273	57	943	85	1 216	78
2022	410	58	1 290	90	1 700	82

ӘЛЕУЕТТІ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРДІ АЛДЫН АЛА БІЛІКТІЛІК ІРІКТЕУ

Қазақстандық және халықаралық практика талаптары мен стандарттарын ескере отырып, сатып алу қызметін жетілдіру ҚМГ үшін басым міндеттердің бірі болып табылады.

Осы міндетті шешудің пәрменді құралдары әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеуді жүргізу тетігін іске асыру болып табылады.

Алдын ала біліктілік іріктеу (бұдан әрі – АБІ) – сауалнама және аудит арқылы жүзеге асырылатын, сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес айқындалған біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан әлеуетті өнім берушілерді бағалау процесі.

АБІ негізгі мақсаттары білікті, тиісті түрде іріктелген өнім берушілерді анықтау, Қордың портфельдік компанияларының қажеттіліктері үшін ТЖҚ сатып алу тиімділігін арттыру болып табылады.

Қордың Алдын ала біліктілік іріктеу мәселелері жөніндегі комиссиясы ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарының сатып алуларын өткізу үшін АБІ рәсімінен өткен әлеуетті өнім берушілер арасында

ашық тендер тәсілімен тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің 24 санатын бекітті.

САНАТТЫҚ САТЫП АЛУ

Сатып алу санаттарын басқару дегеніміз басым санаттарға енгізілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қызметіне және пайдалануға байланысты шығындарды төмендетуге кешенді тәсілді әзірлеу процесі болып табылады.

Санаттау сатып алу нысанасының және (немесе) әлеуетті өнім берушілердің бірыңғай нарығының жалпы белгілері бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу санатына біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Санаттар тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің бір немесе бірнеше атауларын қамтуы мүмкін. Басымдықтар ретінде шығындардың жоғары деңгейі, сыни, үнемдеу әлеуеті және басқарылатын санаттар айқындалады.

Санаттық басқару санаттық сатып алу стратегиясын әзірлеп, бекіту арқылы егжей-тегжейлі талдау есебінен үнемдеу әлеуетін

²⁴ Бәсекелестік сатып алуларға ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрау, электрондық дүкен және бәсекелестік келіссөздер арқылы сатып алу жатады.

²⁵ Жергілікті қамту – жеткізушінің тауарлары, жұмыстары мен қызметтерінің (ТЖҚ) жалпы құнынан жергілікті шығарылған ТЖҚ құнының (қосалқы мердігерлік шарттарын қоса алғанда) пайыздық мөлшері, сондай-ақ жалпы еңбекақы қорынан шартты (жұмыстарды, қызметтерді) орындауға қатыстырылған қазақстандық кадрлардың үлесі.

арттыруға мүмкіндік береді. Бұл стратегия ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді перспективада пайданы барынша арттыруды көздей отырып, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың оңтайлы тәсілін айқындайды. Санаттық сатып алу стратегияларында мақсаттар мен міндеттер, ішкі және сыртқы ортаны талдау, сатып алу санаттарын басқару тәсілдері, өнім берушілерді дамытуға қойылатын талаптар, пайданы есептеу және іске асыру жоспары болуы тиіс.

Санаттық басқару стратегиялық жоспарлауды қолдану, сатып алынатын тауарлар мен қызметтерді егжей-тегжейлі талдау және иеленудің жиынтық құнын есептеу, сондай-ақ бизнестің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерімен айқас-функционалдық өзара әрекеттесу арқылы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу мен пайдалану шығындарын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл жабдықтау әдісі сенімді өндірушілермен және өнім берушілермен жұмыс жасай отырып, сапаны да, ашық бағаны да қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сатып алу санаттарын басқару мыналарды қамтиды:

- сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді санаттау және сатып алудың басым санаттарын айқындау;
- басым санаттар бойынша санаттық сатып алу стратегияларын әзірлеу (өзектендіру) және бекіту;
- санаттық сатып алу стратегияларын іске асыру;
- санаттық сатып алу стратегияларын іске асыру мониторингі;
- өнім берушілерді дамыту.

2022 жылы Қордың құзыреті орталығы атынан «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС тапсырмасы негізінде Қордың және Портфельдік компаниялардың санаттық сатып алу стратегияларын оңтайландыру бойынша өткізілетін іс-шараларға байланысты нысаналы көрсеткіштер белгіленбеді, бірақ «Самұрық-Қазына Келісімшарт» АҚ Құзыреттер орталығы мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі ұйымдар арасындағы Сатып алу санаттарын басқару жөніндегі өзара іс-қимыл регламентінің 7-бөлімінің 65 және 66-тармақтарына сәйкес Қордың Құзыреттер орталығының атына ҚМГ 2022 жылы арналған жылдық есебін 2023 жылғы 15 ақпаннан кешіктірмей жолдау жоспарлануда.

2020-2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ САНАТТЫҚ САТЫП АЛУДЫҢ КӨЛЕМІ МЕН ПАЙДАСЫ

Көрсеткіш	2020	2021 ²⁶	2022
Санаттық сатып алу көлемі, млн теңге	49 716,04	109 447,54	93 618,92
Санаттық сатып алуды басқарудың пайдасы, млн теңге	7 011,23	13 109,53	8 435,32

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІК

2-27, 206-1

БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ҚАРСЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

Есепті кезеңде ҚМГ компаниялар тобындағы ұйымдарға қатысты монополияға қарсы заңнаманы бұзумен байланысты 34 әкімшілік іс қозғалды (барлығы ЕТҰ-ға қатысты).

Оның ішінде: 2 әкімшілік іс ЕТҰ пайдасына қаралды, 1 әкімшілік іс ішінара ЕТҰ пайдасына

қаралды, 31 әкімшілік іс ЕТҰ пайдасына қаралмады.

Сондай-ақ соттар монополияға қарсы заңнамамен байланысты 2 азаматтық істі қарады (соттардың ЕТҰ пайдасына шешімдері).

26 2021 жылғы деректер 2021 жылға арналған Есепте ұсынылған деректерден өзгеше, себебі санатты сатып алудың көлемі мен пайдасы Есептің Директорлар кеңесінде бекітілгенінен кейін бекітілді.

Бәсекелестікке қарсы мінез-құлыққа, трастылыққа қарсы заңнаманы бұзуға байланысты азаматтық істер жоқ.


ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІК

Әлеуметтік және экономикалық реттеу саласындағы заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкессіздік, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтармен даулар нысана болған азаматтық және әкімшілік істер жоқ.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР МЕН ШЫҒЫНДАР

Экологиялық шығындарға нормативтік эмиссиялар үшін салық төлеу, табиғатты қорғау іс-шараларына арналған шығындар, сақтандыру, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өтемақы шаралары, қоршаған ортаға әсерді болдырмауға арналған инвестициялар және т.б. кіреді. 2015 жылдан бастап мұнай қалдықтарын өңдеуге салынған инвестициялар 3 есе өсті және қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған барлық шығындардың үштен бірінен астамын құрайды. 2022 жылы қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар 32,4 млрд теңгені құрады. Шығындардың негізгі бөлігі мұнай қалдықтарын өңдеуге, таза технологияларды енгізуге және тазарту қондырғыларын жаңартуға жұмсалды.

ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР МЕН ШЫҒЫНДАРДЫҢ ДИНАМИКАСЫ, МЛРД ТЕҢГЕ



- Қалдықтарды қайта өңдеу
- Басқа экологиялық шығындар
- Эмиссиялар үшін нормативтік төлемдер

Ескертпе: 2020 жылғы деректер «ҚазақГаз» АҚ ескеріле отырып салынды.


ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІК

3-3, 307-1

Компания өндірістік объектілерде Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасына сәйкессіздіктерді айқындау бойынша, заңнама талаптарына қандай да бір сәйкессіздікті болдырмау бойынша іс-шараларды жүргізу үшін проблемалық мәселелерді айқындау және тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс жүргізеді.

Бұл кестеде айыппұл санкцияларының сомалары көрсетілген.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙЫППҰЛДАР, МЛН ТЕҢГЕ



2021 жылдың желтоқсан айында «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-ға 5,9 млрд теңге залал үшін айыппұл талабы қойылды, шағымдану жұмыстары жүріп жатыр.



**Назар Жаумитбайұлы
БАЛҒАБАЕВ**

«Қаражанбасмұнай» АҚ-ның
үздік токарі

«Үздік маман – 2022» кәсіптік конкурс
қорытындысы бойынша бірінші орын

ҚОСЫМШАЛАР

Тәуелсіз тексеру туралы есеп.....	168
1-қосымша. Есептілік шекаралары, өзгерістер, ескертпелер	170
2-қосымша. Экологиялық индикаторлар.....	173
3-қосымша. Әлеуметтік индикаторлар	176
4-қосымша. GRI Content Index мазмұнының көрсеткіші	177
5-қосымша. Терминдер мен анықтамалар	190
Байланыс ақпараты.....	195

ТӘУЕЛСІЗ ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП



«Эрнст энд Янг – кеңестемелік қызметтер» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг – консультационные услуги»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Ernst & Young Advisory LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Тәуелсіз жұмыс істеп жүрген маманның сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмасы туралы қорытындысы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның акционерлеріне, Басшылығына және мүдделі тараптарына

Тапсырма мәні

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі «Компания») тапсырмасымен біз Компанияның қоса беріліп отырған 2022 жылғы (бұдан әрі – «есепті кезең») орнықты даму саласындағы есебіне (бұдан әрі – «Есеп») қатысты сенімділікті қамтамасыз ететін Халықаралық тапсырмалар стандарттарында айқындалғандай шектелген сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы (бұдан әрі – «Тапсырма») орындадық. Осы тапсырманың шеңберінде біз келесі аспектілерге:

- ▶ Компания қызметінің болашақ оқиғалары мен нәтижелеріне қатысты мәлімдемелер;
- ▶ мердігерлік ұйымдардағы жұмыс уақытын жоғалтумен жазатайым оқиғалардың коэффициенті (LTIR) мен өлім оқиғаларының коэффициенттеріне (FAR), сондай-ақ 1 млн жүріп өткен километрге жол-көлік оқиғаларының коэффициентіне (MVCR) қатысты сандық және сапалық ақпарат; және
- ▶ Есептің Орнықты Даму Мақсаттары мен БҰҰ-ның Жаһандық шарт қағидаттарына сәйкестігі туралы ақпаратқа қатысты сенімділікті қамтамасыз ететін рәсімдерін жасамадық.

Қолданылатын критерийлер

Есепті дайындау кезінде Компания есептілік бойынша 2021 жылғы Жаһандық бастаманың орнықты даму саласындағы есептілік стандарттарын (бұдан әрі – «GRI стандарттары»), мұнай-газ компаниялары үшін GRI 11: Oil and Gas Sector 2021 салалық стандартты және «Есеп туралы» бөлімде, Есептің «1-қосымшасында», сондай-ақ Есеп мәтініндегі көрсеткіштердің ескертпелерінде (бұдан әрі – «Критерийлер») баяндалған орнықты даму саласындағы есептілік бойынша Компанияның қағидаттарын қолданды.

Компанияның жауапкершілігі

Компания басшылығы Критерийлердің таңдалуы және Есептің осы Критерийлерге сәйкес барлық елеулі қатынастарда шынайы түрде ұсынылуы үшін жауапкершілік көтереді. Мұндай жауапкершілікке ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, ендіру және қолдау, тиісті құжаттаманы жүргізу және Есеп теріс пиғылды әрекеттерден немесе қатеден туындаған елеулі бұрмалануларды қамтымайтындай етіп, оның дайындалуына қатысы бар бағалау мәндерінің есебі жатады.

Жұмыс істеп жүрген маманның жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз Есептің біз алған дәлелдердің негізінде ұсынылуы туралы тұжырымның жасалатындығында.

Біз бұл сенімділікті қамтамасыз ету тапсырмасын «Өткен кезеңдердің қаржы ақпаратының аудитінен және шолып тексеруден өзгеше болатын сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар» 3000 (қайта қаралған) сенімділікті қамтамасыз ететін Халықаралық тапсырмалар стандартына (бұдан әрі – «СҚХТС 3000») сәйкес орындадық. СҚХТС 3000 біз Критерийлерге сәйкес Есептің барлық маңызды қатынастарда ұсынылғанына шектеулі сенімділік алу және қорытындыны шығару үшін Тапсырманы жоспарлауымызды және орындауымызды талап етеді. Таңдап алынған рәсімдердің сипаты, мерзімі мен көлемі теріс пиғылды әрекеттердің немесе қатенің салдарынан ақпараттың елеулі бұрмалану қаупін бағалауды қоса алғанда, біздің кәсіби лайымдауымызға байланысты болады.

Алынған дәлелдер сенімділікті қамтамасыз ететін қорытындымызға негіз болу үшін жеткілікті және орынды деп есептейміз.

Біздің тәуелсіздігіміз және сапаны бақылау

Біздің ұйым сапаны басқарудың 1-халықаралық стандартын қолданады, ол ұйымнан этикалық талаптарды, кәсіби стандарттарды және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау ережелерін немесе рәсімдерін қамтитын сапаны басқару жүйесін әзірлеуді, енгізуді және қызмет етуін қамтамасыз етуді талап етеді.

Біз тәуелсіздік талабын және бухгалтерлер үшін Халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес шығарған Кәсіптік бухгалтерлердің халықаралық этика кодексінің басқа да этикалық талаптарын сақтаймыз, әрі ол адалдықтың, объективтіліктің, кәсіптік құзырлықтың және лайықты мұқияттылықтың, құпиялылық пен кәсіптік мінез-құлықтың фундаменталды қағидаттарын белгілейді.

Орындалатын рәсімдердің сипаттамасы

Сенімділікті қамтамасыз ететін орындалған тапсырма шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы білдіреді. Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаты, мерзімдері мен



Building a better working world

көлемі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмаға қарағанда аз. Демек, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау арқылы алынған сенімділік деңгейі төмен.

Біздің рәсімдеріміздің сипаты мен көлемін анықтау кезінде басшылықтың ішкі бақылау құралдарының тиімділігін ескерсек, біздің сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмамыз ішкі бақылау құралдарына қатысты сенімділікті қамтамасыз етуге арналмаған. Біздің рәсімдерімізге бақылау құралдарын тестілеу немесе ақпараттық жүйелердегі деректерді шоғырландыруды немесе есептеуді тексеруге байланысты рәсімдерді орындау кірмеді.

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмаға, ең алдымен, Есепті және тиісті ақпаратты дайындауға жауапты адамдармен әңгімелесу, сондай-ақ талдамалық және басқа да қажетті рәсімдер кіреді.

Біздің рәсімдеріміз мыналарды қамтыды:

- ▶ орнықты даму саласындағы саясатқа, қызметке және нәтижелерге, сондай-ақ тиісті есептілікті дайындауға жауап беретін Компанияның басшылары мен мамандары арасында сауалнама жүргізу;
- ▶ Компанияның орнықты даму саласындағы саясатына, қызмет нәтижелеріне және есептілігіне қатысы бар негізгі құжаттарды талдау;
- ▶ орнықты даму саласындағы Компания қызметінің көрсеткіштері бойынша есептілікті дайындау үшін пайдаланылатын процестер туралы түсінік алу;
- ▶ Есепті бірқатар халықаралық және қазақстандық мұнай-газ компаниялары дайындаған орнықты даму саласындағы есептермен және мүдделі тараптар көтерген орнықты даму саласындағы салаға тән болатын тақырыптар тізбесімен салыстыру;
- ▶ Компанияның есепті кезеңдегі орнықты даму саласындағы саясатын, қызметін, оқиғалары мен нәтижелерін қозғайтын корпоративтік және сыртқы бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдардың тізімін зерттеу;
- ▶ Компания анықтаған орнықты даму саласындағы маңызды мәселелерді талдау;
- ▶ жоғарыда көрсетілген рәсімдер негізінде орнықты даму саласындағы маңызды тақырыптарды анықтау және осы мәселелерді Есепте көрсетуді талдау;
- ▶ Компания деңгейінде осы деректердің жиналуын, дайындалуын, біріктіріліп, Есепке тиісті түрде енгізілуін қамтамасыз ету мақсатында есепті кезеңдегі мұнай мен газды өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу, экономика және қаржы, персоналды басқару, энергия ресурстарын пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және әлеуметтік-қайырымдылық қызмет саласындағы негізгі көрсеткіштер бойынша деректер үлгісін талдау;
- ▶ Компанияның корпоративтік орталығы деңгейінде Есепте қамтылған сапалық және сандық ақпаратты растау мақсатында үлгі негізінде дәлелдер жинау;
- ▶ «Ембұнайгаз» АҚ және «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС өндірістік объектілеріне барып, өндірістік және қаржылық аспектілерге, персоналды басқаруға, қоршаған ортаны қорғауға, еңбекті қорғауға және өнеркәсіптік қауіпсіздікке, қайырымдылық және қоғамдық іс-шараларға жауапты менеджерлермен әңгімелесу, сондай-ақ Есепте қамтылған есепті кезеңдегі саясатқа, қызметке және оқиғаларға қатысты орнықты даму саласындағы ақпаратты растайтын дәлелдер жинау;
- ▶ Есепті және оны дайындау процесінің Компанияның орнықты даму саласындағы есептілік қағидаттарына сәйкестігін бағалау;
